Бұл зерттеу жұмыстары техногенді шикізатты қолдану яғни өндірісте гипсті және гипстицементті-пуццоландық байланыстырғыш заттарды өндіру үшін жүргізілді. Техногенді шикізат өнеркәсіптен пайда болатын өнімдер - витаминді гипс цитрогипс,

керамзит тозаң және ТЭС күлі қолданылады. Мұнда өндірістік-технологиялық көзқарастың, және экологиялық жағы қарастырылады.

Соңғы өткен жүз жылда табиғи жер қойнауының байлығы мен энергия көздерін дүниежүзі пайдаланып отыр. Жыл сайын түрлі жер асты пайдалы қазбаларының 4,5 миллиард тоннасы өңделеді. Түрлі сапалы техногенді өнімдердің қалдықтарының мол қоры халық шаруашылығында кеңінен қолданылмай келеді. Сол себепті қазіргі таңда техногенді табиғи минералды-шикізат қорларын кешенді игеру өзекті мәселе болып отыр.

Кілт сөздер: гипсті шикізат, цитрогипс, гипсті байланыстырғыш, портландцемент, күл, керамзит шағыл тас

Аннотация

В настоящее время на территории Казахстана накоплено более 20 млрд тонн отходов, в том числе 6,7 млрд тонн токсичных, при этом наблюдается тенденция их увеличения.

Практически во всех регионах Казахстана сосредоточены различные виды твердых промышленных отходов. В центральных, северных, восточных и западных областях республики в отвалах различных предприятий содержатся шлаки черной и цветной металлургии, золы и шлаки ГРЭС и ТЭС.

Приводится пример использования техногенного сырья для производства гипсовых и гипсоцементно-пуццолановых вяжущих веществ. Техногенным сырьем служат попутные продукты промышленности – витаминный гипс, цитрогипс, керамзитовая пыль и зола ТЭС. Вопрос рассматривается как с производственно-технологической точки зрения, так и с экологической.

Последние годы уходящего столетия явились периодом интенсивного мирового потребления природных недр и энергии. Ежегодно перерабатывается около 4, 5 млрд т различных полезных ископаемых. В качестве отходов при этом образуется огромное количество различных техногенных продуктов, которые пока мало применяются в народном хозяйстве. И поэтому в настоящее время крайне актуальна проблема комплексного использования как природных, так и техногенных минерально-сырьевых ресурсов.

Ключевые слова: гипсовое сырье, цитрогипс, гипсового вяжущего, портландцемент, золы, керамзитового гравия.

Annotation

Presently on territory of Kazakhstan it is accumulated more 20 млрд. tons of wastes, including 6,7 milliards of tons toxic ones, here is a tendency of their increase.

Practically the different types of hard industrial wastes are concentrated in all regions of Kazakhstan. In the central, north, east and western areas of republic there are slags of ferrous and coloured metallurgy in the dumps of different enterprises, ash and slags of GRES and TES.

An example of the use of technogenic raw material is made for the production of gypseous and gypsym cement- puttsolane astringent substances. Technogenic raw material are the passing products of industry serve as is a vitamin gypsum, cypro gypsym, ceramsite dust and ash of ТЭС. A question is examined both from the productively-technological point of view and from ecological. The last years of leaving century were the period of intensive world consumption of natural bowels of the earth and energy.

Annually about 4, 5 milliards of ton of different minerals is processed. As wastes the enormous amount of different technogenic products that while are small used in a national economy appears here are formed. And the problem of the complex use of both natural and technogenic raw mineral-material resources is extremely actual presently.

Key words: Gypseous raw material, gypseous astringent, portlandcement, ash, ceramsite hoggin, citrogypsum

Техногенді шикізат табиғи, дәстүрлі шикізатпен салыстырғанда – энергия жағынан бай болып келеді, себебі басты өнімді алуда энергия тасушының бір бөлігі алынады. Мұндай шикізаттарды пайдалану құрылыс материалдарын өндіруде энергияны үнемдеуге ықпал етеді. Дегенмен, кейбір салада техногенді өнімді пайдалануда қиындықтар туындайды, жекелеп айтсақ құрылыс материалдар өндірісінде, яғни шикізат материалдарына қойылатын талаптарға сай мұндай өнімдерді қосымша өңдеуден өткізу қажеттігі туындайды. Бұл жағдайлар өндірісте өнім шығаруда технологиялық регламенттің дұрыс сақталмау салдарынан болатыны, соңында алынатын техногенді шикізаттың құрамы, қасиеті жағынан айтарлықтай өзгешеліктер болады. Технологиялық регламентте талаптарға сай техногенді шикізат алу қарастырылған болса, онда өндірістегі технологиялық процесс мақсатты түрде өзгереді. Шикізат алудың белгілі бір кезеңінде шикізат алу мақсатындағы пайдалы құрылыс материалдарын шығару үшін тиісті қасиетін сақтап қалу керек. Сонымен техногенді қалдықтар көп шығатын химиялық, металлургиялық, тау-кен және басқа да халық шаруашылығы салаларында басты өндірістің технологиялық процесі қажеттілігіне қарай өзгеріске ұшырайды және қалдықтар алынады да өндірістің басқа саласы үшін құрылыс материалдарын шығаруға шикізат немесе жартылай дайын өнім алынады. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Құрылыс өнімдерінің архитектурасы кафедрасында техногенді шикізатты тиімді қолданудың мысалы ретінде орындалып отырған жұмыстарды айтуға болады.

Гипсті байланыстырғыш заттар мен соның негізіндегі өнімдер тиімді құрылыс материалдарына және өзінің техникалық экономикалық өнім көрсеткішіне қарай және оларды құрылыста қолдану тиімді екені, сонымен қатар гипсті өнімдерді жасауда тез қатуды талап етпейтіні анық.

Бірақ Қызылорда облысында мұндай байланыстырғыш заттарды өндіруде шикізат жоқтың қасы. Оған қарамастан өңірде техногенді гипсті шикізат – дәруменді гипс пен цитрогипс шығаратын өндіріс орны жұмыс жасауда. Дәруменді гипсті жасау шығарылатын қалдықтың екі түріне негізделеді. Жұпар иісті көмірсутек шығаруда, концентрацияланған күкірт қышқылы қолданылады, қолданылғаннан кейін алқапқа табиғи сүзгі ретінде 16-20% құрамды күкірт қышқылы ағымы жіберіледі. Осы өндіріс орнында карбид кальциден алынатын ацетилен алу, карбидті ил деп аталатын құрамы 60-65% болатын гидроксид кальций алынады. Карбидті ил күкірт қышқылы ағынымен қатар қалдық ретінде алқапқа табиғи сүзгі бойынша жіберіледі.

Күкірт қышқылы және карбидті ил ағыстарын бейтараптандыру үшін арнайы қондырғы – бейтараптандыру бекеті салынған.

Нәтижесінде гипсқұрамды қалдықтар (техногенді дәруменді гипс) құрамы 95...98% болатындай шылам түріндегі екісулы сульфат кальций – гипс алынады.

Петрографиялық зерттеулер мен РЭМ қолдануы көрсеткендей дәруменді гипс ұнтағы ұсақ, жіңішке пластикалық екігидратты сульфат кальцийден, көлемі 5-15 мм және агрегат көлемі 50-120 мкм тұрады. Жекелеген кестелі кристаллдар тұрғысында олардың агрегаттары анық байқалады.

Алынған өнім оны пайдалануға шектеу келтіретін қосымшалардан құралады. Сапалы шикізат алу мақсатында дәруменді гипске органикалық қоспалардан тазарту зерттеуі жасалды. Цитрогипс лимон қышқылын шығару өндірісі бойынша қосалқы өнім ретінде қолданылады. Сонымен қала сыртына шлам ретінде табиғи жолмен алқаптарға шағарылады. Шығарылған техногенді гипстің жалпы көлемі, оны байланыстырғыш зат ретінде өңдеуде аумақты қанағаттандыру үшін және Қазақстанның басқа облыстарынан тасымалдауға тыйым салуға болады.

Біз технологиялық гипстен байланыстырғыш гипсты заттарды алу бойынша зерттеулер жасадық. Сутексіздендіру «құрғақ» тәсілмен – күйдіру және «ылғалды» - автоклавирлеу арқылы жасалды. Техногенді гипстен алынған гипсті байланыстырғыш заттардың сипаттамасы кестеде көрсетілген.

Гипс өнімдерінің кемшіліктерінің бірі суға төзімділігі төменгі деңгейлігінде екені анық. Сондықтан бұл өнімдердің жұмсақтық коэффициентін арттыру үшін байланыстырғыш гипсті портландцементпен және белсенді минералды қоспалармен араластыру тиімді тәсіл болып табылады. Мұндай қоспалар ретінде өндірістік өнімдер қалдықтары алынады. Біз жасаған зерттеуде белсенді минералды қоспалар ретінде ТЭС күлі мен керамзитті тозаңдар қолданылды. Керамзитті тозаң керамзитті майда тастарды шығарудан қалған қалдықтардан еленген өнім. Күл жылу электростанцияларындағы от жағудан қалған өнім. Зерттеу нәтижесі бойынша керамзитті тозаң мен күлді белсенді минералды қоспалармен араластыру барысында байланыстырғышы мен суға төзімділігі жоғарғы деңгейдегі заттар алынды. Сонымен қатар технологиялық сияқты экологиялық мәселелерде шешімін тапты. Керамзитті шаң мен ТЭС тозаңы гипстіцементті-пуццоландық байланыстырғыш (КЦПВ) заттардың құрамында қолдану соның негізінде өнімдердің 0,35-0,38-ден 0,46-0,51-ге дейін суға төзімділігі арттырылып, бұл қалдықтар техногенді шикізат ретінде ұсынылды.

Литература:

1.Боженков П.И. Комплексное использование минерального сырья и экология: Учеб. пособие. – М.: Изд-во АСВ, 1994. -264 с.; 25 см. -Библиогр.: с. 262-263. – Предм. указ.: с. 261. – 2000 экз. – ISBN 4-36842-681-2 (в пер.).

2.БрюкнерХ.,Г.Гипс. Изготовление и применение гипсовых строительных материалов/ Е.Дейпер, Г.Фитч - М.: Стройиздат, 1981. -223 с.; 25 см. -Библиогр.: с. 221-222. – Предм. указ.: с. 220. – 3000 экз. – ISBN 2-82643-532-6 (в пер.).

3.Лесовик В.С. Гипсовые вяжущие материалы и изделия. Учебное пособие. – Белгород: Изд-во БелГТАСМ, 2000. -224 с.; 22 см. -Библиогр.: с. 222-223 – Предм. указ.: с. 220. – 3000 экз. – ISBN 2-83427-832-2

4.Погорелов С.А. К вопросу использования техногенного гипсового сырья. // Проблемы выживания и экологические механизмы хозяйствования в регионе Прикамья: Материалы симпозиума. – Набережные Челны: Изд-во КамПИ, 2002. -С. 15–17.

5.Сычева Л.И., Ануфриев М.В. Выпуск ангидритового вяжущего из фосфогипса.// Цемент. – 1996. - №5-6. - С.60-62.

6.Ферронская А.В., Баженов Ю.М., Коровяков В.Ф., Чумаков Л.Д. Гипсовые вяжущие повышенной водостойкости.// Экологическое строительство и образование. - М.: МГСУ, 1994. - С. 79-80.

БЕТОННЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ҚҰРЫЛУЫНА ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ ЖӘНЕ ЫЛҒАЛДЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Н.А.МАШКИН, техника ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік сәулет және құрылыс университеті, Ресей Федерациясы,
А.О.УТКЕЛБАЕВА, техника ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Бетонды термоөңдеу үшін күн энергиясын пайдалануға негізделген гелиотехнология Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде әзірленді және күн қуатын пайдаланудың шетелдегі қолданылатын әдістерінен тиімді ерекшелігі бар. Гелиотехнология қолданылатын барлық елдерде ол екісатылы негізде құрылады; алдымен күн энергиясымен су немесе май қыздырылады, содан соң қыздырылғын сұйықтықтар құбыржелі арқылы бетонды қыздыруға немесе қандай да бір басқа мақсаттарға беріледі. Энергетикалық тізбекке аралық жылутасымалдағышты қосу технологияның ПӘК-ін төмендетеді (50-70% -дан кем емес), көптеген қосымша жабдықтарды қажет ете отырып, өндірістік желіні қиындатады, және термоөңдеу құнын қамбаттатады.

Күн энергиясын пайдалану құрғақ ыстық климат жағдайларында бетондарды жылумен өңдеудің келешегі үлкен әдісі болып табылады, оның мүмкіндіктері әлі көп. Бүгінгі таңда гелиотермоөңдеу әдістерін, жаңа әзірленімдерді дамытуға және оларды өндіріске енгізуге мүмкіндік беретін ауқымды зерттеулер қажет, және бетондардың әртүрлеріне арналған жабық цехтарда аралық жылутасымалдағышты пайдалану арқылы гелиотермоөңдеу әдістерін дамыту өте маңызды.

Кілт сөздер: күн сәулесінің энергиясы, гелиотехнология, энерготасымалдағыш, гелиоколлектор, энергосиымдылық, гелиотермоөңдеу.

Аннотация

Гелиотехнология с использованием солнечной энергии для термообработки бетона разработана в Кызылординском государственном университете им. Коркыт Ата и выгодно отличается от применяемых методов использования энергии солнца за рубежом. Во всех странах, где применяется гелиотехнология, она строится на двухступенчатой основе; вначале солнечной энергией нагревается вода или масло, а затем нагретые жидкости подаются по трубопроводам для прогрева бетона или для каких-либо других целей. Включение в энергетическую цепочку промежуточного теплоносителя существенно понижает КПД технологии (не менее, чем на 50-70%), усложняет производственную линию, требуя много дополнительного оборудования, и удорожает стоимость термообработки.

Использование солнечной энергии является перспективным методом тепловой обработки бетонов в условиях сухого жаркого климата, возможности которого еще не исчерпаны. Сегодня необходимы широкие исследования, которые позволили бы развить методы гелиотермообработки, новые разработки и способствовать их внедрению в производство, и особенно важно развить методы гелиотермообработки с использованием промежуточного теплоносителя в закрытых цехах для различных видов бетона.

Ключевые слова: солнечная энергия, гелиотехнология, энергоносители, гелиоколлектор, энергоемкость, гелиотермообработка.

Annotation

Solar technology for the direct use of solar energy for thermal treatment of concrete was developed at Korkyt Ata Kyzylorda State University and favorably compares with the methods of using solar energy abroad. In all countries where the solar technology is applied, it is based on a two-step basis; first one is a solar heating of water or oil, and then the delivering of heated liquid by pipeline for heating concrete or for any other purpose. Inclusion of intermediate coolant into the energy chain significantly reduces technology of performance coefficient (at least at 50-70%), complicates the production line requiring a lot of extra equipment and increases the cost of thermal treatment.

Using solar energy is a promising method of thermal treatment of concrete in a hot, dry climate capacity of which has not yet been exhausted. Today there is a need in broad investigations that would develop methods of heliothermoprocessing, work out new ones and facilitate its implementation in production, and it is particularly important to develop methods of heliothermoprocessing using intermediate coolant in closed workshops for different types of concrete.

Key words: solar technology, energy, solar collector, power consumption, heliothermal processing.

Ыстық әрі құрғақ ауа райы бетон технологиясына елеулі қиыншылық енгізіп, көптеген келеңсіз салдар туғызады. Сондықтан құрғақ ыстық ауа райы жағдайларында қарқынды сусыздану салдарынан бетонның пластикалық шөгуі жүруі кезінде туындайтын деструктивті үдерістерді блоктауға бетонды тиімді күтіп-баптау арқылы қол жеткізіледі.

Бетон құрылымының қалыптасуына оның бастапқы қатаю кезеңі ең көп ықпал ететіні белгілі, онда түрлі физика-химиялық және физикалық үдерістер қарқынды өтеді. Бетонның сусыздануына ықпал етуге, дәлірегі тәуліктік ылғал жойылу мен соған байланысты бетон құрылымының қалыптасуына пластикалық шөгу көлемі мен беріктігіне көптеген еңбектер арналды. Осы еңбектердің талдауы жоғары температуралар мен қоршаған ортаның салыстырмалы төмен ылғалдылығы жағдайларында бетонның қатаюы кезіндегі құрылымы қалыптасуының негізгі критерийлері деп зерттеушілер бетонды жылытып кеңейту, оның пластикалық шөгуі мен ылғал жоғалту көлемі тәрізді физикалық үдерістердің өту көлемдері мен сипаттарын алғанын көрсетті [3].

Гелиотермоөңдеу кезінде жаңадан төселген бетонда болатын физикалық үдерістердің ішінде оның сусыздануы айрықша орын алады. Гелиотермоөңдеу технологиясы бұзылса немесе бетон дұрыс салынбаса құрғақ ыстық ауа райында алғашқы тәуліктер ішінде 50-70% бастырылған су жоғалтады, бұл жерде оның негізгі бөлігі қатудың алғашқы 6-7 сағатында бетоннан шығып кетеді.

Жаңадан салынған бетонға қоршаған ортамен сыртқы массаалмасудың өзіндік сипаты тән екендігін зерттеулер көрсетіп отыр. Қатайған бетонға қарағанда жаңадан салынған бетоннан шығатын ылғалдың қарқындылығының екі қағидатты әртүрлі кезеңі бар: бастапқы және соңғы. Бетонның бастапқы қатаю кезеңі булану қарқындылығының көлемімен сипатталады j ($\text{кг}/\text{м}^2 \text{ ч}$):


$$j = 1/F \Delta m / \Delta \tau = \text{const}, \quad (1)$$

$\Delta \tau$ /сағ/ уақыт интервалында Δm – бетон массасының жоғалуы /кг/;
 F – булану беті, м^2 .

Осы кезеңдегі сыртқы массаалмасу қарқындылығы максималды, өйткені ішкі масса ауысумен лимиттелмейді (бетонның ішкі аймақтарынан булану бетіне қарай ылғалдың келуі). Негізгі факторлар булану бетіндегі және қоршаған ортадағы будың парциальды қысымының айырмашылығы, сондай-ақ орта қозғалысының

жылдамдығы мен булану алаңының көлемі болып табылады. Тұрақты булану қарқындылығымен бастапқы кезеңнің ұзақтығы бетонның бастапқы ылғалды құрамына, гидратация үдерісінің шекаралық шарттары мен кинетикасына байланысты болады.

Түпкі кезең булану қарқындылығының түсуімен сипатталады, ол бетонның белгілі бір ылғалдылығы кезінде келеді. Бұл жерде сыртқы ортамен массаалмасу ішкі массауысу үдерісімен лимиттеледі, булану аймағының тереңдеуі және бетонның шеткі жағынан ортасына қарай сусыздануы жүреді. Көптеген еңбектерде құрғақ ыстық ауа райы жағдайында жаңадан салынып, қатаятын бетоннан ылғалдың жоғалуы факторлардың екі тобымен айқындалатыны белгіленді [4]. Бірінші топқа цементтің минералогиялық құрамы, толтырғыштардың түрі мен сипаттамасы, бетон құрамы, бұйым көлемдері тәрізді факторлар жатады, ал екінші топқа – температура, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, күн радиациясының қарқындылығы, желдің күші мен бағыты, атмосфералық жауын-шашындар, сондай-ақ бетонды күтіп-баптаудың қабылданған тәсілі мен режимі. Сыртқы ортаның жаңадан салынған бетоннан ылғалдың жоғалуына әсерін сипаттайтын көптеген әдебиет мәліметтері бар. 1-суретке сәйкес келесі бастапқы параметрлері бойынша бетонның сусыздану қарқынын бағалауға мүмкіндік беретін номограммалар келтірілді: бетон қоспасының температурасы, қоршаған орта температурасы, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы және жел жылдамдығы.



а) салыстырмалы ылғалдылық, %; б) бетон температурасы, °С;
в) желдің жылдамдығы, км/сағ.

Сурет 1 - Бетон температурасы мен ауаның, салыстырмалы ылғалдылықпен жел жылдамдығының бетон бетіндегі ылғалдың булану қарқындылығына әсері.

Жаңадан салынған бетоннан ылғалдың булану қарқыны көлемі бойынша айтарлықтай пластикалық шөуге әкеледі, ол ыстық әрі құрғақ ауа райы жағдайларында бетонның қалыптасып келе жатқан құрылымын бұзатын, физика-механикалық қасиеттерін айтарлықтай нашарлататын физикалық деструктивті

үдерісті, және қатайып келе жатқан бетонның ертерек шытынау себептерінің бірін білдіреді.

Бетон мен ерітіндінің пластикалық шөгуі ылғалдың булануымен де, материалдың реологиялық қасиеттерімен де шартталады. Бетондар мен ерітінділердің шытынауын зерттей келе, олар батыру суының тез булануы (булану жылдамдығы көп болған сайын, шөгудің жүру жылдамдығы жоғары болады) оған негізгі ықпал ететінін растады [1].

Келесі ылғалды шөуге және қатайған бетонның жылжымалылығына қарқынды буланудың әсері жаңадан салынған бетонды қарқынды булану жағдайларында кейбір ұтымды ұстау келесі шөгу мен жылжымалықтың төмендеуіне алып келе алатынын көрсетті, ол кезде бетонды осы жағдайларда ұтымды уақыттан артық ұстап тұру жылжымалылық пен беріктікке теріс әсер етеді. Осының негізінде бетонды салғаннан кейін бірден шектеулі уақыт ішінде қарқынды булануы бірқатар жағдайларда материалдың қасиеттері нашарлауына әкелмеуі де мүмкін деген тұжырым жасауға болады. Бұл бетондардың ерте қарқынды сусыздану кезінде болатын екі физикалық үдерістердің өзара әрекет етуімен түсіндіріледі: цемент қамырының тығыздалуы және оның ішкі шытынауы.

Түрлі температуралық-ылғалдық жағдайларда қатаятын бетондардағы жылу және масса алмасу үдерісін зерттеу жылутасымалдағыштың, яғни будың салыстырмалы ылғалдығы (φ) көп болған сайын, бетоннан ылғал аздау буланатынын және үлгінің орташа температурасы жоғары екенін көрсетті. Дегенмен, осы ортадағы қыздырудың күмәнсіз сияқты көрінетін басымдықтары s $\varphi=100\%$ ашық қалыптардағы жаңа қалыпталып болған бетонды қыздыру кезінде бу-ауа қоспасының ішкі қысымының артуы салдарынан деструктивті үдерістердің ұлғаюына әкеледі, өйткені салқын бүйірге қарай жылжитын ылғал бетон ішінде бар және қыздырғанда кеңейетін ауаны «қамап қояды». t және φ параметрлерін өзгерту арқылы бетондағы ылғалды қажет етілетін бағытта нәтижелі ағуын айқындайтын температура градиенттерімен және ылғал құрамымен басқаруға болады, соның арқасында ылғалы бар өрісті тегістеу, яғни «толқындар» көлемі мен тік жарлығын азайту мүмкін болып көрінеді. Конвективті жылу әкелуде бетонды бастапқы қыздыруды ылғалдылығы төмен ортада φ жүргізген дұрыс, содан соң бетонның сусыздануын жою мақсатында φ ортаны 100% дейін көтерген жөн [4].


Құрғақ ыстық ауа райы жағдайларында тек 2,5-3 сағат бойына қатыруда айтарлықтай пластикалық шөгуден өткен, содан соң 28 тәулік қалыпты жағдайларда қатайған бетонның иілу кезінде сығым мен созылуға беріктігі 30-50% төмендейді (іс жүзінде цемент гидратациясының өзгеріссіз деңгейінде), су өткізбеушілігі 3-10 есе азаяды, бетонның аязға төзімділігі айтарлықтай төмендейді. Бетон құрылымын тәуліктік жаста микроскопиялық әдіспен зерттеу (табиғи жағдайларда ұсталған), үлгілердің ішінде жарықтар мен ажыраулар бар екенін көрсетті, ал бірақ олардың бетінде мұндай ешнәрсе байқалған жоқ. Жарықтардың ұзындығы 6-8мм және ені 0,4мм жетті әрі ерітінді жағынан да, толықтырушымен байланысы бойынша да өтеді.

Жылумен өңдеуде ылғал жоғалтудың күтілетін көлемінің және олардың бетон қасиеттеріне теріс әсер етуінің сандық бағасы болады [2]. Тәулік жастағы бетоннан ылғалдың 10% астам жоғалуы кез-келген жастағы ауыр бетонның беріктік сипаттамаларының елеулі түрде төмендеуіне әкеледі. Сонымен бірге ылғал жоғалтулар егер олардың көлемі жылумен өңдеу кезеңі ішінде бастапқы су құрамының 10% аспаса, бетонның беріктігіне және аязға төзімділігіне, егер олардың көлемі 5% аспаса, әсер етуі аса байқалмайды. Басқа жағдайлардағы энергия көздерде бұл көлем 15% дейін құрайды.

Қызылорда облысында құрғақ ыстық ауа райы жағдайларындағы зерттеулер $t=36^{\circ}\text{C}$ $\varphi=23\%$ кезінде 6 сағ. бойына бетоннан ылғал жоғалу қисық сызығының сипаты (2-сурет) бетонды қиюластырған гелиотермоөңдеу кезінде, бетонды қыздыру күн және электр энергиясын бірге пайдалану арқылы жүргенде, 6 сағаттан кейін қалыпқа салу аяқталған соң ылғал жоғалту көлемі ВПС1 судисперсиялық құрам үшін және ВПС2 судисперсиялық құрам үшін сәйкесінше батыру суының 4,3 және 7,2% құрайтынын көрсетті. ВПС-сіз ашық қалыпта қатайған үлгі 6 сағат ішінде батыру суының 36,2% жоғалтты. Осылайша, жүргізілген зерттеулер бетонды үлдіржасаушы құрам астында қиюластырған гелиотермоөңдеудің тиімділігін дәлелдеді, өйткені гелиотермоөңдеудің осы тәсілі кезінде ылғал жоғалту 8% аспады.

Ылғал көлемін жоғалтудың, сусыздану қарқындылығының, түрлі температуралық-ылғалдылық қатаю шарттарындағы қатаюшы бетон құрылымына әсер ету мәселесіне айтарлықтай көп жарияланымдар арналған. Автормен жүргізілген сынамалар да тәуліктік жаста бетон қасиеттеріне теріс әсер етпейтін гелиотермоөңдеу мен қиюластырылған гелиотермоөңдеу кезінде ылғалдың жоғалу көлемі 10% аспауы тиіс екендігін дәлелдейді.

Жоғарыда айтып өткендей, бетонды қатырудың қолайлы ылғалдылық шарттары мен жұмсақ қыздыру режимі бұйымды гелиотермоөңдеу кезінде бетон құрылымының қалыптасуы мен физика-механикалық қасиеттеріне оң әсер етуі тиіс. Бұл біріншіден, қатырудың алғашқы бірнеше сағаттарына (6 сағ.дейін) гелиотермоөңдеу кезінде бетонды қыздыру бұйымды кесу биіктігі бойынша температуралық ауытқулар тіпті пайда болмай өтетінімен шартталады. Осыған орай түрлі гелиотермоөңдеу тәсілдеріне ұшыраған бетонның негізгі қасиеттері мен құрылымының ерекшеліктерін зерттеу қызығушылық туғызады.



1, 2 - ВПС1 ВПС2 астында қиюластырылған гелиотермоөңдеу; 3— ашық қалыптағы гелиоэлектротермо-өңдеу.

Сурет 2 - Ауа температурасының бетон ылғалын буландыру қарқынына әсері

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде үлдіржасаушы құрамдарды қолдану арқылы гелиотермоөңделген бетондар негізінен былай сипатталады: ерітінді бөлігінің тығыз құрылымы, ірі және майда толтырғыштардың цементтелетін массамен ұстасуы жақсы және шамамен бірдей дифференциалды макрокеуекті. Құрғақ ыстық климаттың табиғи жағдайларында күтімсіз қатайған бетондардың құрылымы ақаулы болады. Термоөңдеуге алынған барлық бетондардағы цемент гидратациясының деңгейі айтарлықтай жоғары және көлемі бойынша сәл айрықшаланады.

Судисперсионды үлдіржасаушы құрамды пайдаланып, жұмсақ режим бойынша сағатына 2-4⁰С қыздыру жылдамдығымен, осы температуралар жағдайында 5-6 сағат бойына шартты изотермиялық ұстау және бетонның шамамен сағатына 1⁰С жылдамдықпен баяу салқындауы арқылы жарық көрінгіш камераларда гелиотермоөңдеуге ұшыраған бетондар құрылымына қатысты алсақ, онда мұндай қатыру режимі бетон құрылымының қалыптасуына және оның физика-механикалық қасиеттеріне оң әсер етуі тиіс [1]. Бұл болжам судисперсионды үлдіржасаушы құрамды пайдаланып жарықкөрінгіш камераларда гелиотермоөңдеуге ұшыраған бетондарды зерттеумен расталды. Салыстыру үшін үлдіржасаушы құрам астында гелиоқыздыруға ұшыраған бетондар мен үлдіржасаушы құрам астында 60⁰С кезінде 3+10+3 сағат режим бойынша электрмен қыздыруға ұшыраған бетондар зерттелді.

Бетон құрылымын зерттеу кезінде маркасы 300 (класс В25) құрамы 1:1,08:2,12 В/Ц=0,5, ОК=5-6см бар, Шымкент зауытының минералды үстемелері бар портландцементінен маркасы 400 және Шетпе карьерінің фракциясы 5-20 әк тасы мен $M_{кр}=2,74$ кварц құмынан дайындалған ауыр бетондар (үлгілері 10x10x10см) қолданылды; сондай-ақ маркасы 200 (В15 класс) құрамы 1:2,35:3,48, В/Ц=0,6, ОК=6-8см бар, Шымкент зауытының маркасы 400 портландцементінен, фракциясы 5-20 мм гранитті қиыршық тастан 5-20 мм және $M_{кр}=1,88$ кварц құмынан дайындалған бетондар қолданылды.

Зерттеу міндетіне үлдіржасаушы құрам астында гелиоқыздыруға және үлдіржасаушы құрам астында электрмен қыздыруға ұшыраған бетонмен салыстырғанда үлдіржасаушы құрам астында гелиотермоөңдеуге ұшыраған бетондардың цемент тасының гидратация деңгейі мен кеуектік сипатының өзгерістерін зерттеу кірді.

Бетон үлгілерінің цемент тасының гидратация деңгейі мен минералды-фазалық құрамын зерттеу ДРОН-3 рентгенді дифрактометрде рентгендіфазалық талдау (РФТ) әдістерімен жүргізілді. Сапалық фазалық талдау «ФАЗАН» арнайы бағдарламасын және құрылыс материалдары мен минералдарының эталонды мәліметтерінің мамандандырылған банктерін пайдаланып, IBM PC/AT-та орындалды. Зерттелінетін сынамалардың рентгендік спектрлері ДРОН-3 рентгенді дифрактометрмен түсірілді.

Рентгенограмма спекторының талдауынан шығатыны, үлгілердің фазалық құрамы шамамен өзара жақын екендігі, $CaCO_3$ кальцит фазасы, C-S-H типті кальций гидросиликаттары, портландита $Ca(OH)_2$ немесе кальций гидрооксиді, эттрингит бар. Қалдықтық клинкерлік минералдардан барынша көп мөлшерде фаза C_2S , аз мөлшерде - C_3S бар.

Осыған байланысты, РФТ зерттеулерін жүргізу сәтінде бетонның ерітінді бөлігінің бастапқы қоспасы сақталмағандықтан үлгілердің гидратация деңгейін анықтау мүмкін емес. Үлгілерді клинкерлі минерал алит - C_3S гидратациясы бойынша салыстыру жүргізілді. Осы мақсатпен үлгілердің рентгендік спектрлері сканирленді. Бұл жерде фаза линиясы $d=1,76 \text{ \AA}$ түсірілді. 1-кестеде бетонның үш үлгілерінің әрқайсысы үшін линиялардың абсолютті қарқындылығы алит $d=1,76$ келтірілді.

Кесте 1 - Алит линиясының абсолютті қарқындылығы

Үлгі №	Қатаю шарттары	Линиялардың қарқындылығы
1	Жарықкөрінгіш камерада үлдіржасаушы құрам астында гелиотермоөңдеу	151
2	Үлдіржасаушы құрам астында гелиоқыздыру	300
3	Үлдіржасаушы құрам астында электроқыздыру	117

Алит 1,76 линиясының ең аз қарқындылығы үлдіржасаушы құрам астында электроқыздыруға ұшыраған 3 үлгіде байқалатыны көрінді. Осы линияның қарқындылығы 1-үлгіде біршама жоғары және ең жоғары қарқындылық 2-үлгіде. Рентгенограммадағы алит линиясының қарқындылығы жоғары болған сайын үлгідегі алит соншалықты көп, ол бастапқы құраммен салыстырғанда соншалықты аз гидратталынды. Сондықтан үлдіржасаушы құрам астында электроқыздыруға ұшыраған үлгілерде гидратация деңгейі барынша үлкен, жарықкөрінгіш камерада үлдіржасаушы құрам астында қатайған үлгілерде шамалап аздау және үлдіржасаушы құрам астында гелиотермоөңдеуге ұшыраған үлгілерде ең төмен деп растауға болады.

Бетон үлгілерінің беткі қабаты құрылымының кеуектігін зерттеу микроскопиялық талдаумен жүргізілді. Құрылымның кеуектілігі петрографиялық түрде шлифтерде микроскоппен және бинокулярлық лупамен аншлифтарда талданды.

Көлемі 10x10x10 см бастапқы бетон кубиктерінен препараттар жасау үшін бетондау бетінің 10мм тереңдігінде параллель пластиналар кесіліп алынды. Үлгілердің кеуектігіне талдау кубик кесіндісінің бетіне бинокулярлы микроскоппен жүргізілді. Кубиктің кесіп алынған бөлігінен өтетін жарықта зерттеу үшін шлиф дайындалды.

Құрылымды мөлдір шлифтарда 40 есе ұлғайту арқылы қарап шығу майда толтырғыштың цемент тасына тығыз жабысып жатуын көрсетті. Көзге көрінетін кеуектер бұл жерде байқалған жоқ.

Аншлифтерді бинокулярлы микроскоппен қарап шығуда бетонның ұсақ та, ірі де толтырғыштары цемент тасына тығыз жабысып жатқаны анықталды. Көлемі <0,5 мм кеуектер жақсы байқалады және торша бойынша есептеліп шығарылды. Ірі кеуектер де (> 1-2 мм) алаңдарға бөлінді. Кеуектілікті есептеп шығару нәтижелері 2-кестеде берілді.

Кесте 2 - Үлгілердің аншлифтерінде кеуектілікті есептеп шығару нәтижелері

Үлгі №	Қатыру шарттары	Майда кеуектер саны	Ірі кеуектер саны
1	Жарықкөрінгіш камерада үлдіржасаушы құрам астында гелиотермоөңдеу	131	6
2	Үлдіржасаушы құрам астында гелиоқыздыру	91	12
3	Үлдіржасаушы құрам астында электроқыздыру	186	9

Кесте мәліметтерінен көрінетіндей, ең жоғары кеуектілік электрмен қыздыруға ұшыраған №3 үлгілерде болып шықты, кеуектілік көлемінен екінші орында жарықкөрінгіш камерада үлдіржасаушы құрам астында қатайған №1 үлгілер және ең соңында, ең азы үлдіржасаушы құрам астында гелиоқыздырылған №2 үлгілерде. Дегенмен ірі кеуектер үлдіржасаушы құрам астында гелиоқыздыруға ұшыраған бетондарда басым болды, ал олардың азырақ саны жарықкөрінгіш камерада үлдіржасаушы құрам астында қатайғандарда болды, бұл жылумен өңдеудің жұмсақ режиміне және қатыру жағдайларына байланысты болуы мүмкін.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жарық көрінгіш камераларда гелиотермоөңдеуге, үлдіржасаушы құрам астында гелиоқыздыру мен электрлі қыздыруға ұшыраған бетондар, негізінен, ерітінді бөлігінің тығыз құрылымымен, ірі және майда толықтырғышының цементтелетін массамен жақсы ұстасуымен

сипатталады деп тұжырымдауға болады. Дегенмен де үлдіржасаушы құрам астында электрлі қыздыруға және үлдіржасаушы құрам астында гелиотермоөңдеуге ұшыраған бетондар, неғұрлым ірі кеуекті құрылыммен және неғұрлым төмен гидратация деңгейімен сипатталатын үлдіржасаушы құрам астында гелиоқыздыруға ұшыраған бетондарға қарағанда, ерітінді бөлігінде көлемдері бойынша ұсақ біркелкі бөлінген және гидратация деңгейі жоғары кеуектердің көп болуымен сипатталады.

НИИСтромпроект (Қазақстан) физика-химиялық зерттеулер зертханасымен бірлесіп жүргізілген зерттеулерде қиюластырылған гелиотермоөңдеудің түрлі тәсілдеріне ұшыраған бетон құрылымдары зерттелді. Бұл ең алдымен, жарықкөрінгіш камерада үлдіржасаушы құрамды пайдаланып бетонды қиюластырған гелиотермоөңдеу үш қуат көздерінің: күн, электр және қатаятын цементтің жылу бөлуінің бірлескен әсері есебінен жүретінімен шартталады. Бетон элементтері құрылымының қалыптасуына температуралық градиенттердің көлемі айтарлықтай әсер етеді. Кубтарды қыздырған кезде алғашқы сағаттарда қатаю кесу биіктігі бойынша тіпті температуралық ауытқулардың пайда болуынсыз жүреді. Осыған орай үлдіржасаушы құрамдарды пайдаланып түрлі ҚГТӨ (КГТО) тәсілдерінен өткен бетондардың қалыпты жағдайларда қатайған бетондармен салыстырғандағы негізгі қасиеттері мен құрылым ерекшеліктерін зерттеу қызығушылық туғызды.

Әдебиеттер:

- 1.Абдуллаев М.М. Ускорение твердения бетона сборных изделий в гелиоформах со светопрозрачными теплоизолирующими покрытиями. - М., 1983. -217 с.; 25 см. – Библиогр.: с. 215-216. – Предм. указ.: с. 214. – 20000 экз. – ISBN 2-24782-513-7 (в пер.).
- 2.Аруова Л.Б. Применение солнечной энергии для интенсификации твердения бетона в Республике Казахстан. – Алматы: Ғылым, 2003. -143 с.; 23 см.– Библиогр.: с. 141-142. – Предм. указ.: с. 140. – 18000 экз. – ISBN 2-81345-364-8
- 3.Быкова И.В. Ускоренное твердение бетона за счет использования солнечной энергии и химических добавок.. Совершенствование технологии и расчета железобетонных конструкций. - М.: НИИЖБ, 1984. – 265 с.; 22 см. – Библиогр.: с. 263-264. – Предм. указ.: с. 20-21. – 8000 экз. – ISBN 6-82431-681-3
- 4.Еремин Н.Ф. Процессы и аппараты в технологии строительных материалов. - М.: Высшая школа, 1986. – 279 с.; 27 см. – Библиогр.: с. 277-278. – Предм. указ.: с. 276. – 10000 экз. – ISBN 2-24782-513-7 (в пер.).

ӨОЖ:37.013.77:371.134

**«МЕКТЕП-КОЛЛЕДЖ-ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНЫНДА» КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДЫҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Н.А.КАРГОПОЛЬЦЕВА, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Орынбор мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы,
А.Ж.АЯҒАНОВА, психология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада білім беру ұйымдарындағы кәсіби дайындаудың ғылыми-теориялық, тәжірибелік мәселелері қарастырылады. Кәсіби іс-әрекет, мамандану мәселелерінің ғылыми-теориялық негіздері беріледі. Бұл мәселенің шетелдік, кеңестік педагогика және психология ғылымдарында қарастырылуы талданады.

Қоғамда кәсіби іс-әрекетке бейімдеу мектеп жүйесінен бастау алатыны белгілі. Мектепке дейінгі және мектепте оқудың бастапқы, яғни бастауыш сынып кезінен мамандықтар әлемі туралы ақпараттар беріліп, еңбек нарығына байланысты алғашқы ұғымдар қалыптаса бастайды. Дегенмен, шын мәнісінде кәсіби бағдар беру жұмыстары 11 сыныпта қарқынды жүргізіледі. Бұл әрине мектеп бітірумен байланысты екені сөзсіз. Мектеп бітіруші түлек болашақ мамандығы туралы мұғалімдерден, құрбы-құрдастарынан, әсіресе ата-анасынан ақпарат алып жатады. Бұл қалыпты құбылыс. Осы орайда, мамандық таңдауда бітіруші түлектің өз шешімі маңызды болып табылатындығын естен шығармаған жөн.

Мақалада мектеп бітіруші түлектің теңгерімді шешім қабылдауына қол жеткізуді жүзеге асыру үшін «мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесіндегі кәсіби даярлау үдерісі интеграциясының моделі беріледі.

Кілт сөздер: кәсіби дайындық, кәсіби бағдар беру, кәсіби анықталу, кәсіби бейімделу, кәсіби құндылықтар, кәсіби іс-әрекет.

Аннотация

В статье рассмотрены научно-теоретические и практические основы проблемы профессиональной подготовки в образовательных учреждениях. Далее автор рассматривает научно-теоретические основы профессиональной деятельности и проблемы специализации на основе анализа педагогической и психологической науки, как зарубежной, так и отечественной.

Общеизвестно, что школа уделяет большое внимание и значение вопросам профессиональной ориентации учащихся. Первоначальные сведения о профессии, о ее выборе закладываются у учащихся еще в период дошкольного и начального образования. Хотя очевидно, что профориентационная работа начинается в 11 классе, она проводится более системно, планомерно и организованно. Безусловно, здесь мы наблюдаем взаимосвязь организации профориентационной работы среди учащихся с окончанием школы. Выпускники школ получают более обширную информацию не только от учителей, но и сверстников и родителей. Это целостный процесс. В этот период не нужно забывать, что собственное мнение выпускника играет важную роль в выборе будущей профессии.

В данной статье представлена модель интеграции процесса профессиональной подготовки выпускника в системе образовательных учреждений «школа-колледж-вуз».

Ключевые слова: профессиональная подготовка, профессиональная ориентация, профессиональное самоопределение, профессиональная адаптация, профессиональные ценности, профессиональная деятельность

Annotation

The article touches upon the scientific-theoretical and practical problems of professional training in the educational institutions. An author considers the scientific-theoretical basis of professional performance and majoring problems are demonstrated. This problem is analyzed taking into account the considerations of foreign, soviet pedagogy and psychology. It is known that in the society the adaptation to the professional performance is realized from the school life. The Information about the world of profession and the first concepts of profession according to the labour market are developed from the pre-school and primary school stages. Actually, professional orientation is widely informed in the 11th grade. A secondary school graduate gets a lot of information from teachers, friends and mostly from their parents. It is a normal phenomenon. We must not forget that the graduator's choice plays a great role in choosing profession.

The integration model of vocational training system "school-college-institution" is given to implement secondary school graduates' balanced decision-making.

the concepts from scientist's work as vocational guidance and majoring are considered.

Key words: training, professional orientation, professional self-determination, professional adaptation, professional values, professional activity, majoring

Бүгінгі күні теориялық білімін тәжірибеде еркін пайдаланатын кәсіби сауатты, ұтқыр, жауапкершілігі жоғары, мақсатқа бағыттылық пен рефлексия дағдыларын игерген, қарқынды өзгерістерге бейім мамандар дайындау маңызды мәселелер қатарынан орын алып, жоғары мектептің басты міндеттерінің біріне айналып отыр. Осыған орай жоғары мектеп жүйесі дәстүрлі білім беруден тұлғаға бағдарланған білім беру парадигмасына көшуде. Заманауи тұлғаға бағдарланған педагогикалық үдерісте өзіндік дүниетанымымен, қызығушылығымен, қажеттілігімен және қайталанбастығымен ерекшеленетін білім алушы тұлғасы басты назарға шығады. Аталмыш міндеттерді шешу үшін болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың психологиялық аспектілерін негіздеу қажеттігі туындайды. Кәсіби маман даярлаудың психологиялық аспектілерін қарастырғанда кәсіби мінез-құлық мәселесі алға шығатындығы айқын.

Көптеген шетелдік зерттеулерде (Э. Берн [1], Д. Сьюпер [2,136.], Дж. Холланд [2,186.]) мамандық таңдау мен кәсіби мінез-құлық қалыптасу үдерісінің негізі балалық шақта қалыптасқан сценарий ретінде қаланатындығы айтылады. Сонымен қатар, қандай да бір мамандықты таңдау және сол кәсіби іс-әрекеттегі өзіндік қалыптасу мен даму немесе психологиялық категория бойынша өзін-өзі жүзеге асыру ұғымы «Мен тұжырымдамасын» бекітетін негіз болып табылады. «Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Мен кім болам?» сынды сұрақтар әсіресе мектеп жасында көрініс беріп, осы мәселенің шешімін іздеу үдерісі жүзеге асады.

Жалпы алғанда мектеп қабырғасынан бастап-ақ білім алушылар психологиялық тұрғыда ересек тұлға ретінде әрекет етеді. Өзінің өмірлік жоспарларын құруға бейім, әлеуметтік және кәсіби анықталған ұрпақ қана бүгінгі жаһандану заманының лайықты тұлғасы болары сөзсіз. Тұлға бойындағы бұл қасиеттер мектептен кейін орта және жоғары кәсіби білім беру жүйесінде өз жалғасын тауып, даму сатыларынан өтеді. Біздің мақсатымыз да мамандарды кәсіби дайындаудың психологиялық аспектілерін

«мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінің интеграциясы аясында қарастыру болып табылады.

Көптеген психологиялық зерттеулерге сүйенетін болсақ, «Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Мен кім болам?» деген сұрақтарға жауап іздеу, жалпы тұлғаның мамандық таңдау үдерісіне әртүрлі объективті және субъективті факторлар әсер етеді. Объективті факторларға мамандық тарапынан ұсынылатын талаптар, нормалар және шектеулер және белгілі бір қасиеттер мен ерекшеліктер (кәсіби білімдер, икемділіктер мен дағдылар) жатады. Сонымен қатар, мамандықтың мәртебесі, отбасының (туыстарының, достарының) ықпалы да елеулі орын алады. Ал, субъективті факторларға тұлға бойындағы нақты нышандар, қабілеттер, даралық-психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктер, оның мотивациясы мен талаптану деңгейі, өзіндік бағалауы және қателіктер мен сәтсіздіктерден психологиялық қорғануы жатады. Мамандық таңдауда тұлғаның қателіктерге бой алдырмауы кәсіби дайындаудың сапасын арттырады анық.

Кәсіби дайындаудың психологиялық мәнін ұғыну үшін біз кәсіби даму мәселесіне назар аударып көрелік. Тұлғаның кәсіби дамуын адамның өмір жолынан ажыратып қарауға болмайды. Бұл мәселе ғалым Ш.Бюллердің еңбегінде дәлелденген болатын [3]. Аталмыш ғалым тұлға белгілі бір жас ерекшеліктік даму сатысынан өтеді деп тұжырымдайды. Бұл жас ерекшеліктік саты кәсіби даму кезеңіне сәйкес келетіндігін айтады.

Тұлғаның кәсіби дамуын қарастырған еңбектерді зерделей келе, төмендегідей негізгі тұжырымдар жасауға болады:

- кәсіби өсуді үдеріс ретінде қарастыру;
- адамның кәсіби жолы және оның негізгі сатысы жас ерекшелік дамумен және тұлғаның жалпы қалыптасуымен тікелей байланысты болып табылады.

Қарастырып отырған мәселемізге орай, біз бірінші курс білім алушыларынан әлеуметтік сауалманнама жүргіздік. Бұл сауалнама бізге кешегі талапкер - бүгінгі студенттің мамандық таңдауына ықпал еткен факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Әлеуметтік сауалнама мынадай факторларды қамтыды: 1) мамандықты олар үшін ата-аналары таңдады; 2) достарының, таныстарының ықпалымен келді; 3) өз қалауымен таңдады; 4) кездейсоқ таңдаулар (мемлекеттік гранты жеңе алмай қалған жағдайда, балының сәйкес келмеуі, үйден алыстамау, оқу төлемақысы және т.б.).

Сауалнамаға 40 бірінші курс білім алушылары қатысты. Бұл зерттеудің қорытындысы бойынша 9 білім алушы ата-аналарының пікірін тыңдап, мамандықты таңдаған, ол 22,5 пайызды, ал, 3 білім алушы достарының ықпалымен таңдаған, 7,5 пайыз; өз қалауымен таңдағандар- 22 білім алушы, 55 пайыз; кездейсоқ таңдағандар- 6 білім алушы, ол 15 пайызды құрайды.

Мамандану кең мағынада – қоғамға қажетті тарихи қалыптасқан іс-әрекет болып табылады. Оны орындау үшін адамдар білімдер мен біліктерге, сәйкес қабілеттерге және кәсіби маңызды дағдыларды игеруі тиіс.

Кәсіби іс-әрекет- дифференциациялау нәтижесінің еңбек түрі. Кәсіби іс-әрекет қоғамдық сипатқа ие. Мұнда екі жақты бөледі: қоғам (жұмыс беруші) және адам (жұмысшы). Қоғам бұл қатынастарда төмендегіше алға шығады:

- қоғамдық маңызды іс-әрекет түрлерін орындауға тапсырыс беруші;
- мұндай іс-әрекет орындауға сұраныс беруші;
- оның материалды жағдайының қайнар көзі;
- кәсіби іс-әрекетке қатысушылар арасындағы құқықтық қатынастарды реттеуші;
- жұмысшы орындаған іс-әрекет сапасының сараптамасын жасаушы;
- кәсіпке деген әлеуметтік қатынастар қалыптасудың қайнары.

Сауалнама қорытындысын төмендегі кестеден көреміз.



Сурет1 - Мамандық таңдауға әсер ететін факторлар

Мұның бәрі әлеуметтік институттар арқылы жасалады немесе жеке тұлғалар арқылы орындалады.


Мамандыққа қоғамдық көзқарас бойынша – бұл белгілі бір нәтижеге және өнімге жетуде қоғам қажеттілігінің қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін адамдардың кәсіби іс-әрекетінің түрі және формасы, кәсіби тапсырмалар жүйесі болып табылады.

Тұлғаның кәсіби іс-әрекеті қалыптасуының қарқындылығы субъектінің негізгі белсенділігі шоғырланғанда ғана жүзеге асуы мүмкін. Тұлғаның қалыптасуы жүйелік қатынастың ерекше типінің үдерісін білдіреді. Бұл мәселені кеңес ғалымы Е.А. Климовтің еңбектерінен табуға болады [4]. выделены основные фазы развития профессионала, дающие представление о целостном жизненном пути и о системных отношениях, характеризующих личность.

Психологиялық тәжірибелер көрсеткендей, «мектеп-колледж-ЖОО» жүйесінің интеграциясы негізінде кәсіби бағытта жүйелі жұмыстар жүргізу болашақ мамандардың кәсіби тұлғасының қалыптасуына зор ықпал етеді. Осыған орай, біз «мектеп-колледж-ЖОО» жүйесінің интеграциясы негізінде кәсіби дайындаудың моделін ұсынуды жөн санадық.

Ғалым-педагог Б.К.Момынбаев кәсіби білікті мамандар дайындауда педагогикалық сабақтастықты сақтай отырып, Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің кәсіптік техникалық мектеп-колледж- ЖОО жүйесі бойынша педагогикалық зерттеулер жүргізген. «Кәсіптік мектеп-колледж- жоғары оқу орны» саласына арналған техникалық пәндерден 21 оқулық, 5 оқу құралын, 2 монография, 17 электронды оқулық жазған. Аталмыш ғалым өзінің іргелі зерттеулерінде кәсіби бейімделудің маман дайындаудағы маңыздылығын ерекше атап көрсетті. Ғалымның «Кәсіптік педагогика» атты еңбегінде кәсіби бейімделу, кәсібилену ұғымдарына анықтама беріліп, мамандарды кәсіби дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері ұсынылғаны бәрімізге белгілі [5]. Жалпы Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуына Б.К. Момынбаевтың, әсіресе, кәсіби мамандар дайындау бағытына қосқан үлесі орасан зор.

Қорытындылай келе, бүгінгі күні мектеп-колледж-ЖОО жүйесінің интеграциясы кәсіби мамандарды дайындаудың заманауи бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.



Әдебиеттер:

1. Берн Э. Структура и динамика организаций и групп.- Минск: Попурри, 2006.- 352с. ; 22 см.– Библиогр.: с. 350-351. – Предм. указ.: с. 345. – 5000 экз. – ISBN 2-92345-675-8 (в пер.).
- 2.Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. -М.: Академия, 2004. - 304 с.; 27 см.– Библиогр.: с. 302-303. – Предм. указ.: с. 300. – 20000 экз. – ISBN 6-38612-723-9 (в пер.).
- 3.Момынбаев Б.К.Кәсіптік педагогика.-Алматы: 2010.-552 б.;25 см.– Библиогр.: б. 550-551. – Предм. указ.: б.530-534. – 1000 дана. – ISBN 4-82461-762-7
4. Сапогова Е.Е. Психология развития человека. - М.: Аспект пресс, 2001. - 460 с. ; 25 см.– Библиогр.: с. 358-359. – Предм. указ.: с.355. – 10000 экз. – ISBN 4-82461-762-7.

UDK: 37.017:37.034

INTEGRATION OF KNOWLEDGE IN THE PROFESSIONAL PREPARATION OF FUTURE TEACHER

L.V.ZUBOVA, doctor of Psychological Sciences, professor,
Orenburg State University, Russian Federation,
SH.MAIGELDIYEVA, doctor of Pedagogical Sciences, professor
Kyzylorda State University Korkyt Ata

Annotation

The article touches upon the problem of interdisciplinary integration of students' knowledge from a pedagogical point of view. The author notes that the decision of the basic problems of higher education development today depends on the effective application of an integrative approach to learning, which allows, firstly, to combine and synthesize knowledge from related or different disciplines and secondly, to form a scientific world view of students. The author provides an evidence-based analysis of the above-mentioned problem, based on the scientific point of view known both domestic and foreign scientists and educators. The article concludes that an integrative approach to learning can be defined as the implementation of the integral potential of the subject, which involves the allocation of an integral part of interconnected ties and integrated information, determining the direction of integration. This conclusion is proved with the examples of the field of integration study of students' knowledge in teaching related subjects in the training system, in particular, examples from the pedagogical points of view of the famous scientist and educator of Kazakhstan, doctor of pedagogical sciences, professor Baizakh Kopirbaevich Momyrbaev.

Key words: integration, integrative approach to learning, interdisciplinary communication, integrative field, integrative potential, training

Аңдатпа

Бұл мақалада педагогикалық көзқарас бойынша студенттер білімінің пәнаралық интеграциялануының мәселесі қарастырылады. Автор жоғары білім берудің дамуының негізгі міндеттерін шешу оқытудағы интегративтік тұғырды нәтижелі пайдаланумен байланысын айқындайды, себебі, біріншіден, аталған тұғыр әр түрлі сала пәндерінің ұғымдарын біріктіреді және жалпылайды; екіншіден, білімалушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға көмектеседі. Мақала авторы танымал отандық және шетелдік ғалым-педагогтардың ғылыми көзқарастарына сүйене отырып, жоғарыдағы проблеманы ғылыми негіздей білген.

Оқу пәнінің интеграциялық әлеуетін жүзеге асыру және интеграциялану бағытын айқындайтын ақпаратты, байланыстырушы негізді анықтауға интеграциялық тұғырдың ықпалын нақтылау болып табылады. Мақалада кәсіби дайындау жүйесіндегі әр түрлі жүйелі пәндерді оқытудағы білімдерді интеграциялау өрісін зерттеу негізінде алынған дәйектермен қорытындыланған.

Сонымен қатар, мақала мазмұнында Қазақстан кәсіптік педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан профессор, п.ғ.д. Б.К.Момынбаевтың кәсіби дайындық мәселесіне, оның ішінде пәндердің интеграциялық байланыстарының негізгі тұжырымдалары ұсынылады.

Кілт сөздер: интеграциялау, интегративтік тұғыр, пәнаралық байланыстар, интеграциялық әлеуеті, кәсіби дайындық

Аннотация

В статье педагогической точки зрения рассматривается проблема междисциплинарной интеграции знаний студентов. Автор отмечает, что решение основных задач развития высшего образования сегодня зависит от эффективного применения интегративного подхода к обучению, позволяющего, во-первых, объединить и обобщить знания из смежных или разных дисциплин и, во-вторых, сформировать научное мировоззрение обучающихся. Автор статьи дает научно-обоснованный анализ вышеуказанной проблеме, опираясь на научные точки зрения известных как отечественных, так и зарубежных ученых-педагогов. В статье делается вывод о том, что интегративный подход к обучению можно определить как реализацию интегрального потенциала учебного предмета, которая подразумевает выделение интегральной части как связеобразующего стержня и интегральной информации, определяющей направление интеграции. Данный вывод аргументируется и доказывается на примере исследования поля интеграции знаний студентов при обучении смежным дисциплинам в системе профессиональной подготовки, в частности приводятся примеры из педагогических взглядов известного ученого-педагога Казахстана, доктора педагогических наук, профессора Байзака Копирбаевича Моминбаева.

Ключевые слова: интеграция, интегративный подход к обучению, межпредметные связи, интегративнополе, интегративный потенциал, профессиональная подготовка

Integrity is defined by many researchers as the phenomenon which main line is harmonious connection in whole former independently functioning parts. At the same time each integrated part does not lose the internal independence and its contents goes deep and enriched due to establishment of communications between characteristics of all components of the whole. The analysis of the didactic researches considering a concept of integration shows that this concept arose with inclusion in educational process of such category as intersubject communications, and has deep historical roots. The ideas of combination of knowledge found reflections in works of both foreign, and domestic scientists [1,2,3,4].

A number of Kazakhstan scientist-educators among whom much important place is taken by the pedagogical ideas of Professor Bayzak Kopirbayevich Mominbayev about synthesis of engineering and pedagogical disciplines refer to intersubject communications to the initial level of manifestation of didactic integration which is caused by a certain determining factors. In his speech on various level conferences and scientific researches (more than 200 works) Mominbayev B. K. emphasized the actuality and importance of such factors, as appearing of the current trends of development of science arising under the influence of integration process: informatizations, humanization, theorization, socialization, formalization of science. Carrying out tasks of structural and logical

streamlining of contents in subjects which corresponds to structure of fundamental sciences, intersubject communications promote performance of a problem of development of intersubject ways of activity in the subject matters which are derivative of applied sciences. At the same time, according to Mominbayev B. K., today it is necessary to focus attention that the solution of the problem of intersubject communications has not been fully implemented. Intersubject communications remained as the categories of auxiliary, accompanying educational process.

From history it is known that the results of early studies on a problem of "integrative processes in pedagogical science" were included into the collection of scientific works published in 1983. According to the authors of the collection it is regarded as "the first attempt to reflect essence of integrative processes of pedagogics as general scientific regularity". In this work the definition of integration is given as the way of "formation of fully harmoniously developed personality" of a person. The understanding of integration as principle of didactics is characteristic of the subsequent researches in the field and found reflection in works of many scientists-educators.

These works rely on extensive innovative pedagogical experience and represent the practical-focused study phenomenon of integration in education.

The theoretical bases of continuing professional education are also described by professor Mominbayev B. K. in his fundamental works as the textbook "Professional Pedagogics" [5] and in his 2-volume monograph "Theory and Practice of Professional Pedagogical Education" [6].

After the Russian scientist N. K. Chapayev he highlighted paradigms and also paid an attention to that as the central moment of defining specifics of this or that paradigm as the nature of relationship between the whole and its parts, and distinguished two paradigms: systems of engineering (systems of systems) and organic.

In a systems of engineering (systems of systems) paradigm the leading positions are taken by methodological and conceptual values of system approach in which rather independent parts play a role of the active beginning, whole acts as their product. The Systems of engineering paradigm in essence reduces integration to interaction of parts where separate parts perform functions of a factorial, independent variable; whole - a productive, dependent variable; interactions - some constant. In this case it means that process of interaction of parts surely leads to form the whole, i.e. to integration. In this paradigm whole is represented as the passive result. The System of engineering paradigm is preferable while studying external "phenomenon" of the parties of integration, but not essential.

The organic paradigm recognizes a priority role whole in relation to parts. It gives an opportunity to present whole as a living developed organism operating the parts in which both a certain specialization and functional interdependence are at the same time inherent. In this case whole plays a role not of a resultant variable, but an initial constant. The organic integration is understood as process and result of expansion of the whole not by interaction of parts, and by means of disclosure of all its opportunities. The difference of such approach from the systems of system paradigm of integration stated above is that integration is understood as the process where interaction of parts is determined by characteristics of the whole, the whole idea.

Scientists on the basis of existence of these paradigms distinguish a number of invariant concepts of the categorical field of integration: integrated potential, integrated information and an integrated part which are applicable for both formulated paradigms. Professor Mominbayev B. K. and other followers of this idea (Pavlenko V. K., Kabdolova K. L., Maygeldiyeva Sh. M.) also distinguish three levels of integrative opportunities or integrated potential in designing of maintenance of a subject:

- Interrelation – in presenting the content of a subject the occasional, fragmentary information from various disciplines is supplied;

- Intersubject communications - material is selected in advance and joint to the basic taking into account the harmony, necessity and sufficiency.

- integration - assumes formation of a course, discipline, a subject, the section, program, etc. in which there is a merge of the facts, the ideas, concepts, the principles, laws, theories of various sciences and human activities [7].

Relying on pedagogical views of professor Mominbayev B. K. about existence of integrative paradigms, in our researches we could define integrative approach to training as realization of integrated potential of a subject which means the selection of an integrated part as a core and the integrated information defining the direction of integration.

On the basis of the integrative processes increasing at present in the society the professional training of the future teacher, maintains the subject differentiation. It is obvious that the subject system of preparation promotes the formation of system of knowledge in students at each separate subject, but at the same time it differentiates the unity and integrity of ideas of many phenomena and processes in surrounding reality and in the forthcoming professional activity. As a result the knowledge and ability are got by students discretely, with gaps in time and extent. Overcoming the gap between knowledge gained by students in studying various academic disciplines promoted designing contents of a subject taking into account integrative communications and strengthening fundamentally formation in training of specialists. The problem of implementation of integration of knowledge on various disciplines in the system of professional education is represented especially urgent in consequence to the complex nature of professional activity of the future teacher. This formation of students – the future pedagogues complex abilities, integrated use of the gained subject knowledge promoting further development of bases of complete outlook in them.

Integrated opportunities of subjects content are put in the purposes of training provided by State standards and Programs of the integrated disciplines. Integrated potential - overall objectives of training - demands selection of an integrated part in the contents of the disciplines as the interconnected core. In this regard it is necessary to select an integrated kernel of concepts on similar theoretical material, to create unified "passing" system of studying of this material and formation of educational and informative skills which is characterized the followings:

a) the organization of interpretation of knowledge, skills in the course of studying of similar theoretical materials;

b) rational approach to the choice of methods and working methods in studying similar and different materials;

c) development of a typology of educational tasks, assignments, etc.

Assimilation of an integrated part, i.e. content of training in the integrated disciplines, will promote formation and improvement of the integrative information received in the course of training.

Ultimately students will master special educational competences, and in general the process of formation in personality of the student – future teacher of professional competence will be completed.

It should be noted that quality of training of students considerably depends on extent of ensuring disciplines with curricula, methods, means and forms of education of dialectic interrelation and continuity of the studied disciplines, and also from the ability of the teacher to support positive motivation of students to independent identification of such interrelations. Nowadays the most urgent goals of the high schools are humanization, individualization of educational process - can be solved on the basis of the usage of the integrative approach to training allowing to unite and generalize knowledge from related or different disciplines. In our opinion, such kind of approach to training promotes formation in students first of all the scientific outlook which is a methodological reference point in the process of knowledge.

References:

1. D.V.Rovkin . Didactic bases of constructive technology of integrative content of a discipline: Thesis – 1997. – 175 p.
2. G.F.Fedorets. Intersubject communications of pedagogics with psychology. – M., 1988. –p.87.
3. Integrative processes in pedagogical science and practice of communistic education and education: Collection of scientific works – M., 1983. – 224p.
4. Maygeldiyeva Sh. M. Integrative approach to training by different systems of languages / republished. – Saarbrucken, Germany: Ralmarium-publishing, 2014. – 12,4p.
5. Momynbayev B. K. Professional pedagogics. Almaty: Bilim, 2006 . p.552
6. Momynbayev B. K., Ustemirov K. Vocational-technical disciplines – Almaty, 2005.
7. N.K.Chapayev.Categorical field of an organic paradigm of integration: personal – pedagogical aspect//the conceptual framework of pedagogics of education: Collection of scientific works . E. V. Tkachenko. Issue 1. - Yekaterinburg, 1995. - Pages 61-77.
8. V.P.Bespalko. Bases of the theory of pedagogical system. – Riga, 1972. –p. 46; Theoretical bases of content of the general secondary education / Under the editorship of V. V. Krotsky. – M.: Pedagogics, 1983. - Page 108.

ӨОЖ 130.2

ЭТНО-РУХАНИ ПОРТРЕТ ТУРАЛЫ ОЙ

Н.МЫРЗАХАНОВ, биология ғылымдарының докторы,
М.Н.МЫРЗАХАНОВА медицина ғылымдарының кандидаты,
«Тұран - Астана» университеті, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік
университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада мұсылман әлеміне тән этно-рухани бастамалар жайында баяндалады. Діни-философиялық ғибраттардың ұлтымыздың бойындағы имандық портретін қалыптастырудағы маңызы мен алғы шарттары, өміршендігі мен ерекшеліктері туралы, оны қалыптастырудың негізгі тұғырлары жайында сөз болады. Табиғат, ғарыш және адам арасындағы нәзік ғибраттардың үлгі-өнеге мен сенімдік көзқарастарға негізделгендігін айту парыз. Бұларда дінді адамзат парасаттылығының сабақтастылығы деп қарастырған жөн. Ата- бабаларымыз тәрбие тілден басталады деп бекер айтпаған. Сондықтан ерте көне заманнан бастап ата-бабамыз асыл ұғым «сөздің» мағынасын күнмен теңеген. Мұндай сөздің мағынасы атадан балаға, ұлтымызға асыл генетикалық код жиынтығы есебінде беріледі. Адам өмірінің әртүрлі биіктік белесінде сөз арқылы ойлап уақытында қолданып істің нәтижелі болуын тілейді екен. Психо-физиологиялық қайшылықтар еңбек және демалу кестесінің бұзылуына байланысты туындайды, сөйтіп адам ауруға шалдығады. Біздің қоғамымызда бұл жағдай көбінесе адамдардың жеке басының мәдениетіне байланысты болатынын ескерген жөн.Денсаулық кепілдігін азайтатын ендігі бір себеп – адам әрекетінің бұзылуы болып табылады. Мұны ғылымда әрекетпен сол әрекеттің алдын-ала болжанған кейпімен сәйкеспеушілігінен туындайтын функциональдік қайшылықтар немесе функциональдік екіжүзділіктер деп атайды.

Бұл туралы ұлы Абай: «Құйрығы – шаян, беті – адам, байқамай сенбе құрбыға, жылмыңы – сыртта, іші – арам. Кез келер қайда сорлыға,- деген жолдарда өте дәл суреттеген».

Кілт сөздер: рух, діни-философиялық ғибрат, имандылық,нашақорлық, психо-физиологиялық қайшылықтар, тіл туралы ұғым

Аннотация

В статье рассказывается о этно-религиозной инициативе мусульманского мира. Формирование портрета религиозных и философских убеждений вдоль великих нации и об особенностях предпосылок важности и жизнеспособности, и она будет сосредоточена на формировании основных платформ. Главная причина, начать языковые образования предков. Поэтому с древних времен до древних предков благородного понятия "слово" уподобляется днем. Такой ребенок в смысле этого слова, нашего народа, является как драгоценный набор генетического кода. Различные высоты на рубеже жизни человека хочет, чтобы иметь возможность использовать время, чтобы продумать случай. Психофизиологические различия возникают в результате нарушения труда и остальной части графика, так что у людей возникает различные диагнозы болезни. Это связано с культурной идентичности людей в нашем обществе, которые должны быть приняты во внимание. Другая причина заключается, в снижении залога здоровья, которая является нарушением человеческой деятельности. Эта научная деятельность как предложение создал аутентичный образ этой операции, которая называется конфликт, возникающий в функциональном противоречии или функционального лицемерия.

Великий Абай сказал: "Хвост - скорпиона, поверхность - человеческое существо, случайно поверить другу, внешне – ухмиляется, внутри – нечестен. Интересно, ну какая же выгода бедняку. – точно описал эти строки".

Ключевые слова: наркомания, психо-физиологические разногласия, святое понятие «слово», дух, религиозно-философский урок, нравственность.

Annotation

The article tells about the Muslim world's ethno-religious initiatives. The formation of a portrait of the religious and philosophical belief along great nation about the features of the prerequisites of the importance and vitality and it will be focused on the formation of the main platforms. The main reason is to start language education ancestors. Therefore, since ancient times to the ancient ancestors of the noble concept of "word" is likened to the day. Such a child in the sense of the word, our nation is like a precious set of genetic code. Different height at the turn of life wants to be able to use the time to consider the case. Psycho physiological differences arise as a result of violations of labor and the rest of the schedule, so that people have a different diagnosis of the disease. This is due to the cultural identity of people in our society that need to be taken into account. Another reason is, to reduce the guarantee of health, which is a violation of human activity. This scientific activity as the proposal to create an authentic image of this operation, which is called a conflict arises in the functional contradiction or hypocrisy functional.

Great Abay said: "Tail - scorpion, surface - a human being. Accidentally believe friend. Appearance – laughing, inside - is dishonest. Interestingly, well what a benefit of the poor. - Accurately described these lines. "

Key words: addiction, physiological differences, a sacred concept of "word". spirit, religious-philosophical lesson, morality.

Бүгінгі таңда адамзат қауымының рухани-тәлімдік тұрғыда өзінің өткенінен айрыла бастауы кімді де болса қатты толғандырады. Тіпті, әлімсақтан рух, тәрбиелік, әдет-ғұрыптарды ерекше аялап келген Орталық Азия мемлекеттерінің өзінде де өмір арналарының адами қағидалары батыстың жабайы мәдениетінің илеуіне айнала бастады. Егер сан алуан ұлттар мен ұлыстардың ұлағаттылық бейнесі осы халықтар табынатын адамдардың идеалымен анықталады десек, «Өркениетті елдердің», ал тіпті бүгіндер өз ортамыздың тұрпайылануын қалай түсінуге болады. Бұған дәлел ретінде «рампа» корольдері, видео-көріністердің алпауыттары, әлемдік шоулардың дракондары Майкл Джексондар мен Филипп Киркоровтармен, олардың

ізбасарларының даңқымен беделінің барлық елдермен халықтардың ой мен рух бәйтеректері, Конфуций, Шекспир, Фирдоуси, Гете мен Достоевский, Бетховен және Моцарт, Абай, Шәкәрім, Мұхтар және Пушкиндердің барлығының беделінен жүз есе бұқаралана түскендігін қалай түсінуге болады? Бұл жай ғана мысал емес, бұл өте қорқынышты дерт, адамзат қоғамының айрықша сырқаттылығының көрінісі.

Болашақта меңзеу – адамдардың еңбекке деген көзқарасын жай ғана нан табуға емес, керісінше саналы еңбекке (білімді, жемісті, ұлағатты) баулу және салауатты өмірге жұмылдыру. Әлбетте, бірінші кезекте діни-философиялық, мәдени-танымдық нысандардың қойылғаны абзал. Адам табиғаты өзінің сұраныс-қажеттілік көзі ретінде озбырлық пен тағылықты ғана көздегендіктен, өзінің бұл әлемдегі орны мен ахуалы мәселесін ұмытып, өзінің тек қана планеталық қана емес, космостық күш екендіктерін естерінен шығарып алған іспетті [1,219б.]. Ежелгі шығыс пен қазақ даласының байланысын білдіретін, өмірлік ұстанымдар ғибратының дінмен тығыз байланыстарының жағымды жағының көмескіленуі дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Табиғат, ғарыш және адам арасындағы нәзік ғибраттардың үлгі-өнеге мен сенімдік көзқарастарға негізделгендігін айту парыз. Бұл арада дінді адамзат парасаттылығының сабақтастылығы деп қарастырған жөн. Бұл әрине, соқыр сенімнен аулақ нәрсе, бұл пенделік өмір-нәпсіқұмарлықтан фәни өмірден бас тарту және құлшылық жолының генездерімен парасатталған ізденіс.

«Адаспай тура іздеген хакім болмаса, дүние ойран болар еді» - деп ескертеді Абай (38-сөз). «Әрбір ғалым хаким емес, әрбір хаким ғалым» - дейді тағы да (сонда). «Ғалымдардың нақлибірлен мұсылман иман тақлиди кәсіп қылады», яғни «мұсылмандарды имандылыққа келтірген ғалымдардың оқу-әдістері», - деп қорытындылайды Абай (сонда). Олай болса, имандылық діни-пәлсафаның қазығы болып табылады. Алайда, иман сақтауға «қорықпайтын жүрек, айнымас көңіл, босамас буын қажет» екендігін айтады Абай [2]. Өйткені, имандылық адам өмірін, әлемді һәм ғаламшарды басқаратын рух заңдарының жиынтығы. Ол адамзат қоғамына тән барлық әдептік қасиеттерді – ар, ұят, намыс, қайрат, мейірімділік, қайырымдылық, ілтипаттылық, кешірімділік, қамқорлық, адамдық, ізеттілік және тағы басқа ғибраттарды қамтиды. Әлбетте, имандылық тек қана діни сенім емес, сонымен қатар ол адамзат көшінің өн бойына жинақталған тәжірибиелер сұрыптамасы екендігі аксиома. Ал, сол аксиомалар ізгілікті болу үшін ұлттық психологияға, әдептік нормаларға, нанымға, заңға тағы тағы қалыптастырылған [3,288б.].

Алғашқы зайырлы мемлекетті Мұхаммед пайғамбардың құрғаны белгілі. Жаңа діннің негізгі «құран» деген сөздің өзі «оқу» деген мағынаны білдіреді. Мұхаммед пайғамбардан: «Сіз дүниеде ең әуелі нені жоғары қояр едіңіз?» - деп сұрағанда, ол «ілімді жоғары қоямын» деп жауап берген. Демек, ілім иманға апаратын жол, баспалдақ [4,208б.]. Белгілі математика ғылымдарының негізін салушы Әл – Хорезми басында сәлдесі болған адам. Медициналық, астрономиялық, физикалық ғылымдарының негізін қалаған Әбу Әли ибн Сина, Ұлықбек, Әбу Райхан Бируни секілді ғұламалар да мұсылмандар. Дүние жүзінде Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл – Фараби де солай. Осылардың барлығы да теократтар («тео» -құдай, «кратия»-билік), яғни құлшылық жолының мүмкіндіктері.

Әлбетте, мұсылман имандылығының көптеген эстетикалық аспектілерін әр түрлі тыйымдар, шектеулер, ескертулер., т.с.с. құрайды. Оларға мысалы, нанды аяққа баспа, ақты төкпе, гүлді баспа, көкті жұлма, малды басқа ұрма, үлкен кісінің жолын кесіп қтпе, анаңа қатты сөйлеме, қарлығаштың ұясын бұзба, жоқ деп айтпа, адам,а қарап түкірме, кешке қарай көңіл сұрама, бей уақытта жылама, үйде ысқырма, пышақты шалқасынан қойма, біреуге қару кеземе, таңдайыңды қақпа, бөркінді теріс қаратып киме, мойныңа белбеу салма, отпен ойнама, екі езуіңді керме, пышақтың жүзін жалама, адамды саусақпен санама, құстың ұясын бұзба, тісіңді шұқыма, күлді шашпа, суға дәрет сындырма, шелектегі суға аузыңды батырма, шашты аяқ астына

тастама, құдыққа түкірме, киімнің жағасын баспа, т.т. жатады. Кейбір пайымдауларға қарағанда қазақта мұндай тыйым сөздердің ұзын ырғасы 240-тан асып жығылатындығы айтылады. Егер осы айтылған ойларға санамен қарасақ, ұлтымыздың бүкіл имандылық портретін, оның рух заңдарын байқауға болады [5,115б.]. Бұдан біз формальдік логикаға сай қарапайым әділеттіліктің ізін де көрмейміз. «Бұл құқай, басқа құқай» демекші, бұдан біз адамға деген ғаламшарлық сүйіспеншілікті, жаңашырлықты сеземіз [6,б.110]. Имандылық парасатын, имандылық дәрісін, имандылық тереңінің ой дүрбісі, жүрек айнасымен сараласақ, тұшыншақ төмендегі тұжырымдарды мойындар едік: табиғат – менің анам, жаратылыс – менің жолым, мәңгілік – менің патшалығым, тіршілікке құмарлық – менің өмірім, санам – менің қарызым, шындық – табыстарым, махаббат – менің қағидам, сүлбем – менің көрінісім, әлем – менің тұрағым, тәжірибе – менің мектебім, қиындықтар – менің сабағым, ауыртпашылық – менің қозғаушым, қуаныш – менің марапатым, сырқат – менің ескертушім, еңбек – менің әулием, жарық – менің жарқындығым, досым – менің үзеңгілесім, жауым – менің тіктеушім, күрес – менің аяулы мүмкіндігім, уақыт – менің міндеттеушім, тепе-теңдік – менің мінезім, бірқалыптылық – менің жолым, жетілдірілмек – менің мақсатым. Бұл қағидалар діни – философиялық рухымыздың көрігінде шындалған, азаматқа нұр мен денсаулық, яғни, болашақ әкелетін әрбіреуіміздің бойымызда болуға тиіс бастамалар деп ұққан дұрыс. Осы бастамалаға жету сегіз түрлі діни – философиялық тұғырға зер салуды қажет етеді. Олар, дұрыс сенім (бір Аллаға деген құлшылық), дұрыс шешім (өз жолыңды табу, тілек ұмтылысыңа шек қоя білу), дұрыс сөз (сөз зұлымдылығына жол бермеу – «жақсы сөз – жарым ырыс»), дұрыс іс (бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол), дұрыс өмір (ешбір жан иесіне, оның ішінде табиғатқа зиян тигізбеу), дұрыс ой (ой туралы ойлау, жаман ойды ауыздықтау, жол бермеу), дұрыс ниеттену (пейімдену, барлық зұлымдық ниеттен аулақ болу), дұрыс пайымдау (ақиқат жолындағы ізденістерді тереңдету, ойды шынықтыру, «болмасаң да ұқсап бағу»).

Бағдарламада сырқаттың алдын, салауатты өмір сүру, нашақорлыққа қарсы күрес тек мемелекеттің ғана емес, баршаға ортақ міндет екендігін атап көрсетілген. "Адам жүз жасай алады. Біз өзіміздің күйгелектігімізбен, өзіміздің ағзамыз, а бей-берекет қарауымызбен осынау қалыпты мерзімді анағұрлым азайтып аламыз" деген екен аса білгір ғалым, академик И.В.Павлов [7,144б.]. Тағы да: «Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты», депті атақты білімпаз А. Шопенгауэр [8]. Бұл даналар тек өз тәжірибесі емес, адамзат тарихының түрлі кезеңдерінде ір өлкеде, ір елде өмір сүрген білімпаздар айтып, жазып қалдырған, уақыт елегінен өтіп, ұрпақтар зердесіне ұялаған ұлағатты тәжірибелерге сүйенген. Рас біз өмір сүріп отырған XX ғасырдың соңынан XXI ғасырдың басында адам өлімінің 20% экологиялық зардаптарға, ал көптеген аурулардың туындауы халқымыздың тұрмыс деңгейінің төмендігіне байланысты екендігі белгілі. Десек те, бүкіләлемдік денсаулықты қорғау ұйымы мамандарының пайымдауынша жұқпалы емес аурулардың тек 10-15% ғана медицина мен денсаулық қорғау салаларының дамуына қатысты екендігі анықталып отыр. Қалған дерттермен сырқаттардың басты себептеріне адамдардың салауатты өмір сүруінің деңгейі (50-55%), қоршаған ортаның әсері (20-25%) және тұқым қуалаушылықтың бұзылуы (15-20%) сияқты әсерлер жататындығы айқындалған. Жоғарыдағы бұлтартпас дәлелдерден болашақ ұрпақтардың денсаулығының көптеген жағдайларда адамның жеке басына байланысты екендігін түсінуге болады. Осы орайда бұрынғы және қазіргі замандарда бүкіл адамзат мойындаған адам денсаулығының физиологиялық негіздерінің бұзылуына апаратын негізгі себептерге тоқталайық және оларға ашқарақтық, еріншектік, психо-физиологиялық қайшылықтар, екіжүзділік және тұқым қуалау шарттарын бұзулар жатады.

Сонымен – ашқарақтық, қомағайлық туралы бірер сөз. Бұл ұғымның ғылыми баламасы – булемия, яғни сырқатты тәбеттілік дегенді білдіреді. Ғылыми астың

құрамды бөліктерінің арақатынасы сақталуын, энергетикалық тепеңдікті, яғни қабылданған энергия мен жұмсалған энергияның арақатынасының сақталуын және көректену кестесінің сақталуын талап етеді. Алайда, ғылымның соңғы жаңалықтары ауаның, судың және астың энергетикалық мәнімен қатар, бәлкім, одан да жоғары – информатикалық мәні бар екендігін айқындап отыр. Осы тұрғыда ежелгі шығыста асты мұқият шайнап, оны сұйылтып барып ішу, ал суды жұта салмай тамсану салтының болғаны белгілі. Бұл астың бойындағы энергиялық ахуалмен қоса информациялық ақпаратты толық игеруді көздегендіктен туындаса керекті. Мұның өзі астың арқаулық мәні оның көлемінде ғана емес, түсіндірарлық (информациялық) мәнінде екендігін көрсетеді. Бұл туралы Ж. Баласағұнда [9] (Құтадығу білік, 1069-1070жж.).

«Көріп бақсақ жақсы айтыпты емшілер. Асты аз жесе ұзақ тірлік ер сүрер!» және «Тілесен сен дертсіз тірлік жайнаған, «Аз» деген бір дәріні езіп пайдалан» - деп дәл және мазмұнды айтылған. Шындығында, қазіргі ғылым ашқарақтықтың көптеген сырқаттардың, атап айтқанда, қан қысымының көтерілуіне, ағзалардың қызметінің бұзылуына жүрек, бүйрек, бауырдың ауруына әкеліп соқтыратынын дәлелдеп отыр.

Еріншектік, яғни дене қимылы мен ой қимылының азаюына әкеліп соқтырады. Бұл ұғымдардың ғылыми баламасы – гиподинамия және адинамия деп аталады. Гиподинамия, әлбетте жиірек – дене және ой еңбектерінің мешеулігі ретінде кездеседі.

Гиппократ [10]: «Гимнастика, дене жаттығулары, жүру, жұмыс істеу қабілетін, денсаулығын, кемел қуанышты өмірін сақтағысы келген әр адамның күнделікті тұрмысына берік енуі тиіс» - дейді. Шығыс ғұламасы Әл – Фараби: «Адамның мінез-құлқын жетілдіретін әрекеттер оның өз денесін жетілдіру үшін жасайтын әрекеттеріне ұқсайды. Адам денесінің жетілуі – денсаулығы, егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру керек. Денсаулыққа белгілі мөлшерде сақтанудың арқасында ғана жететін болғандықтан, мөлшермен ішіп-жесең денің сау болатыны мөлшермен еңбек етсең күш қосылатыны сияқты жақсы мінез-құлықтың мөлшерлі әрекеттері арқылы келеді деп тұжырымдайды»[11].

Психо-физиологиялық қайшылықтар еңбек және дем алу кестесінің бұзылуына байланысты туындайды, сөйтіп адам ауруға шалдығады. Біздің қоғамымызда бұл жағдай көбінесе адамдардың жеке басының мәдениетіне байланысты болатынын ескерген жөн. Адам өзін-өзін тану арқылы, өзгенің көңіл-күйін аулай алатын ортада қайшылықтардың аз болатыны дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Бұл тұрғыда адам денсаулығы үшін көз сәулесінің көңіл сәулесінің күштірек екендігін айту міндет. Біреу туралы жақсы ойлаудың өзі-үлкен даналық және ем.

Денсаулық кепілдігін азайтатын ендігі бір себеп – адам әрекетінің бұзылуы болып табылады. Мұны ғылымда әрекетпен сол әрекеттің алдын-ала болжанған кейпімен сәйкеспеушілігінен туындайтын функциональдік қайшылықтар немесе функциональдік екіжүзділіктер деп атайды.

Бұл туралы ұлы Абай: «Құйрығы – шаян, беті – адам, байқамай сенбе құрбыға, жылмыңы – сыртта, іші – арам. Кез келер қайда сорлыға,- деген жолдарда өте дәл суреттеген»[2].

Абайша айтқанда, сырты жылмың әрекет нәтижесіз қалып, ішкі адамдық қасиет әр уақыт жүзеге асады. Алайда сырты жылмың әрекеттерді қамтамасыз ететін биологиялық заттардың әсері адам ағзасы үшін ізсіз қалмайды. Ағзалар оларды ыдырату, денеден бөлу үшін ысырап еңбек етеді. Егер мұндай әрекеттер жиі қайталанатын болса осы қызметті атқаратын жүйелер қажып, адам сырқаттанады. Екі жүзді адамдардың көп ауруының бір себебі осы болса керек. Адам мақсатына аярылықпен жете алмайтыны, керісінше денсаулығына зиян келетіні сондықтан.

Денсаулықтың бұзылуының тағы бір себептеріне генетикалық нормалардың дұрыс сақталмауы жатады. Мәселе өте күрделі. Мен бұл арада сан ғасыр жасаған

халық даналығы «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөздің маңызы төңірегінде әңгіме өрбітпекпін.

Ең алдымен, жан, тән және сана туралы бірер сөз.

Жан-жүрек, тән-қайрат, ал сана-ақыл қайнарының көзі болып табылады. Осы үшеуінің қосылуынан қажеттілік пен сезімнің ұласуы, яғни махаббат туындайды. Неке дегеніміз – махаббаттың іс жүзіне асуы. Десек те, бабаларымыз: «Қалыңдықты алу оңай, той да оңай. Табу қиын осы жағын ойлағай», деп ескерту жасағанын ұмытпайық.

Бабаларымыз нағыз бақытты ұрпақ жеті атасын таныған да ғана дүниеге келетінін ескертеді. Жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспеудің сыры да осында болса керек. Қазір бұл дәстүр сақталып отыр ма? Жоқ. Бір ауылдағы бір-біріне өте жақын жастар бір-бірімен ойланбастан қосыла береді. Ал, шындығында, қаншама ұрпақ осының салдарынан дүниеге келмей, келген жағдайда ерте шетінеп немесе әлжуас ұрпақтардың қатарын толықтыруда. Өкінішті де, ойланатын жәй.

Осы мақалада келтірілген кейбір үзік ойлар бүгінгі таңда денсаулықты қорғау проблемалары тек арнайы медициналық проблемалары ғана еместігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Денсаулықты сақтау үшін тек емделу ғана емес, қоғам мүшелерін тәрбиелеу қажеттігін аңғарамыз. Бүгінде қоғамымызда мұндай ғылым қалыптасуда, ол – валеология деп аталады.

Бұл ғылым саласының мақсаты тек қана адамдардың дене және психологиялық саулығын жақсарту ғана емес сонымен бірге рухани саулығын жүйелі түрде қалыптастыру болып табылады. Академик [12] пайымдауы бойынша, денің сау болуы үшін тұрақты және ықпалды ерікті белсенділік қажет және оны ешқандай тәсілдермен айырбастауға болмайды. Ал валеология болса адамдарға сол белсенділіктің қай бағытта жүргізілуі қажеттігін айқындауға көмектеседі.

Бір сөзбен айтқанда, адам – жер табиғатының айрықша жемісі. Адамның денсаулығынан қоғам денсаулығы өріс алып әлеуметтік – экономикалық жетістік тек адам денсаулығының нәтижесінде туындайды. Ел Президентінің халыққа арнаған Жолдауында адам денсаулығына ерекше мән берілуінің бір сыры осында. Олай болса өз денсаулығымыз үшін, сонымен бірге елімізде дені сау қоғам құру үшін бар мүмкіндікті жұмсайық. Алда тұрған міндеттердің ішіндегі ең абыройлысы да осы міндет болып табылмақ.

Болашақта меңзеу – адамдардың еңбекке деген көзқарасын жай ғана нан табуға емес, керісінше саналы еңбекке (білімді, жемісті, ұлағатты) баулу және салауатты өмірге жұмылдыру. Әлбетте, бірінші кезекте діни-философиялық, мәдени-танымдық нысандардың қойылғаны абзал. Адам табиғаты өзінің сұраныс-қажеттілік көзі ретінде озбырлық пен тағылықты ғана көздегендіктен, өзінің бұл әлемдегі орны мен ахуалы мәселесін ұмытып, өзінің тек қана планеталық қана емес, космостық күш екендіктерін естерінен шығарып алған іспетті [13,288б.]. Ежелгі шығыс пен қазақ даласының байланысын білдіретін, өмірлік ұстанымдар ғибратының дінмен тығыз байланыстарының жағымды жағының көмескіленуі дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Табиғат, ғарыш және адам арасындағы нәзік ғибраттардың үлгі-өнеге мен сенімдік көзқарастарға негізделгендігін айту парыз. Бұл арада дінді адамзат парасаттылығының сабақтастылығы деп қарастырған жөн. Бұл әрине, соқыр сенімнен аулақ нәрсе, бұл пенделік өмір-нәпсіқұмарлықтан фәни өмірден бас тарту және құлшылық жолының генездерімен парасатталған ізденіс.

«Адаспай тура іздеген хакім болмаса, дүние ойран болар еді» - деп ескертеді Абай (38-сөз). «Әрбір ғалым хаким емес, әрбір хаким ғалым» - дейді тағы да (сонда). «Ғалымдардың нақлибірлен мұсылман иман тақлиди кәсіп қылады», яғни «мұсылмандарды имандылыққа келтірген ғалымдардың оқу-әдістері», - деп қорытындылайды Абай (сонда). Олай болса, имандылық діни-пәлсафаның қазығы болып табылады. Алайда, иман сақтауға «қорықпайтын жүрек, айнымас көңіл, босамас буын қажет» екендігін айтады Абай [2]. Өйткені, имандылық адам өмірін,

әлемді һәм ғаламшарды басқаратын рух заңдарының жиынтығы. Ол адамзат қоғамына тән барлық әдептік қасиеттерді – ар, ұят, намыс, қайрат, мейірімділік, қайырымдылық, ілтипаттылық, кешірімділік, қамқорлық, адамдық, ізеттілік және тағы басқа ғибраттарды қамтиды. Әлбетте, имандылық тек қана діни сенім емес, сонымен қатар ол адамзат көшінің өн бойына жинақталған тәжірибелер сұрыптамасы екендігі аксиома. Ал, сол аксиомалар ізгілікті болу үшін ұлттық психологияға, әдептік нормаларға, нанымға, заңға тағы тағы қалыптастырылған [14,2196.].

Тәрбие тілден басталады

Сөз – өте қасиетті ұғым. Ерте көне заманнан бастап ата-бабамыз асыл ұғым «сөздің» мағынасын күнмен теңеген. Күн немесе құт, береке деп дәрежесін көтерген. Адам биологиялық жоғары тұлға есебінде, дүниеде мағынасы зор – сөз (құтты болсын, құт береке берсін, аруақ қолдансын) дейді. Күнделікті өмір салтымызда, үйлену тойында (құтты болсын тойларың), спорт ойынының шың биік саласына шығу үшін (аруақ қолдасын) ұғымы терең, мән-маңызы жоғары, мағыналы сөздер қолданылады.

Мұндай сөздің мағынасы атадан балаға, ұлтымызға асыл генетикалық код жиынтығы есебінде беріледі. Адам өмірінің әр түрлі биіктік белесінде сөз арқылы ойлап уақытында қолданып істің нәтижелі болуын тілейді екен. Ал организмде биологиялық қасиеттері, яғни сана сезімі реттеліп ішкі жан дүниесінің қабілеті артып организмнің табиғи түрде қалауын сақтайды. Қазақ халқы биологиялық тұлға есебінде өзіндік ерекшелігі ішкі жан дүниесін өзін-өзі реттеу арқылы тәрбиелейді. Өзін осының нәтижесінде табиғаттың туындысы есебінде, біртұтастықта сезеді. Бұл деген табиғаттың және адамның мәңгілік табиғи қасиетінде қалуына жол береді. Бұл – ұлтымыздың сөз және ойлау байлығы. Сөз пікір алысу құралы ретінде адамның ойын ғана емес, сезімталдығын да білдіреді. Сонымен, сөйлеу мәдениетін ерекше қолдана отырып, ата-бабамыз ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық мұра ретінде өмір сүру бағытын, адамгершілік қасиетін, жеріне, мекен-жайына деген ерекшелігін сөзбен, ауыз әдебиетімен жеткізіп, күрделі философиялық ойлау қасиетін табиғатқа деген ілтипатын қалыптастырған.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы мен тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда білім беру саласы айтарлықтай оң өзгерістерге қол жеткізеді.

Мемлекеттік тілді үйрену, сол тілде таза сөйлеу, жатық білу – халықтардың өзара бір-біріне деген құрметі мен сыйластығын арттырады.

Тіл – адам баласының көңіліндегі ашуын, махабатын, жұмсақтылығын, қаттылығын, білімділігін, әдептілігін көрсететін құрал.

Адамдардың өзара қарым-қатынасы алдымен тіл арқылы жүзеге асады. Тіл пікір алысу құралы ретінде адамның ойын ғана емес, сезімін де білдіреді. «Сәлем-сөздің анасы» деп халқымыз тегін айтпаған. Сәлемдесу – адамдардың бір-біріне деген ізеттілігі, сый-құрмет көрсету, адамгершілік белгісі. Адамның жанына жағымды, жылы сөздер оның көңіл-күйінің пернесі сияқты. Жолуы мол, жан жадыратар шуақты сөз мағынасын халқымыздың «сіз деген – сөздің сынығы, сен деген – сөздің анығы» дегендей де даналығы дәлелдейді.

Сөйлеу этикетіне жататын сөздердің тілімізде сан алуан түрлері бар. Сөз арасында қолданылатын «кешіріңіз, ғафу етерсіз мүмкін болса мақұл көрсеңіз» сияқты сөздер жай, қарапайым сөздер сияқты болғанымен, тілге сыпайылық үстеп, ізеттілікті білдіреді. Мұндай жағымды қарапайым сөздер үлкенге де, кішіге де жарасымды.

Сөйлеу этикетіне жататын эмоциялық, яғни көңіл-күйді білдіретін сөздердің де қазақ тілінде қоры өте мол. Шын көңілден шыққан сөз жүректі тебірентпеуші ме еді.

Бүгінгі таңда біздің жеріміз «тілі басқа – тілегі бар» жүздеген ұлттардың мекені. Адам баласының өмірінде сөздің құдіреті мен күшінің зор екендігіне көз жеткізу үшін ақыл мен әділеттің елегінен өтіп, қуатты ойдан бас құраған, қаһарлы сөздің кейбір

асауды үйреткенін, батырға бас иіп, қайрат көңілге үміт беретін, қасарысқан қас жауды да қайыстыратыны да қай дәуірден де мысалға келтіруге болады.

Баланың өмiр сырын бiлуге арналған көп сұрағына сөзбен жауап береміз, ал сөздің бала тәрбиелеудегі маңызы зор. Сондықтан, үй ішінде, көшеде, далада ата-аналардың мінез-құлқы, ісі, сөз арқылы баласына өнеге болмақ.

Халқымызда көне заманнан келе жатқан «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген асыл сөздер тегін айтылмаған. Осындай нақыл сөздерді еске ала отырып, ұлттық тәрбиеміздегі ертегі, аңыз – әңгіме, мақал-мәтелдерден жас өмірімізге өнеге беретінін ұмытпағанымыз жөн. Халқымыз бала шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, сәби бойына бар адамгершілік, асыл қасиеттерді ұғындыруға тырысқан. Бесік жыры, ертегі, аңыз-әңгіме, хикая, мақал-мәтелдердің тәрбиедегі орнының ерекшелігін сезінген ата-бабаларымыз, ауыз әдебиеті үлгілері арқылы бала санасына сіңіріп, тек қанағып қоймай, қабылдау және оны айта білу, әңгімелеу, жырлау қасиеттерін де арттыруға үлкен көңіл бөлген. Әңгіме мал жайлауда жатқанда, отбасында жиналып, еркін жай-күйде отырғанда айтылады. Сол кезде жасөспірім тыңдаушы ретінде отбасындағы тұрмыс-тіршілікті көз алдына елестетіп, ерекше ұлттық сезімі оянып, толқу үстінде жан-дүниесімен қабылдауына жағдай жасалынады. Осындай ұлтымызға тән салт-дәстүрлер жалпы адамды сыйлауға, жақсы қасиеттерді танып-сезуге баулиды. Белгілі ақын-жазушыларымыз С. Мұқановпен М. Әуезовтың басқа да дебиет, қоғам қайраткерлерінің шығармашылығы осының дәлелі. Отбасында айтылған, жас кезінде берілген мағыналы ұғымы бар сөздер келешекте генетикалық қол есебінде бойға сіңіп, санада сарапталып, өмір сүру бағытының маңызды болуына, адамгершілік қасиетінің қалыптасуына үлкен көмегін тигізеді.

Ұлы ақын Абай бесінші сөзінде: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнде бір мәртебе болмасын жұмасында, ең болмаса айына бір, өзіңнен өзің есеп ал» дейді.

Яғни, жақсы ниет, жақсы талап арқылы өзіңді қадағала, айтар сөзіңе абай бол деген. Сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрге, ана тілімізге құрметпен қарап, сыйлауымыз керек, оның дамуына жол ашуымыз қажет. Ерте кезде от ауызды, орақ тілді шешендеріміз сөзден артық қазына да, құрмет те болмаған деп сөз құдіретінің шексіздігін мойындаған. Сондықтан да жастарға оқуда болсын, үйде болсын, демалыс кезеңінде болсын атақты жыраулардың, ақындардың толғаулары мен шығармаларын оқып, қолданып, ойда сақтауды әдетке айналдыру қажет деп ойлаймыз. Қазақтың ағартушысы А. Байтұрсынов [11,352б.] «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» - деген.

Сөйлеу – тілдің, яғни қарым-қатынас құралдарының белгілі бір жүйесінің көмегімен жүзеге асатын қызмет болып табылады.

Тіл – адамдардың санасының дамуының түп қазығы.

Сөйлеудің арқасында сана қоғамдық құбылыс ретінде қоғам өмірінің рухани жемісі ретінде қалыптасады және дамиды. Осыған байланысты адамның білімінің бастамасы болатынын нақты аңғару, сезімдік бейнелеудің өзі-қоғамдық тұрғыда ұйымдасқан аңғару, ал оның формасы – тіл.

«Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген халық даналығы отбасындағы тәрбиеге байланысты айтылған. Жақсы сөз табиғатқа да тән, өйткені табиғат – отбасы, мекен-жай. Бала тәрбиесінде сонымен бірге қазақтың тыйым сөздерінің де маңызы зор, мысалы, суды төкпе, нанды баспа және тағы басқа.

Осыған байланысты қазіргі кезде мектептер мен жоғары оқу орындарында, сөз өз дәрежесінде қолданса ата-бабаның берген ұлттық ұғымы жас өспірімдердің өз дәрежесінде дамуына ат салысады. Ал ұлттық мектептің және жоғары оқу орнының өз үлесінде құрылып дамуы қажет:

-сабақ кестесін қазақ ұлтының менталитетіне тән дамыту;

-оқу-құрал жабдықтарын таза ұлттық тілде құрастыру, жаңадан енген халықаралық сөздердің баламасын арнайы аз мөлшерде құрастырылған сөздік арқылы жалғастыру орынды;

-халқымызға тән салт-дәстүрді дамыту үшін әрбір оқу орында ұлттық тәжірибе лабораториясы болуы қажет (ландшафты, ерекшелігі, салт-дәстүр, сөйлеу, атадан балаға тәрбие беру, қоғамда, үй тұрмысында, өнер саласында осының бәрі ұлттық ауыл деңгейінде орындалуын талап етеді).

Қорытынды:

1.Жоғарыда көрсетілген ой пікірді іс жүзінде факультатив сабақ арқылы, қосымша арнайы сабақ арқылы және жаңаша оқытушы тұлға арқылы беруді талап етеді;

2.Мектеп және жоғары оқу орнына керекті оқулықтардың ұлттық дәрежеде шығуын қамтамасыз ету, оның мазмұнын, бейне суреттерін қадағалау – бүгінгі күннің талабы;

3.Әрбір қазақ, келешек тұлға өмірде өз орнын тауып, Абай Құнанбайұлы атамыз айтқандай, қоғам сұранысының «кірпіші» болып қалыптасуы шарт;

4.Қазіргі кездегі оқу барысындағы, тәрбие саласындағы өмір сүріп отырған орта келешекте адамның ұлттық тұлға ретінде дамуына әсер етуі шартты жағдаят болуы қажет. Бұл талап болшағымыздың темірқазығы екендігі шүбә тудырмаса керек.

Ана тілімізде оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруда едәуір ілгерулер бар. Болашақта ұлтымыздың болашағын ойласақ бүгіннен бастап күрделі сарапталған ой-пікірлерді іске асыруымыз керек.

Әдебиеттер:

1. Абай. Книга слов. –Алматы: Ел, 1993.-128 б.; 12 см. – Библиогр.: б. 126–127. – 100000 экз. – ISBN 5-605-01373-4.

2. Алтай Ж. Философия тарихы. -Алматы, 2001. -288 б.; 25 см. – Библиогр.: б. 286–287. – 3000 дана. – ISBN 5-7667-4999-9.

3. Аль-Фараби. Аль-Фараби в истории культуры. -М., 1975.-С.4.

4. Амосов Н.М. Мысли и сердце. -М.: Эврика, 1976.-С.7.

5. Байтұрсынов А. Саяси бағыттағы мақалалары патша үкіметі орындарына жақпаған ... Тіл құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). -Алматы: Алаш, 2005. -352 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 350-351.– 2000 дана. – ISBN 8-2861-3783-5.

6. Баласағұн Ж. Қазақ бақсыларының тарихилығы. -Астана, 2015.-205 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 203–204.– 3000 дана. – ISBN 2-3945-3861-7.

7. Гиппократ. «Очерки истории медицины» С.Ковнера. -Киев, 1883. –105с.; 23 см. – Библиогр.: с. 103-104. – 2000 экз. – ISBN 7-82618-761-2.

8. Есім Ғ. Сана болмысы. –Алматы, 2001. -219 б.; 25 см. – Библиогр.: б. 217–218. – 9000 дана. – ISBN 3-93246-682-2.

9. Мырзаханов Н. Экология культуры.//Вестник Евразийского национального университета. -Астана, 1997. -№4. -С.115-120.

10. Мырзаханов Н. Экологиялық эссе.- Қарағанды, 2006.-110 б.; 22см. – Библиогр.: б. 108-109. – 5000 дана. – ISBN 5-8380-0885-3.

11. Омаров Д. Шәкәрім шыңы. -Алматы, 2008. -208 б.;22 см. – Библиогр.: б. 206–207. – 1000 дана. – ISBN 9965-21-879-X.

12. ПавловИ.В.Физиология высшей нервной деятельности.-Львовский государственный университет, 1955. — 144 с.; 25 см. – Библиогр.: с. 142–143. – Предм. указ.: с. 135–137. – 7000 экз. – ISBN 5-93687-028-4 (в пер.).

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.И.СЕЙЛХАН, педагогика ғылымдарының кандидаты,
Х.А. ҒАНИ, магистрант,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада білім алушылардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастырудың негіздері қарастырылған. Білім алушылардың жеке қасиеттерінің олардың кәсіби құзіретіне ықпал ету деңгейі сипатталған және білім мен нақыштардың білім алушылардың кәсіби құзіреттерінің қалыптасуындағы рөлі анықталған. Кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыру үшін қажетті негізгі жеке қасиеттер көрсетілген. Мақалада сондай ақ отандық білім беру жүйесіндегі білім алушылардың кәсіби құзіреттіліктерін дамыту тенденциялары айқындалған.

Кілт сөздер: педагогика, білім беру, маман, құзіреттілік, беталыс.

Аннотация

В статье рассмотрены основы формирования профессиональных компетенций студентов. Описана степень влияния личных качеств на формирование профессиональных компетенций студентов и роль знаний и навыков в формировании профессиональной компетентности студента. Выделены основные аспекты личности, необходимые для формирования профессиональных компетенций. В статье также отражены современные тенденции в системе отечественного образования в части развития профессиональных компетенций студентов.

Ключевые слова: педагогика, образование, специалист, компетентность, тенденция.

Annotation

The article told us about the basics of formation of professional competence of students. It describes the degree of influence of the personal qualities on the formation of professional competencies of students and the role of knowledge and skills in the formation of professional competence of the future expert. It was detailed the basic aspects of personality required for the formation of professional competencies. The article also reflects the modern trends in the national education system in terms of the development of professional competencies of students.

Key words: pedagogy, education, specialist competence, trends.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті [1].

Қазіргі уақытта жоғарғы білім демократиялық қоғамның тұрақты дамуының көрсеткішіне айналды. Қазақстан Республикасының Болон процесі арқылы Еуропалық және әлемдік білім беру процесіне белсенді араласуы, 2011-2020 жылдарға арналған Білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы және жүзеге асырылуы болашақ маманды кәсіби даярлауға жоғары талаптар қояды.

Білім берудің мақсаты үшкомпонентті сипатқа ие: кәсіби салада – кәсіби біліктілік, қоғамдық өмірде – жеке тұлғаның ойдағыдай әлеуметтенуі, жеке салада – өзінің құндылығын сезіну, қызметте жалпы рефлексия және белсенділік көрсету, өзін-өзі тану.

Қазақстан Республикасында мамандарды үш деңгейде даярлау үшін жоғары білім саласында реформалар жасалды, олар: бакалавр – магистратура – докторантура. Осы мақсатпен қазақстандық жоғары білім беру мекемелерінде оқытудың кредиттік жүйесін ендіру бойынша жұмыстар жасалып жатыр, кредиттік технология болашақ мамандарға халықаралық стандарттарға сәйкес болуға көмектеседі [1]. Оқытудың кредиттік жүйесінің негізгі критерийі студенттің 70 % өз бетінше жұмыс жасауы болып табылады. Студент осы постулатты бірінші курста оқып жүрген кезден-ақ түсінуі және зердесіне сіңіруі керек. Жоғарғы оқу орындарының студенттерінің танымдық белсенділігінің қалыптасуының мәселесі кең және көпқырлы.

Танымдық белсенділіктің қалыптасу үдерісі, бір жағынан, білім алушының өзін-өзі ұйымдастыра білуінің, өзін-өзі танытуының нысаны ретінде шығады және екінші жағынан, білім алудағы белсенділікті қоздыратын әдістерді іздеуде педагогтың тарапынан ерекше ізденістердің нәтижесі ретінде шығады, білім алу белсенділігі үш деңгейге негізделген – жаңғыртатын қызмет, түсіндіретін іс-әрекеттер және шығармашылық. Кәсіби білімдердің негіздерін студент оқытушыдан алады, ал білімдерді беру және алу үдерісі абстрактілі-дерексіз және механикалық емес, тұлғалар арасындағы эмоционалды-қаныққан өзара әрекеттесу ретінде сипатталатындықтан, алынатын білімдерді де студент оқытушының тұлғасын ұнатуының және оған деген ынтықтығының призмасы арқылы түсінеді.

Студент жоғары мектепте білім алған кезде ол жеке тұлға ретінде қалыптасып қана қоймай, сондай-ақ, болашақ маман ретінде де қалыптасады. Жеке тұлғаның кәсіби тұрғыдан қалыптасуының барысында болашақ кәсіпқойдың дамуының келесі кезеңдерін бөлуге болады: алдын-ала қалыптасу кезеңі; кәсіби ниеттердің қалыптасу кезеңі; дайындық кезеңі; бейімделу кезеңі; кәсіпқойға айналу кезеңі; шеберлік кезеңі.

Студент жоғары оқу орнында білім алған кезде орын алатын кезеңдерді толығырақ қарастырайық. Кәсіби ниеттердің қалыптасуының кезеңінде студент болашақ мамандықтың әлеуметтік маңыздылығы туралы, дайындықтың мүмкін нысандары және әдістері туралы, қызмет етудің жағдайлары туралы, берілген кәсіптегі маманға қойылатын талаптар туралы қажетті түсініктерді алу керек. Жеке тұлғаның кәсіби тұрғыдан қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде адамның айналасындағы әлеуметтік жағдай және оның тікелей қызметі үлкен мәнге ие, одан кейін жеке тұлғаның белсенділігі маңызға ие. Дайындық кезеңінде студентте алғашқы кәсіби білімдер және дағдылар, сондай-ақ, типтік міндеттерді шешу әдістері қалыптасады. Студент жоғары оқу орнында алатын теориялық білімдерге қоса әртүрлі тәжірибелерден өткен кезде, сондай-ақ, мамандық бойынша өз бетінше қосымша жұмыс істеп жүрген кезде өзі таңдаған мамандық бойынша тікелей қызметке ену мүмкіндігіне ие болады [2].

Жеке тұлғаның келесі кәсіби қалыптасуы немесе магистратура мен докторантура білім алу барысында, немесе таңдалған мамандық бойынша жұмыс барысында өтеді. Жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуының барысына, сондай-ақ, басқа да факторлар тікелей әсер етеді, олар шартты түрде екі түрге жіктеледі:

- ішкі факторлар – жеке тұлғаның өзіне тән сипаттамаларының кешені, сондай-ақ, уәждемелейтін сипаттағы әлеуметтік факторлар, олар жиынтығында болашақ маманның тұлғасының интеллектуалды және психологиялық қалыптасуын қамтамасыз етеді;

- сыртқы факторлар, оларға студенттердің оқу қызметі де, мамандықты таңдауға әсер ететін тұлғаның әлеуметтік айналасының факторлары да енеді.

Алайда, оларға қарама-қарсы факторлар да бар, олар да әлеуметтік сипатқа ие болады, мысалы, органикалық сипаттағы қандай да бір қиындықтардың салдарынан қалаулы қызметті іске асырудың мүмкін еместігі, қызметте жұмыс істеу ниетінің болуы, бірақ берілген кәсіп үшін қажетті белгілі бір арнайы дағдылардың қажет екендігін түсінбеуі.

Оқу үдерісі барысында білім алушы танымдық қызметке қызығушылықпен қатысуы керек, танымдық қызмет қызықтыруы керек, оған қатысқаннан кейін білім алушы риза болуы керек. Студент оқу мазмұнымен өз бетінше жұмыс жасауы керек, және сонда ғана білім саналы түрде игеріледі және интеллект жақсы дамиды, өз бетінше білім алуға, өз бетінше үйренуге, өзін-өзі ұйымдастыруға деген қабілет қалыптасады, яғни танымдық белсенділік қалыптасады [3].

Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті маманды даярлау оның теориялық білімдерінің деңгейіне, өз бетінше үйренуге қабілетіне, техника мен ғылымның жаңа жетістіктерінен хабардар болуына байланысты. Магистранттар үшін оқу жоспары білімдер мен дағдылардың қажетті деңгейіне ие мамандарды даярлауға бағдарлануы керек, ол білімдер кәсіпорында жұмыс істеген кезде көмектеседі және тұлғаның келесі дамуы үшін негіз болады. Курстың бас кезін тарих және ғылым философиясы, ағылшын тілі, жоғары мектептің педагогикасы және психологиясы сияқты негізгі пәндер құрауы керек. Бұл негізгі пәндер болашақ мамандарға қоғамда, оның бір бөлшегі ретінде, жұмыс жасауға және дамуға көмектеседі, қатынас жасаудың машықтарын дағдыландырады. Жоғары мектептің психологиясы және педагогикасы білім алушылардың психологиясын да, сондай-ақ, оқыту үдерісін жемісті іске асырудың педагогикасын да түсінетін болашақ оқытушыны даярлауға бағдарланған, сонымен қатар берілген дағдылар жұмыс ұжымында да пайдалы болар.

Кәсіби ағылшын тілі – бүгінгі күні қызметтің кез-келген саласының ажырамас бөлігі. Бұл тіл халықаралық қатынас жасаудың және бизнестің тілі, сондықтан тілді білу маманды даярлауда басты пунктердің бірі болып табылады. Оқу жоспарында міндетті курстар да, сондай-ақ, студент өзі таңдай алатын курстар да бар. Кәсіби міндетті пәндер жұмыстың әр-түрлі түрлері кезінде орын алатын үдерістерді терең түсіну үшін әзірленген.

Студенттер үшін оқытудың қосымша түрлерінің бірі ретінде ғылыми-зерттеу жұмысы алға шығады, ғылыми жұмыс білім алу барысында жазылуы мүмкін. Жұмыстың берілген түрі өнеркәсіптің берілген саласында көкейтесті мәселелерді анықтауға, оларды шешу үшін мақсаттар мен міндеттер қоюға көмектеседі және экономикалық көзқарас тұрғысынан, сондай-ақ экологиялық көзқарас тұрғысынан мәселені шешудің ең оптималды нұсқасын ұсынуға мүмкіндік береді. Курс мұнай саласындағы инженерді даярлауға бағдарланған, нәтижесінде инженер белгілі бір тапсырмаларды орындап қана қоймай, сондай-ақ, заманауи жағдайды талдай алатын, өндірістің дамуын тежейтін мәселелерді шешу үшін жаңа әдістерді, шешімдерді әзірлей алатын және енгізе алатын кәсіпқой маманға айналады.

Қоғамның дамуының заманауи кезеңінде маманды даярлаудың сапасы оның білімділігінің деңгейімен ғана емес, сонымен қатар өзінің кәсіби қызметінің аясында міндеттерді өз бетінше қоя білу және шешу дағдысымен де анықталады. Бұл да студенттің өз бетінше танымдық қызметін ынталандырудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Студенттің белсенді қызметі болашақ мамандарды кәсіби қызметтеріне даярлаудың негізіне айналады.

Сонымен бірге, болашақ маман үшін өз кәсібіне және ұжымдас адамдарына деген оң қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал ететін жеке ерекшеліктердің болуы; жеке басының өсуіне, кәсіби тұрғыдан жетілуіне ұмтылу сияқты қадір-қасиеттер де маңызды болып табылады. Кәсіби құзыреттілік жеке тұлғаның ерекшелігінің көрінісімен маңызды дәрежеде байланысты болғандықтан, оқыту да білім

алушылардың жеке дара, генетикалық негізделген қасиеттерін ескеруді және олардың дамуына көңіл аударуды талап етеді.

Нарықтық экономика көзқарасы тұрғысынан маманды даярлау болашақ маманның кешенін дайындау және зерттеу мүмкіндігін береді, нәтижесінде болашақ маман еңбек нарығының конъюктурасын, өзінің мүмкіндіктерін және мұқтаждықтарын ескерумен тиімді бәсекелеске түсуге және өз потенциалын іске асыруға мүмкіндік алады.

Осылайша, студенттің танымдық белсенділігінің қалыптасуының міндетін шешу оқыту үдерісін жетілдірумен байланысты болады. Техникалық ЖОО-ғы оқу үдерісі болашақ кәсіптік қызметтің сәйкесінше жақтарын толығырақ үлгілеу керек. Осыған орай, заманауи білім берудің басты тактикалық міндеттерінің бірі ЖОО-ның бітірушілерінің жан-жақты компетенцияларын қалыптастыратын, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті және өздігінен даму есебінен бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатуды қамтамасыз ететін инновациялық педагогикалық технологияларды әзірлеу болып табылады.

Еліміздің болашақта көркейіп, бәсекеге барынша қабілетті мемлекеттердің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақтың қандай білім мен тәрбие алатынына тікелей байланысты. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының алдында жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман дайындау міндеті тұр.

Әдебиеттер:

1. Карабаева А.Ж. Место и роль молодежи в достижении долгосрочных целей и задач «Стратегии-2050». – Алматы: Дизайн Полиграф, 2014. – 14 с.; 25 см. – Предм. указ.: с.12. – 1000 экз. – ISBN 2-35978-386-2 (в пер.).

2. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.// Егемен Қазақстан. - 2010. -14 желтоқсан.

3. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.// Егемен Қазақстан. -2012. -15 желтоқсан.

4. Исаев Е.И. Особенности исследования субъектности и ее развитие в студенческом возрасте Межвузовский сборник научных трудов/ Под. ред. А.А. Орлова. – Тула, 2005. – 247 с.; 23 см. – Библиогр.: с. 245-246. – Предм. указ.: с. 242. – 1000 экз. – ISBN 3-53497-672-8.

5. Хасия Т. В. Условия формирования будущего специалиста вуза.// Молодой ученый. - 2011. -№10. -Т.2. -С. 184-185.

ӨОЖ 82-2:894.342

СҰЛТАНӘЛІ БАЛҒАБАЕВ - ДРАМАТУРГ

А.Е.АЙТБАЕВА, филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазіргі қазақ драматургиясы қазақтың XX ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Бүгінгі қазақ драматургиясы –әлем өркениетіндегі классикалық жанрлар үлгілерімен жазылған туындылары арқылы өзіндік даму белестерінен өтті. Сұлтанәлі Балғабай - Сыр бойының перзенті. 1946 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Мұстафа Шоқай ауылында дүниеге келген. Сұлтанәлі Балғабай есімі қазақ жұртшылығына кеңінен танымал. Соның ішінде қазақ драматургиясында өзіндік ерекшелігімен көрінеді. Сұлтанәлі Балғабай – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері камтылған.

Жазушының пьесаларында қазіргі заманғы отбасылық-тұрмыстық өзекті мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар тұтастығымен бейнеленген. Драматург туындылары тез оқылады. Оның себебі оқиғалары қазақ халқының тұрмыс тіршілігі күнделікті өмірімен байланыста берілген. Ұлттық сипат мен мұндалап тұрады, кейіпкерлері жан дүниесінің тазалығымен ерекше.

Драмалық шығармалардың басты мақсаты –шындықты жариялау, өмірдегі келеңсіз нәрселерді әшкерелеу, заманымыздың ең өткір, көкейкесті мәселелеріне қозғау салу. Ұлттық драматургияның даму барысына тоқталар болсақ, драма жанрының өрбуіне соңғы уақыттағы қоғамдық-саяси, тарихи-мәдени жағдайлардың игі ықпал еткенін аңғарамыз.

Кілт сөздер:классикалық жанр, отбасылық-тұрмыстық мәселелер, ұлттық сипат, драма, ұлттық шығарма.

Аннотация

Современная казахская драматургия, являясь закономерным продолжением развития казахской классической литературы 20 века, прошла собственные этапы развития посредством произведений, написанных по образцу мировых классических жанров. Султанали Балгабай – уроженец земли Сыра. Он родился в 1946 году в поселке им. Мустафа Шокая Шиелийского района Кызылординской области. Имя Султанали Балгабая широко известно казахскому читателю, в первую очередь, благодаря его собственнотраматургическому «почерку». С.Балгабай – видный писатель-драматург современной казахской литературы. В его пьесах «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Әйелдер әлемі» поднимаются самые различные жизненные проблемы.

Современные проблемы семейно-бытового характера в произведениях драматурга описываются в единстве их драматического, трагического и комического аспектов. Его пьесы легко читаются, потому что поднимаемые автором проблемы связаны с повседневной жизнью казахского народа. Ярко выражен национальный колорит, персонажи отличаются внутренней духовной чистотой. Пьесы С.Балгабая отличаются тематическим и жанровым разнообразием.

Пьесы драматурга – это притягательные, глубоко содержательные видеино-художественном отношении произведения, в которых при всей их лаконичности содержится глубокий смысл, призывающий читателя к вдумчивому размышлению, сохранению особенностей национального познания.

Ключевые слова: классический жанр, семейно-бытовые проблемы, национальный колорит, драма, национальное произведение.

Annotation

Modern Kazakh drama is development of the Kazakh classical literature. XX century, which is written on the sample of world classical genres. He was a son of the land Syr. He was born in the village of Mystafa Shokay, the district Shieli, in Kyzylorda region. The name of Sultanali Balgabaev is the best known for all Kazakh readers, because of this own dramaturgical handwriting. S.Balgabaev is famous writer of modern kazakh literature. In his plays «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біздерде ғашық болғанбыз», «Әйелдер әлемі» considered a variety of life problems.

Dramatist described the problems of modern life, by dramatical, tragetical, comical aspects. His plays are easy to realize, because the author's works are connected with Kazakh people's daily life. In his plays kazakh national character pronounced dramatically and inner spiritual purity.

Key words: classical genre, life problems, national character, drama, national product.

Қазіргі қазақ драматургиясы қазақтың ХХ ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Бүгінгі қазақ драматургиясы – әлем өркениетіндегі классикалық жанрлар үлгілерімен жазылған туындылары арқылы өзіндік даму белестерінен өтті. Сұлтанәлі Балғабай - Сыр бойының перзенті. 1946 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Мұстафа Шоқай ауылында дүниеге келген. Сұлтанәлі Балғабаяев есімі қазақ жұртшылығына кеңінен танымал. Соның ішінде қазақ драматургиясында өзіндік ерекшелігімен көрінеді. Сұлтанәлі Балғабаяев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері камтылған.

Жазушының пьесаларында қазіргі заманғы отбасылық-тұрмыстық өзекті мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар тұтастығымен бейнеленген. Драматург туындылары тез оқылады. Оның себебі оқиғалары қазақ халқының тұрмыс тіршілігі күнделікті өмірімен байланыста берілген. Ұлттық сипат мен мұндалап тұрады, кейіпкерлері жан дүниесінің тазалығымен ерекше. Әр дәуірдің тыныс – тіршілігі сол кезеңде өмірге келген көркем туындыларда бейнеленеді. Драмалық шығармалардың басты мақсаты – шындықты жариялау, өмірдегі келеңсіз нәрселерді әшкерелеу, заманымыздың ең өткір, көкейкесті мәселелеріне қозғау салу. Ұлттық драматургияның даму барысына тоқталар болсақ, драма жанрының өрбуіне соңғы уақыттағы қоғамдық-саяси, тарихи-мәдени жағдайлардың игі ықпал еткенін аңғарамыз. Тәуелсіздігімізбен бірге келген жариялылық, демократия сынды ілгерішіл ұғымдар өткен тарихымызды, бүгінгі өміріміз бен келешегімізді қайта сараптауға, ақиқат таразысына салуға жол ашты. Осы орайда қазақ драматургиясы тарих қойнауынан сыр шертетін, кешегі кеңестік кезеңнің көлеңкелі жақтарына үңілетін, бүгінгі ұлт өміріндегі өзекті мәселелерді қозғай отырып, ой толғайтын жаңа туындылармен тоғысты.

Қазіргі қазақ драматургиясы әлемдік классикалық дәстүрді шығармашылықпен қабылдай отырып, ұлттық топырақтағы осы өнердің өркендеуіне жаңашылдықпен үлес

қосып келеді. Олардың қатарында: Ө.Кекілбаевтың «Абылай хан», Қ.Ысқақовтың «Есеней – Ұлпан», «Қылкөпір», «Қазақтар», И.Оразбаевтың «Естайдың Қорланы», «Қорқыттың көрі», «Махамбет», «Шоқан», «Мен ішпеген у бар ма?..», Н. Оразалиннің «Ақ құс туралы аңыз», «Қара қазан ғасыры», Ш.Мұртазаның «Домалақ ана», С.Асылбекұлының «Желтоқсан түні», Т.Мәмесейітовтің «Бәкей қыз», Р.Мұқанованың «Қыз жылаған», С.Қасымбектің «Иасауи қасіреті» сияқты пьесалары қазіргі драматургияға да үлкен жетістігіміз. Ұлттық драматургияда бүгінгі заман келбетін, қоғамдық санада қалыптаса бастаған жаңа көзқарастарды, өзгеше ойлайтын тұлға типтерін бейнелейтін туындылар да көптеп жазылды. Қаламгерлеріміз нарықтық экономиканың адамдар санасына, дүниетанымына әсері, ар-ұят ұғымының өз мәнін жоюы, жұмыссыздық, баспанасыздық, отан, ел, отбасы алдындағы жауапкершіліктен айырылу солардың салдарынан қылмыстың етек жаюы, жастарымыздың отбасы құндылықтарын сақтай алмауынан, өз махаббаттарына тұрақсыздықтарынан ажырасу сынды құбылыстардың белең алуын көрсете отырып, бүгінгі қоғам тіршілігінің шынайы бейнесін жасады. С.Жүнісовтің «Қылмыскерлер», Р.Мұқанованың «Шатыр астындағы Мен» (2008), И.Оразбаевтың «Портмоне», Р.Отарбаевтың «Нашақор жайлы новелла», «Нұр жуған ғұмыр», Т.Ахметжанның «Екі жүрек», Ө.Таразидің «Ақын, періште, махаббат», И.Сапарбайдың «Махаббат мейрамы», Н.Ораздың «Адасқан жұлдыз», Б.Тоғысбайұлының «Жансая», «Жұбай саудасы» және С.Балғабаевтың «Қазақша күрес» (Мәдениет министрлігінің жабық бәйгесінің жүлдесін алған), «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Ғашықсыз ғасыр», «Біз де ғашық болғанбыз» т.б пьесалары арқылы толықты.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Тебегенов: «Жалпы замандас тақырыбынан ой қозғайтын пьесалардың сахнада өздерін көргісі келетін жас көрермендер психологиясына тигізер ықпалы зор. Драмалық шығармалардағы кейіпкерлер тұрмыс-тіршілігінің, мінез ерекшелігінің, өтіп жатқан оқиға құбылыстарының олардың санасына шынайы жетуінде қызмет атқаратын негізгі тұлға драматург десек, ұлттық драматургияда өзіндік қолтаңбасын анықтаған С. Балғабаев шығармалары театр репертуарларынан берік орын алып келеді. Оның қаламынан туған дүниелер романтикалық, лирикалық сипатымен, кейіпкерлері жан дүниесінің тазалығымен ерекше» [1], -дейді.

Театр сыншысы А.Қалиеваның : «С.Балғабаевтың барлық драмасынан, мейлі ол 80-90 жылдардағы жазылған пьеса болсын, тіпті тәуелсіздік алғаннан кейінгі бүгінгі қоғамда жазылған пьеса болсын, одан әрдайым заман бейнесі, заман адамы бейнесі сезіліп тұрады. Драматургтың өзіндік ерекшелігі деп те осы қырын айтуға болады. Драматургия алдымен, көрермен көңіліне ой тастайтын, терең де, байсалды толаныстарға бастайтын салмақты міндетті атқаруға тиіс. Драматургияның ежелден қалыптасқан идеялық бағыты мен мақсаты тек жиылған қауымды қызыққа батырып, сауық құру емес, ең әуелі көрерменіне рухани азық беру, ойға ой-сезім қосу арқылы олардың ақыл-парасат деңгейін өсіру екені сөзсіз. Яғни, әрбір туындыда көрермен ғибрат алатындай, белгілі дәрежеде театр талаптары сақталуға тиіс» [2, 205б.], -деген пікірімен санар болсақ, бұл тұрғыдан алғанда С.Балғабаев пьесалары -аз сөзге көп мағына сыйдырып, салмақты ойларға, ұлттық таным аясынан ары аттап кетпейтін идеялық-көркемдік тұрғыда тартымды, мазмұнды шығармалар. Пьесаларының тақырыптық, жанрлық ауқымы сан қилы. Туындыларында қазіргі заманғы отбасылық-тұрмыстық өзекті мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар тұтастығымен бейнеленген.

Мысалы, «Ең әдемі келіншек» пьесасындағы кейіпкерлер тағдыры қайшылықты тіршілік келбетін, әралуан адамдар тағдырларын романтикалық және реалистік болмысымен көз алдымызға әкеледі. Пьесаның басты кейіпкері – Гүлбаршын. Осыдан он жыл бұрын Алматыдағы жоғары оқу орнын бітіргендер сол айтулы күнді атап өту үшін жиналып, тойлап жатқан қауышулар сәттеріндегі сезім өрнектері, тағдырлар

тоғысуы – сахналық койылым жағдайына орайластырыла берілген. Басты кейіпкер Гүлбаршын мен жанама кейіпкерлердің (Абдолла, Алтай, Жиенбай, Мадина, Зухра) монологтары мен диалогтары арқылы – әйелдер мен еркектер арасындағы шынайы махаббат пен тағдыр ықпалындағы қарапайым жұбайлық ғұмырға көнетін тұрмыстық психология қайшылығы көрсетілген. Пьесаның сюжеттік-композициялық құрылысындағы Гүлбаршынның сырт сұлулығына, мінез тартымдылығы нанымды шынайы берілген. Гүлбаршын жеңіл ойдың жетегінде кетпейді. Бәріне де жауаптылықпен қарайды. Дегенмен адамның мына дүниеден безгісі келіп, өмір сүруден қашқысы келген сәттерде Абдолла сияқты жаны сұлу адамдардың құтқара алуы өмір заңдылығы. Пьесаның соңындағы Гүлбаршын мен Абдолланың диалогы арқылы драматург біраз нәрсені аңғартады. Пьесаның көркемдік түйіні – ғұмырдың сұлулығы өзінді жақсы көретін адамның сезімі екендігін бағалау.

Пьесаның көркемдік шешімін танытатын кейіпкер Жиенбайдың диалогтары мен монологтары әйелді жан-тәнімен сүйген еркектердің орынсыз қызғанышқа ерік беретініне де, маскүнемдікке салынатынына да, қызғанған адамдарымен төбелесетініне де, содан сотталатынына да кейіпкер тағдыры сендіреді. Бірақ, өзі ғашық болып қосылған әйелден ешқашан ажырағысы келмейтін, жылдар өтсе де қайта қосылудан күдер үзбейтін еркек махаббаты Жиенбай тағдыры арқылы жинақталып берілген.

Пьеса сюжетінің шешімінде адамдардың алып-ұшқан асау сезім құрсауына қанша түссе де, бәрібір тұрмыс заңдылығына бағынатындығы дәлелденеді. Қазақ деп аталатын халықтың ибалы келіні ар-ұяттан аттамай, өзіне өліп-өше ұмтылған Абдоллаға да, бір сәттік қайта ояңған сезімін білдірген алдамшы Алтайға да берілмей, қанша алабұртып толқыса да, өзіндік өмірлік тұрағына қайта оралған Гүлбаршын тұлғасы бүгінгі келіндер үшін үлгі-өнеге болмақ. Махаббат гүл сияқты, аялауды, мәпелеуді керек етеді. Ұлы Абай: «Адамшылықтың алды-махаббат, ғаделет сезім» десе, Гүлбаршынды ләззатқа бөлеген Абдолланың ғаделет сезімі болатын. Бірақ оған ақыл, естілік әмірші болуға тиіс. Гүлбаршында бұл қасиеттер жеткілікті. Драматургтың негізгі мақсаты – Гүлбаршын бейнесі арқылы оның ішкі әлемін айқара ашып, оның жан сұлулығын нәзіктігі мен адамгершілігін паш ету.

«Біз де ғашық болғанбыз» пьесасының сюжеттік-композициялық желісінде заманымыздың ең өзекті мәселесі – махаббат, отбасы, бала тағдыры нысанға алынған. Қыз бен жігіт кезінде бірін-бірі ұнатып қосылған көп жұбайлардың отбасын құрып бірге тұру сынағына төтеп бере алмай, о бастағы тұтанған, шын сүю сезімін, махаббатты қорғай алмай ажырасып кететінін, бірақ екеуі де тап сондай кайталанбас ғажайып шынайы сезімді өмір бойы аңсап өтетінін, ажырасқандарына өкінетіндерін автор пьеса кейіпкерлері Дәукен (Дәуітрахымбай) мен Зияда тағдырлары арқылы дәлелдеген. Оқиға күтпеген кездесулерден басталып, Дәукен (Дәуітрахымбай), Зияда, Сарман, Айжан арасында өрбиді. Басты кейіпкеріміз Дәукеннің үш ұйықтаса алғашқы жары Зияда мен жеті жыл хабар-ошарсыз кеткен қызы Күнсұлумен көрші боламын деген ойында жоқ. Құдіреті күшті құдай оларды қабырғалас көрші етті. Түсініспеушіліктен бір отбасы құрдымға кетті. Ал Күнсұлу тағдыры ше? Менің ойымша, Зияда сияқтылар да ер адамды жеңем деп жүріп, басындағы бақытынан, қасындағы жарынан айрылып қалуы өмірде көбірек ұшырасатын жағдай. Пьеса философиялық иірімдерге, ойлы оралымдарға бай, ірі тартыстар мен шамырқанған шарпысуларға толы мегзеулерге жетелейді. Ерлі-зайыптылардың ажырасуынан азапты өздері ғана шекпейді, бейкүнә балалардың жүрегіне қаншалықты сызат түсетінін ата-аналар ойлануы керек екендігін жазушы-драматург шеберлікпен тартыс үстінде, психологиялық көркемдік құралдар арқылы көрсетеді. Дәукенге Сарманның өгей қызы Дәукеннің бауыр еті баласына өлім тілеуі көп ой салады, жанын қоярға жер таппай қиналады. Психотрагизм дәл осы жерден басталады.

Сарман: Өгей қызым бар... Екеуі ойнап жүргенде машина қағып кетті. Бәріне өзім кінәлімін. Ой, өттеген-ай. Ішім пысқасын магазинге шығып кете қойып едім. Екеуі көшеге ойнап кетіпті. Құдай-ай Сонда ұлым емес, өгей қызым неге өлмеді екен?

Дәукен: Қой, ол не дегеніңіз?

Сарман: Рас айтам. Екеуінің бірі екеуінің бірі қалайда өлуге тиіс болса ... Онда... онда. Өзіңіз-ақ айтыңызшы, ақыры өлетін болған соң қайғыратын, жылайтын ешкімі жоқ іздеусіз адамның өлгені дұрыс емес пе? [3,166.].

Осы диалог арқылы –ақ отбасылық өмірде ата-аналардың ажырасуынан олардың өгейлік көруі, азап шегуі шынайы көрсетілген. Отбасылық өмірде тек ер адам не әйел адам жауапты деу қателік. Есепке, ерегіске, жалған намыс қуу бұның бәрі – адамның өз соры екендігін Зияда мен Дәукен арасындағы диалог арқылы береді:

Зияда: Айтқаныма көнбейтін болсаң о баста маған неге үйлендің? Сенсіз өмір жоқ деп жылағаның қайда?

Дәукен: Солай дегенім рас-бірақ бұл еркектік намысымды аяқ асты етем деген сөз емес еді ғой...

Зияда: Ал менің әйелдік намысым ше?

Дәукен: Міне, бізді құртқан осы. Сенің әйелдік намысың. Сен өз намысыңды қорғадың, мен өз намысымды қорғадым. Соның нәтижесінде шаңырағымыз шайқалды. Біз қарақан басымыздың емес, отбасымыздың, шаңырағымыздың, махаббатымыздың намысын қорғауымыз керек еді.

Зияда: Оны кім үйретеді?

Дәукен: Ата-ана, туған-туысқан.

Дәукен: Бәрін Үй болудың, әйел болудың қаншалықты қиын екенін... Төзбесе, шыдамаса, реті келгенде жеңіле салмаса семья болып, ерлі-зайыпты боп өмір-сүруді мүмкін еместігін...

Зияда: Сонда не болар еді?

Дәукен: Мен ашуымды басар едім, сенен кешірім сұрар едім... Сосын татуласар едік... Адамды жер қылуға бір-ақ сөз жетеді. Әсіресе, қаңғыбас дегені... Оны кешіру мүмкін емес еді....

Зияда: Ал сәбидің туған қызыңның көз жасы ше? Оны кім кешіреді?

Дәукен: Мен оны Күнсұлуды жеті жыл көргенім жоқ. Бұл жеті жыл түрмеде отырғанмен бірдей еді. Қалай деген де мен өзіме тиісті жазаны түгел өтеген адаммын. Ендігі жерде мені ешкім кіналай алмайды... Ең алдымен Күнсұлудың болашағын ойлауымыз керек... Емдету керек... Сосын андасанда қыдыртып тұруыма рұқсат ет.... [3,56.].

Қолда бар алтынның қадіріне жете алмаған Зияда бейнесі арқылы қазіргі қазақ қыздарының, Сарман сияқты қайырымсыз әкелер тағдыры бейнеленеді. Сырт қарағанда төрт құбыласы түгел жандар кездеседі, басында-үйі, бауырында-қазаны, алдында-малы, аясында-отбасы, жұмыр басты пенде осыдан өзге не тілейді деп ойлайсың. Дегенмен, сырт көзге ғана осылай көрінгенмен өз басына жетерлік жанұя жағдайы, өткен өміріндегі келеңсіз жәйттардың елесі немесе қазіргі тағдырындағы тап болған мәселелері оны адам төзгісіз күйге түсіреді. Қоғамымызда қанша жастар драматург кейіпкерлеріндегідей күйге түсіп, жас өміріне балта шапты. Зияда секілді қаншама қаракөздеріміз өмірден опық жеді. Бір сөзбен айтқанда, «Біз де ғашық болғанбыз» драмасы қоғамда болып жатқан күрт өзгерістерге ілесе алмай, заманның сан қилы қысымына түсіп, өмірі өксікке толып, көз жастары көл болған жастардың тағдыры боямасыз көрсетіледі.

«Қыз жиырмаға толғанда» пьесасы адамгершілік ар алдындағы жауапкершілік мәселесіне арналған. Драматург Жібек, Ғайыпберген, Гауһар, Есімсейіт, Ғайни, Тәукен арасындағы шиеленіскен тартыстар арқылы ұлттық салт-сана, қалыптасқан дәстүріміздің тым жұқалаң тартып бара жатқанына көрермен назарын аударады. Рухани азып тозған Ғайыпбергеннің атына заты сай, қиындық кезіге қалса ғайып

болатын, ар-ұждан алдында жауапкершілік дегеннен жұрдай бет-пердесін нанымды көрсетеді. Сонымен бірге өмірде қаншама тірішілік тауқыметін көрсе де, біздің ата-бабаларымыздың азып-тозбағанын, махаббаттарына адал болғандығын Ғайни ана бейнесі арқылы береді. Басты кейіпкерлердің бірі Ғайыпберген –адамдарда шынайы махаббат, шын беріле сүю сезімінің болуын мойындамайтын адамдардың жинақталған бейнесі. Ғайыпберген тектес адамдардың бет-пердесі Тәукенмен диалогы арқылы беріледі: «Әй, жігіт! Білесің бе, дүниенің бәрін бүлдіретін, болмайтын нәрсені ойлап тауып жұрттың басын қатыратын мына сендер сияқты адамдар! Әр нәрсенің шегі болуға тиіс. Ғашықтық та, махаббат та солай! Біреуді сүй, ұнат, бірақ соншалықты фанатик болуға бола ма екен?! Өмірдің қарапайым логикасы бар емес пе?! Екеуі де бірін-бірі жақсы көретін және екеуінің де тал бойына бір міні жоқ керемет адамдардың қосылуы неғайбыл. Және қосылған күнде де өмір бойы махаббаттары жалындап, бір-бірінің бетіне карап, Қозы Көрпеш-Баяндай болып өтеді деп пе едің?!» [2,190б.].

Жазушы Ғайыпберген сияқтыларды тани білу керектігін ұғындырғысы келген. Пьесада Тәукен бейнесі арқылы Жібекті шын сүйетін, ғашығы өзіне бұйырмаса да тек оған жақсылық тілеумен ғана өмірін өткізуге пейілді, адал махаббаттың иесін көреміз. Бірақ, Дәукен айтқандай бәріміз бірдей қиялдағы жігітті іздеп сарсаңға түсетеніміз де анық.

Шығарманың алтын желісі – адамгершілік-имандылық қасиеттерінің мәңгілік үзілмейтін ұстанымының беріктігін, қуаттылығын таныту көзқарасы. Пьесаның композициясындағы идеялық желіні адамдарды өмір бойы ар, адамгершілік сотының алдында жауап беріп жүргендей мағынада алуы да дәйекті. Ал, пьесадағы бұрынғы ата-бабалардың алдыңғы буын өкілдерінің отбасылық ұйытқыны, ерлі-зайыптылар татулығын, еркек пен әйел махаббатының беріктігін кіршіксіз сақтаған қасиетті дәстүрін бүгінгі ұрпаққа жеткізушілер, болашаққа ұластырушылар тұрпатын Жібектің анасы Ғайни бейнесі айқын елестетеді. Пьесаның сонында өзі ұнатқан адамның сұрықсыз, мағынасыз болып шыққан сықытынан түңілген Жібектің өкінішті сөздеріне анасы Ғайнидың айтқан жауабы рухани қуат беретіндей сенімді естіледі. Ғайни анасы: «Білесің бе, бір кезде біз де осылай болғанбыз. Бізге де бәрі біткен, күйреген сияқты еді. Соғыста өлген жігіттермен бірге біздің махаббатымыз да соғыста өлген,сөнген сияқты еді.Жүрегіміздегі аяулы сезім оянбай жатып, біржола өшкен сияқты болатын. Сөйтсек біз қателескен екенбіз. Ешқандай апат та, қырғын соғыс та, өрт те, опасыздық пен сатқындық та махаббатты жеңе алмайды екен?! Өлтіре алмайды екен. Өйткені ол бір адамның жүрегінде ғана емес, бар адамзаттың жүрегінде болады екен!Өмірде таңғажайып әділдік бар. Адам түсінбейтін керемет заңдылық бар. Біреуге жамандық жасасаң, опасыздық, сатқындық, арамдық етсең күндердің күнінде қайтсеңде алдыңнан шығады. Сен сөз жоқ, бақытты боласың, күнім!» [3,190б.].

Қорыта келгенде С.Балғабаев пьесаларының тақырыбы – отбасылық құндылықтарды сақтау, ерлі-зайыптылық тұрмыс мәселесіне жауапкершілікпен қарау, идеясы – тіршілік қақтығыстарына төтеп бере алатын еркек пен әйел арасындағы шынайы махаббат сезімінің қуаттылығын таныту.

Әдебиеттер:

1.Балғабаев С. Ең әдемі келіншек. Өңгімелер мен пьесалар.–Алматы: Ана тілі , 2006.-280 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 278-279 – 3000 дана. – ISBN 5-21578-826-7.

2.Қалиева А. Жаңа ғасыр және қазақ драматургиясы. Бүгінгі драма және заман. - Алматы: Арда, 2011.-205 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 203–204. – 2000 дана. – ISBN 9965-21-879-3.

3.Тебегенов Т.Қазіргі қазақ әдебиетіндегі драматургия.//Қазақ әдебиеті. -2008. -5 желтоқсан.-2 б.

СҰЛТАНӘЛІ БАЛҒАБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК

А.Ә.ӘБІЛОВ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақала Халықаралық «Алаш» сыйлығының, Қазақ «ПЕН» клубы сыйлықтарының лауреаты жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаев прозасының көркемдігі жайлы тұжырымдарды көрсетуде мақсат еткен.

Жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаевтың шығармашылығына қатысты жарық көрген пікірлер мен еңбектер негізінен оның драматургиясына қатысты, тіпті, бұған қатысты қорғалған ғылыми диссертациялар да бар. Алайда, оның прозасына қатысты мәселелер қаламгер шығармашылығының негізгі бағыты драматургиясы тасасында қалып қояды. Мақалада осы айтыла келіп, көркем әдебиетте ажырамас бірлікте қаралатын уақыт, кеңістік және ырғақ деген ұғымдарды негіз ете қарағанда Сұлтанәлі Балғабаев прозасынан маңызды екі тірек нүктесі барлығы: оның бірі – Сарысу да, екіншісі Сырдария екендігі, оның қай повесть, қай әңгімесі болмасын осы екі тірек нүктесіне бір соқпай өтпейтіні, бірінде бұл анық көрінсе, енді бірінде сөз арасында айтылып өтетіні айтылады.

Сонымен қатар, бұл мақалада оның повесть-әңгімелерінің негізгі кейіпкерлері – сырт қарағанда көзге ұрып, алып ұшып тұрған сипаттарға ие емес, кәдімгі өзімізге таныс жандар сынды көрінгенмен, шығармадағы ой мен оны жеткізу жағынан қараса, бұл әжептәуір күрделілене түсетіні нақты дәйек, дәлелдермен баяндалған. Жазушының адам характерін ашуда көбіне-көп диалогке міндет жүктейтіні, оның повесть-әңгімелерінде басы артық кейіпкер болмайтыны, қосымша ой, яғни мәтін астары арқылы көп түйткілді, күрделі проблема мен көкейтесті ойды жеткізуі қысқа үзінділер арқылы дәлелденеді.

Кілт сөздер: проза, көркем әдебиет, эстетикалық өлшем, таным, мәтін.

Аннотация

Цель данной статьи - показать художественную концепцию прозы писателя-драматурга Султанали Балгабаева, лауреата премии Казахского клуба «ПЕН» и Международной премии «Алаш».

На творчество писателя-драматурга Султанали Балгабаева было написано и опубликовано множество отзывов, на основе его трудов, особенно драматургии, даже были защищены диссертационные работы. Основным направлением его творчества остается, несомненно, драматургия. В статье говорится именно об этом, и вместе с тем, отмечается, что, его проза остается на стороне, беря в основу концепцию единства времени, пространства и ритма в художественной литературе, в своей прозе Султанали Балгабаев красной нитью проводит две основные темы: первая- Сарысу, вторая- Сырдария, в любой повести, в любом рассказе есть ясное и конкретное или вскользь «межстрочное» упоминание о них.

Вместе с тем, в этой статье говорится о главных героях его повестей и рассказов, которые на первый взгляд не описаны подробно и ясно, и кажутся самыми обыкновенными из самой обыденной жизни, тем не менее, способы последовательного и фактического изложения мысли самого сочинения, действительно, получаются довольно-таки сложными. Писатель раскрывает характер героя через множество диалогов, в его повестях и рассказах не бывает лишних

персонажей, а сомнения, сложные проблемы и трудности, актуальные мысли преподносятся им через текстовую подоплеку.

Ключевые слова: проза, художественная литература, эстетичность, понимание, текст.

Annotation

The purpose of this article - to show the artistic conception of writer's prose - Sultanali Balgabaev playwright, winner of the Prize of the Kazakh club "PEN" and the International Prize "Alash".

There were written and published a lot of reviews on the basis of his works, especially dramatic, even protected dissertations for writer- playwright Sultanali Balgabaev's work. The main focus of his work is, of course, drama. The article says that's about it, and at the same time, it is noted that, taking as a basis the concept of the unity of time, space and pace in the literature, holds two main themes in his prose Sultanali Balgabaev red thread: the first Sarysu, Sirdariya. The second one is, in any story, there is a clear and specific or casual "interline" mention of them.

However, in this article refers to the protagonists of his novels and short stories, which at first glance is not described in detail and clearly, and seem the most ordinary of the most ordinary life, however, the methods of the serial and the actual presentation of the thoughts of the works, in fact, obtained fairly complex. The writer reveals the character of the hero through a variety of dialogues, in his novels and stories are no extra characters, and doubt, challenges and difficulties, current thoughts are presented to them through text motivated.

Key words: prose, fiction, aesthetics, understanding, text.

Әдебиет атты қазақ көркемөнерінің сан өрнекті, тылсым құпиясы мол саласының өзіндік даму тарихы бар десек, бастауын халық ауыз әдебиетінен алар ұлттық әдебиетіміздің жыл өткен сайын өзіндік жаңалықтарымен, соны ізденістерімен дараланып тұратын қаламгерлер шығармаларымен толығып отыратыны да ақиқат. Бұл – өнер заңы, ал өнер заңы деп отырғанымыздың өзі – өмір заңы екені де дау тудыра қоймас деп ойлаймын. Міне, сондықтан шығармашылығын біз әңгіме желісі етіп тартып отырған қаламгер – Сұлтанәлі Балғабәев ағамыз да осы тылсымы мол құпиялы әлемнің сырына үңілген, қалам қайраты арқылы халқына көптеген туындылар берген, жазушылықты жасөспірім шағынан-ақ алдына мұрат етіп қойған жан. Оның атқарған қызметі, марапаттары, жарияланған еңбектері туралы айтылып та, жазылып та жүр. Алайда, осы тұста назар аударатын бір жәйт бар.

Жалпы біз, әдетте, ғылымда қаламгердің шығармашылығын тұтас қамтымай, не негізгі бір бағытын, елге танылған саласын, немесе белгілі бір шығармасын ғана зерттеу нысаны етіп келеміз. Осыдан келіп шығармашылық даралық мәселесі көлеңкеде қала береді. Ал әдебиеттегі көркемдік, қаламгер шеберлігі деп отырғанымыздың барлығы да осы шығармашылық даралық аясында танылады емес пе?! Олай болса, біздің бұл бағытта әлі де талай шаруалар атқаруымыз керектігі күн тәртібіне шығады. Пікірімізді дәйектей отырсақ, мәселен, З.Шүкіровтің поэзиясы ғылыми зерттеу нысаны болғанмен, оның прозасы әлі өз алдына зерттеу нысаны болған жоқ, Ә.Кекілбаевтың ақындығы мәселесі жайлы да дәл осы күйде. І.Жақанов шығармашылығы туралы сөз еткенде оның сазгерлі не өнертанушылығы айтылады да, оның поэзиясы мен прозасы назардан қағыс қалады. Сұлтанәлі Балғабәев шығармашылығына қатысты да осыны айтуға болады. Оның драматургиясына қатысты ғылыми зерттеулер жасалды, ал, прозасы әлі де өз зерттеушісін күтуде. Сондықтан біз бүгін Сұлтанәлі Балғабәев ағамыздың прозасы туралы бір-екі ауыз пікір айтпақпыз. Бұл мақалада қаламгердің бүкіл прозалық шығармаларын жан-жақты қамти алмасымыз да анық, дегенмен, кей шығармаларды негізге ала отырып, ой түйгенді жөн санадық.

Көркем әдебиетте ажырамас бірлікте қаралатын уақыт, кеңістік және ырғақ деген ұғымдар бар, осы ұштағанды негіз ете қарасақ, Сұлтанәлі Балғабаев прозасынан маңызды екі тірек нүктесін байқаймыз: оның бірі – Сарысу да, екіншісі Сырдария. Оның қай повесть, қай әңгімесі болмасын осы екі тірек нүктесіне бір соқпай өтпейді, бірінде бұл анық көрінсе, енді бірінде сөз арасында айтылып өтеді. Ал, уақыт дегенге келер болсақ – Қазан төңкерісінің алды, төңкерістен кейінгі жылдар, кәмпеске жылдары, 1930-40 жылдар шындығы, соғыстан кейінгі жағдай, 1980 жылдарға дейінгі тұс жазушы әңгіме-повестерінде шынайы бейнеленеді.

Оның повесть-әңгімелерінің негізгі кейіпкерлері – сырт қарағанда көзге ұрып, алып ұшып тұрған сипаттарға ие емес, кәдімгі өзімізге таныс жандар сынды, ал шығармадағы ой мен оны жеткізу жағынан қарасақ, бұл әжептәуір күрделілене түседі. Бұл жәйт – қаламгердің өзіне тән қолтаңбасын, яғни стилін аңғартады. Стил – жазушының бар болмысы, талант кепілі десек, жазушы тұлғалана, даралана алғанда ғана стиль түзелетіні мәлім. Олай болса, тіл, таным, эстетикалық өлшем, философия – бәрі де стиль арқылы жарыққа шығады.

Орыс ғалымы М.М.Гиршман «Ритм художественной прозы» атты еңбегінде [1,152-263б.] ырғақтың стилдік ерекшелік элементі екендігін айтады. Салыстырулар көп болғанмен автор тұжырым, нақты қорытынды жасауға көп бара бермейді. Ырғақтың көркем прозада стильдік ерекшелік элементі екендігіне дау жоқ, ол ғана емес – ау, тіпті біздің пайымымызша, ырғақ болмаған тұстан стильдік ерекшелік іздеудің қажеті де жоқ. Бұл өз алдына үлкен әңгіме, ал жазушы қолына қалам алып шығарма жазуға отырды десек, онда көптеген ғалымдар айтқандай, ең алдымен негізгі тонды, негізгі үнді іздері хақ. Бұл дегеніңіз ырғаққа бару емес пе. Иә, бұл прозадағы ішкі ырғақты іздеу деген сөз. Олай болса прозалық шығармадағы уақыт сол ішкі ырғаққа қатысты жарыққа шығады екен. Бұл С.Балғабаев прозасында әсем үйлесім тапқан. Енді осы бір тұсты мысалдармен дәйектей отыралық.

Жазушының «Құдағи» атты әңгімесі бір қарағанда шағын ғана, қарапайым күнделікті тірлікті арқау еткен туынды сияқты көрінеді. Ал, осы әңгіме көтеріп тұрған жүкке назар аударар болсақ – еріксіз ойланасың, анау-мынау повестер жеткізе алмас тіршілік сырын, адам мен адам, адам мен қоғам байланысын шебер жеткізуіне тәнті боласыз. Әңгімеде көп кейіпкер де жоқ, негізгі кейіпкерлер Гүлрайхан, оның күйеуі Баймұрат, Нәзипа. Соғыс салған жара, ел жағдайы, адамдар арасындағы сыйластық, достық, салт пен дәстүр Гүлрайхан –Баймұрат және Гүлрайхан – Нәзипа арасында ашылады. Қаламгер өмірдің өткінші екенін, дүние-байлықтың пендені бұзарын, тіршіліктегі ең қымбат нәрсе – достық, сыйластық екенін көркем кестелейді.

Қаламгер шығармашылығы оның басы артық кейіпкерден, шұбалаңқылықтан қашатынын көрсетеді. «Түнгі кездесу» атты әңгімеде іссапармен келіп, пойызға мінген журналист купеде жолаушы қызбен танысады. Әңгіме желісі тілші Жұрмағанбет, жолаушы қыз Әнипа, шашың тікірейген, тісқаққан, әккі Ботабай арасында тартылып, адамдар мінез-құлқы, өмір шындығы көркем жеткізіледі.

Көркем әдебиеттің міндеті – тек өмір шындығын тізбектеп айтып беру ғана емес, адамның жанын да зерттеу деуге де болады. Ол адамның ішкі жан дүниесіне бойлап, болмысын танытып, жанындағы дерттің сырын, себебін ұғуға ұмтылса, көркем шығарма осылардың себебін анықтап, оны емдеудің жолдарын қарастырады, осы арқылы оқырманын ойландырады. Жазушылар алдарына қойған осындай мақсатқа жетуде адамның жан дүниесін, сезім сырын, көңіл-күйін оқырманға жеткізу үшін авторлық баяндау, суреттеу, әңгімелеу, пікір айту сияқты тәсілдерді алмастырып қолданады. Міне, осыған қатысты біз Сұлтанәлі Балғабаев әңгімелерінен оның диалогке, яғни кейіпкер тіліне айрықша мән беретінін байқадық. Жазушы анау олай болып еді, мынау былай болып еді деп созып жатпайды, барлығын кейіпкер арқылы жеткізеді.

Күйеуі ұрған келіншектің редакцияға жазған хаты бойынша қияндағы ауылға іздеп келген тілші дым болмағандай мәз-майрам болып, шай ішіп отырған екеуді көргенде таң қалады. «Жұрмағанбет өзін таныстырып, келген шаруасын айтқанда жігіт аузын ашып, аңтарылып қалды, келіншек сәл-пәл қысылып күліп жіберді:

- Біз уже татуласқанбыз.
- Татуласқаны қалай?- деді мұндайды күтпеген Жұрмағанбет
- Көдімгідей. Біз енді ұрыспаймыз, солай емес пе? – деп күйеуіне еркелей қарап қойды. Жігітке сонда барып тіл бітті.

- Әрине...әрине...- деді келіншегін асыға қоштап. – Бірақ мен түсініңкіремей қалдым. Хаты несі? Кім жазған оны?

- Мен, - деді келіншек түк қымсынбастан. – Саған жыным түсіп... Ана жолы ішіп келіп, қамшы ала жүгіргенің қайда. Сосын...

- Ұрғаным жоқ қой. Жәй қорқытайын дегенім рас...» [2,157б.]. Міне, осы үзіндінің өзі-ақ біздің жоғарыдағы пікірімізді тиянақтамай ма?! Поезд үстіндегі Жұрмағанбет пен Ботабай арасындағы диалог та көп міндет атқарған, тіпті Ботабайдың аярылығы, сұмпайы, қулығына найза бойламайтын қараниет екендігі де сол арқылы ашылады.

Бұл айтылғандар жазушының адамның жан дүниесін, сезім сырын, көңіл-күйін табиғат, қоғам тұтастығында қарап оқырманға ой тастай тіршілік құпияларын, адам өмірінің құндылығы неде екенін ашуға ұмтылысын көрестеді. Оның «Қызыл сырнай», «Ұрпақ», «Кіндік қаның тамған жер» және т.с.с. шығармалары бұған толық дәлел бола алады.

Қаламгер повесть-әңгімелерінде бір қарағанда шым-шытырық шиеленіскен оқиға, тартыс жоқ сияқты көрінеді, алайда шын мәнінде тіпті басқаша. С.Балғабаев шығармаларындағы тартыс мен мұңдалап көрінбейді, бірақ ой қабаттарына, мәтін астарына үңілсең – небір күрделі жәйттерге кезігесіз. Бұдан біз жазушының мәтін астары деген мәселеге, яғни, ішкі қосымша ойға да көп мән беретінін аңғарамыз.

Қай елдің болмасын сөз өнерін алып қарасақ та біз әдебиеттанудағы өзекті мәселелердің бірі – мәтін астары екенін аңғарамыз. Олай болса, бұл көркем сөз өнеріндегі айрықша назар аударуды керек ететін мәселе деген пікірге келеміз. Айтпақ ойын мәтін астары арқылы жеткізу кез – келген қаламгердің қолынан келе бермесі анық. Бұл дегеніңіз шынтауайтына келгенде қаламгердің шығармашылық даралығы, стилі проблемаларымен тұтасып жататын мәселе.

Жазушының «Кіндік қаның тамған жер» атты повесінде [2] Қалымбет бейнесі арқылы қазақ қоғамының өткен ғасырдың 60-90 жылдардағы дамуындағы біраз мәселелерді көтереді. Ауыл өміріндегі қайшылықтар бұрынғы кетпенші Қалымбет арқылы ашылады. Автор оның көңіл-күйіне, әрекетіне көп көңіл бөледі. Неліктен? Бұл арқылы автор не айтқысы келеді? Мұнда да кеңес қоғамының дамуы, қазақ ауылдарының жойылуы, адамдардың атақонысынан алыстауы мәселелері қозғалады. Жазушы аталған шығармасында да ой қатпарында уақыттың зымырап өтіп бара жатқандығын, адам баласының табиғатты жұтатуын, өмірді түгел танып-білу мүмкін еместігін, адамның білетінінен білмейтінін көп екенін, уақыт та, білім де шексіз екенін, табиғаттан тыс адамның өмір сүре алмайтынын жеткізеді. Автор қоғамымызда рухани құлдырау процесі орын алып бара жатқанын ескертеді. Сол апаттан біз өзімізді, яғни қоғамды, ұлтымызды қорғап қалуымыз керектігін айтады.

Сұлтанәлі Балғабаев шығармалары кейіпкерлерінің ой-толғаныстары ғана емес, мінез-құлқы мен көңіл-күй ерекшеліктері де нақтылы ситуациядан, сыртқы жағдайдан туындап жатады. Олардың рухани дүниесіндегі сілкініс, аңтарылған сезім, шарықтаған қиял бір-бірімен байланыса келіп, кейіпкер жанының, характерінің диалектикасын, сезімдер қозғалысының суретін жеткізетін әдемі өрнек құрайды. Сондай әдеби өрнекті жеткізу тәсілдерінің бірі портрет. Әдеби портрет кейіпкердің сыртқы сымбаты ғана емес, оның рухани «кескін-келбеті», рухани «портреті» де болады. Кейіпкердің сұлу, әдемі портреті мен рухани әлемі – табиғатпен паралельді

түрде беріледі. Бұған басқа шығармаларын айтпағанның өзінде жоғарыда аталатын екі-үш повесінің өзі дәлел бола алады.

Қаламгердің «Ұрпақ», «Ақбөкенді айдала» [3] атты повестері шығарма оқиғасының өту орны жағынан өзге әңгіме-повестерімен сабақтас болғанмен, сюжет пен композиция жағынан, түпкі ойды жеткізуі жағынан басқа дүниелер. «Ұрпақ» повесінде басты кейіпкер – Олжабай. Оқиғаның негізгі желісі Олжабай мен әкесі – Сейтмұрат, досы – Қажымқұмар арасын байланыстыра ішкі бірінші желіде өрбіп, айтпақ ойдың шешімі бай баласы Хұсайын мен Мұратқали, Хұсайын мен әйелі Гүлраушан арасындағы байланыста ашылатын екінші желіде шешімін табады.

Шығармада Сейтмұраттың баласын Мәскеуге аттандаруы, «Бізге қарама, оқи бер» - деуі, босанып, өмірге сәбиін әкелген Гүлраушанның көз жұмар алдында сәбиін белгісіз жолаушыға табыстағында «Қанаттыға қақтырмаңыз, тұмсықтағы шоқыттырмаңыз, қатарынан кем қылмаңыз?» - деп ант бергізуі арасындағы байланыс, еден жуушы болып тауқымет тартып жүреген шешесі Сандуғаштың Олжабайды қаншама қиналса да аспирантурағы жіберуі, «Бұл әкеңнің арманы еді» деген ойлар ішкі байланыспен тұтаса келіп, ой астарында қазақ табиғатына тән антқа, аманатқа адалдық, сертке беріктік, арман, мұраттарды қадірлеу және т.с.с. жеткізеді.

Хұсайын мен Гүлраушан арасындағы диалогтар қаламгердің прозадағы психологизм мен лиризмді шебер ұштастыра алғанын көрсетсе, Олжабай мен архитектор Нұрадин, Олжабай мен Қажымқұмар арасындағы диалогтар баланың атан-ана алдындағы парызы деген мәселені ой биігіне көтереді.

1950-60-жылдары әдебиетке келген тегеурінді жас буын ауыл тақырыбының философиялық қабаттарына, жаңа саяси-әлеуметтік жағдайларға түрен сала бастады, сонымен қатар адам характерін жан-жақты тануға, бүгінді тарихи тұрғыдан таразылауға күш салды. Ал кейінгі жылдары оларды ғылыми-техникалық дамудың парадокстері мен сырттай қарағанда көріне бермейтін ішкі рухани өзгерістердің мәні қызықтырды. Адам мен табиғат арасындағы дәстүрлі қазақи байланыстың сол кезеңдегі жай-күйі де көкейкесті мәселе болды. Ұлттық прозада қасиетті атамекеннің эрозиясымен бірге адам жанының, ұлттық құндылықтардың рухани күйзеліске ұшырай бастаған жағдайы ерекше көрінді. Адамның қоғам, табиғат алдындағы жауапкершілігінің түрлі деңгейлерінің батыл анықтала бастағанын да осы кезең прозасының жетістігі деп санауға болар. Ұлттық дамудың перспективасын аса маңызды көкейкесті мәселе дәрежесіне алғаш көтеру де осы жылдар прозасының еншісінде. Міне, осы сапта болған Сұлтанәлі Балғабаев шығармашылығындағы ауыл бейнесіне ұқсас тұстары болғанына қарамастан Т.Нұрмағанбетов, Ж.Түменбаевтар прозасынан өзге сипатта көрінеді.

Қалай дегенмен де Сұлтанәлі Балғабаев повесть әңгімелеріне ортақ сипат – ауыл өмірі, олардың тыныс-тіршілігі. Барлық ізденістері де осы тараптан көрінеді. Себебі ауыл туған еліміздің әдет-ғұрпының, өмір сүру салты мен ұлттық психологиясының, ана тілі мен ділінің алтын бесігі, осы қадір-қасиеттердің қаймағын бұзбау – оның прозасындағы негізгі ішкі тін екені анық. Тоқсан ауыз сөзді түйіндей айтар болсақ, біздің ойымызша, қазақтың көрнекті қаламгері жазушы Сұлтанәлі Балғабаевтың қазақ көркем прозасындағы идеялық-көркемдік ізденістері, сол арқылы қазақ әдебиетінің проза жанрының дамуына қосқан үлесі әлі де жеткілікті дәрежеде сарапталмай және соған сай бағасын да алмай келеді. Сондықтан оның шағын әңгімелерінің, повестерінің идеялық-көркемдік табиғатын жете талдап, қаламгердің өзіндік қолтаңбасы, жазушылық шеберлігін пайымдайтын еңбектер қажет-ақ.

Енді Сұлтанәлі Балғабаевтың прозасындағы ауыл тақырыбын ашудағы қаламгер шеберлігі, көркемдік, мәтін астары және тақырып мәселелері дегенге келер болсақ, біз мұны төмендегіше түйіндейміз:

а. Жалпы кез-келген қаламгер өмір шындығын көркем шындыққа айналдыруды мақсат етеді, соған сай көркем шығармада мезгіл шындығы ашылады десек, уақыт,

мезгіл шындығын ашуда С.Балғабаев кеңестік саясат салқыны мен ызғарынан қаймықтастан шындықты айта алған, өз шығармаларында қоғамдағы келеңсіздіктерді қоғам және адам арасындағы, адам мен табиғат арасындағы қарым – қатынас шеңберінде ашып суреттей алған қаламгер.

ә. Ол кешегі кеңестік дәуірде Одақтың толағай табыстарын, одақ әскерінің күшін, асқақтата жазып, екінші тың – мал шаруашылығы деп ұрандатып жатқан тұста жазған шығармаларының өзінде де ауыл тақырыбын тірек ете отырып мемлекеттің жерді, табиғатты құртуы, мал шаруашылығын тұралату, шопан өміріне қатысты ауыр мехнаттар мен қиындықтар, биліктің опасыздығы мен зұлымдығы, насихаттың жалғандығы туралы көркем ой көкжиегі етіп прозалық шығармаларын өмірге әкелді.

б. Адамдар арасындағы зұлымдықтардың арғы жағында кеңестік саясат пен билік тұрғанын да мәтін астарында жеткізе білген қаламгер сол өзі білетін, өзі түсінген, өзі түйсінген өмір соқпақтарын көркем арқауға негіз етті. Біз бұл шығармалар жеке автордың ғана таңдаулы шығармасы емес, бүкіл қазақ әдебиетінің жетістігі ретінде бағаланатын уақыт жетті деп есептейміз.

в. Жазушының шеберлігі, көркемдік құпияларына баруы С.Балғабаевтың өзіндік қолтаңбасы – оның кейіпкер психологиясын, жан сарайын шынайы бейнелеуінде деп айтуға толық негіз бар. Оның шығармаларынан адамдардың бір-бірімен, табиғатпен ажырағысыз байланыста екендігін, ғаламның, тіршіліктің, адам жанының байлығын, сұлулығын түсінесің, шығармалардан адам тіршілігінің, адам тұрмысының, адам тағдырының сырларын ұғасың. Жазушы мұнда біздің замандастарымыздың бейнесін жасайды, кешегі кеңестік дәуірдегі жастар мәселесін қозғайды, дәуірдің ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтарын ашады. XX ғасырдағы адам және адамзат тағдыры оның прозалық шығармаларының негізгі тақырыбы. Осыларды негізгі желі етіп ұстаған жазушы кейде, тіпті, көркемөнер қағидасына адалдығын көрсете, қоғамдық жағдай мен кеңестік идеология талаптарынан басқаша, хас суреткерге тән мінез таныта, уақыт пен заман шындығын, қоғам қайшылығын көркем бейнелеп, ашық жазады. Бұл сипаттар ең алдымен шығарма композициясынан, баяндау тәсілінен көрінеді. Жағымды, жағымсыз образ жасаудың өзіне дейінгі әбден орныққан қалыпты көрінісінен бойын аулақ салып, жазушы шын өмірде болатын іс-әрекет, жағдайларды көркем бейне арқылы қарама-қарсы құбылыстардың астарын, жамандық атаулыға ұрынудың себеп – салдарын іздейді. Оның жауабын табуды оқырмандарға қалдырады. Мұның өзі де қаламгер шеберлігінің бір қырын танытады.

Біз осы шағын мақалада жазушы С.Балғабаев прозасындағы көркемдік деген мәселенің жалпы нобайын жеткізуге тырыстық. Ал, әдебиеттегі көркемдік мәселесінің шетсіз-шексіз, құпиясы мол әлем екені баршаға мәлім. Олай болса, жазушының прозалық шығармаларындағы шеберлік пен көркемдік мәселесі келер күндері ғылыми зерттеу нысанына айналарына шүбә жоқ- деп пайымдаймыз.

Әдебиеттер:

1.Балғабаев С. Дала мен дария. –Алматы: Жазушы,1988.-320 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 318-319 – 30000 дана. – ISBN 5-605-00028-4.

2.Балғабаев С. Шөл. –Алматы: Жалын,1984.-352 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 350-351 – 30000 дана. – ISBN 4-723-20572-3.

3.Гиршман М.М. Ритм художественной прозы. –М., 1982.-270 с.; 25 см. – Библиогр.: с. 268-269. – Предм. указ.: с. 221-225. – 20000 экз. – ISBN 8-28911-521-8 (в пер.).

СҰЛТАНӘЛІ БАЛҒАБАЙ – ПУБЛИЦИСТ

Г.Ш.ӘШІРБЕКОВА, филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада С.Балғабайдың публицистік қызметі мен шығармашылығы тұтастай қарастырылады. Публицистің алғашқы туындысынан бастап бүгінгі күнге дейін жарық көрген мақалаларын жанрлық, проблемалық тұрғыдан жіктейді.

С.Балғабайдың публицистикалық мақалалары тіл мәртебесі, көші-қон проблемалары, драматургия саласындағы жаңалықтар мен ізденістерге арналған. Публицистің ұлт мәселесіне қатысты ұтымды ойларын бірқатар мақалаларында айқын жеткізе білген. Автор аталмыш мәселеге байланысты публицистің өткір пікірлерін, тақырыпты тауып қоюдағы шеберлігін баса көрсетеді.

С.Балғабайдың өз әріптестері мен қаламдас-достарына арнаған бірқатар очерктері мен рецензияларына шолу жасалады. Сондай-ақ публицистің әлеуметтік мәселелерге арнаған бірнеше мақалаларының проблемалық өзгешелігін айқындай білген. Әсіресе қазіргі қазақ тойының жайы, жастар тәрбиесіне байланысты пікірлерінің маңыздылығына тоқталған. С.Балғабай публицистикасында өткірлік, аңғарымпаздық, шынайылық, нақтылық, болжампаздық қасиеттерінің басым екендігі сөз етіледі. Бұл ерекшеліктер қазақ көсемсөзінің әлеуетін арттыра түсетіні сөзсіз.

Автор С.Балғабай публицистикасында ерекше орын алатын көші-қон проблемасына арналған мақалаларына тоқтала отырып, публицистің проблема көтерудегі шеберлігін сөз етеді. Әсіресе, шетелдік қандастарды өз Отанына шақыру, оларға құжат рәсімдеуге байланысты көмекші құралдар дайындау, көші-қон қозғалысын жіті бақылаудағы публицист мақалалары қазақ баспасөзінің ең маңызды мәселелеріне айналған. Осы тұрғыдан келгенде С.Балғабайдың публицистикалық мақалалары қоғамның ең зәру мәселелерін қозғауымен маңызды. **Кілт сөздер:** публицист, очерк, рецензия, мақала, проблема

Аннотация

В статье рассматривается деятельность и творчество публициста С. Балгабая, дается анализ и классификация всех его статей, изданных с начала его творчества до сегодняшнего дня, с точки зрения их жанра и проблематики.

В своих публицистических статьях С.Балгабай поднимает вопросы, связанные со статусом языка, проблемами миграции, новостями в области драматургии.

В ряде статей автор выражает свои мысли, размышления, касающиеся национального вопроса. В этих статьях он показывает свое умение остро ставить вопросы, ясно и четко выражать свою точку зрения.

Также в статье дается обзор очерков и рецензий, которые С.Балгабай посвятил своим коллегам и друзьям по перу. Рассматривается своеобразие некоторых статей публициста, в которых он поднимает социальные проблемы. Автор статьи отмечает, что особое значение публицист придавал вопросам, связанным с проведением казахских тоев, вопросам, связанным с воспитанием молодого поколения.

В статье отмечается, что публицистике С.Балгабая присущи такие черты, как острота, правдивость, конкретность, пронизательность. Несомненно, что эти черты предоставляют широкие возможности казахской публицистике.

Автор статьи отмечает, что в публицистике С.Балгабая особое место занимают статьи, освещающие проблемы миграции. При этом отмечается мастерство публициста в умении поднимать и обсуждать данную проблему.

Самыми важными публицист считает вопросы, связанные с приглашением наших зарубежных соотечественников на свою историческую родину, оказанием им помощи в оформлении необходимых документов и необходимостью строгого контроля над миграционными процессами.

Ключевые слова: публицист, очерк, рецензия, статья, проблема

Annotation

In the article S.Balgabaev's publicistic proceedings and creation are considered as a whole. Publicist's articles; publications from the first till today were published and classified by the genre and problem.

S.Balgabaev's publicistic articles are about the language's status, migration problems, news in the sphere of the dramaturgy and creative search. The publicist's some useful thoughts about the national question are distinctly reported. The author mainly shows the publicist's acute opinion according to the above problem and his skills in choosing a right theme.

The author expresses his thoughts, reflections on the national question according to the series of articles. In these articles, he shows his ability to acutely raise questions, express their views clearly.

The article also provides an overview of essays and reviews that S.Balgabay dedicated to his colleagues and friends. We consider the originality of some articles of the journalist in which he raises social problems. The author notes that the special importance attached publicist matters related to the conduct of the Kazakh Holidays, issues related to the education of the younger generation.

The article notes that journalism S.Balgabay's inherent traits such as sharpness, honesty, concreteness and insight. Undoubtedly, these features provide ample opportunities of Kazakh journalism.

The author notes that in journalism S.Balgabay's occupy a special place articles covering issues of migration. It is noted journalist skill in the ability to raise and discuss this issue.

The most important writer considers issues related to the invitation of our overseas compatriots to their homeland, to assist them in obtaining the necessary documents and the need for strict control over migration processes.

The author notes that journalism S. Balgabai's are of particular importance, since it raised and discussed the most important issues taking place in society.

S.Balgabaev's several outlines and recensions about colleagues and fellow writers are made a review. Also the publicist's some articles, which were addressed to the social issues, are clarified by the problematic feature. Especially, his opinions about the Kazakh feast and youth education are important. The author writes that there are the dignities such as an acuity, bright, truthfulness, specificity, ability to anticipate in S.Balgabay's publicism. There is no doubt that these features will rise the potential of the Kazakh publicism.

The author stops on the articles about the migration, which play an important role in S.Balgabay's publicism, and talks about his skills in rising the problems. Especially an invitation foreign relatives to their Motherland, making the auxiliary tools for their paperwork, the publicist's articles about the monitoring the migration are the important problems of the Kazakh press.

Key words: publicist, outline, review, article, problem

Қазақ журналистикасының әлеуеті бүгінде әлемдегі өркениетті елдер журналистикасымен бәсекелесе алатындай дәрежеде. Олай болса, замана көшінен

қалмау, кәсіби деңгейді көтеру, мамандардың білімі мен білігін жетілдіру, ақпарат тасқыны жүріп жатқан дәуірде ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, заман ағымына ілесіп, уақыт үдесінен шығу – басты міндет. Қай кезде де өткенімізге тарихи сабақтастық биігінен қарап, болашаққа ғылыми бағдар жасау – ізденушілердің төл ісі.

Көсемсөз өнерінде өз өрнегін сала білген А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, Ө.Бөкейхан және т.б қайраткер-қаламгерлердің рухани мұрасы қазіргі таңда тыңғылықты зерттеліп, жоғары оқу орындарында арнайы оқытылып та жатыр. Осы ұлылар көшінің соңын ала бере дүниеге келіп, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұратбаев сынды ұлтымыздың біртуар азаматтары қазақ әдебиеті мен публицистикасы майданында шынайы шеберлік дәрежесіне жеткен. Ұлт мақтаныштарының ізбасарлары бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып, қоғамның көкейтесті мәселелерін жұртшылық назарына ұсынып келеді.

Мерзімді баспасөз – «қоғам айнасы» ғана емес, сонымен қатар бойында таланты, жазу қабілеті бар адамдарды қаламгерлікке, жазушылыққа баулитын, оның бойындағы шығармашылық көзінің молынан ашылып, дами түсуіне көмектесетін шыңдалу мектебі. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов айтқандай: «Тәжірибеге қарағанда, әдебиет жұртшылығының арнаулы газеті оқушы жұртшылыққа әдебиеттік қоғамды жақыннан танытады. Ұдайы үзілмес дем-тынысымен, талап-табысымен тірі тұтас бейнедей, жанды күйде жақсы аңғартады. Өмір мен әдебиеттің, халық пен жазушының күнделікті ара қатынасы үздіксіз өсіп отыратын болады.

Газетсіз әдебиет қауымы роман, драма, поэмаларды немесе әңгіме, очерк, жеке өлеңдер түріндегі шығармаларды тудырып жатқанымен, творчестволық тіршілік баяу, солғын тәрізденеді» [1].

Асылында, жазушылық өнерін журналистиканы аттап өтіп игерген қалам иелері аз емес. Кез келген қаламгер өзіндік бағыт-бағдарын баспасөз майданында шыңдайды. С.Балғабай да публицистикадағы алғашқы қадамын мерзімді баспасөзден бастаған. Оның алғашқы туындысы Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетіне жарық көрген.

Публицистика қоғамның өзекті мәселелерін көтеріп қана қоймай, жұртшылықтың назарына салып, шешімін табуына ықпал етуімен маңызды болса, С.Балғабай публицист ретінде ұлттық мәселелерге байланысты байыпты көзқарасын батыл білдіріп жүрген тұлға.

С.Балғабай 1958 жылы 5-сыныпта оқып жүргенде, пионерлердің аудандық слетына, қазіргі тілмен айтқанда, өнер байқауына барып, жас ақын ретінде жүлдегер атанған. Бұдан кейін оның «Жеке шумақтар» деген атпен шағын өлеңдері облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланған. Ол оқушы кезінен бастап болашақта ақын-жазушы болуды алдына мақсат етіп қойған.

С.Балғабай мектеп бітірген соң туған ауылында екі жыл шопан болып жұмыс істеген. Қой бағып жүрген жылдары оның «Күй атасы», «Шопан қызға», «Жолдар», «Өмір заңы» «Күз», «Таңғы жолаушы», «Белгісіз солдаттың анасы», «Қыздың үйінде», «Адам үні», «Дала» сияқты өлеңдері «Жас шопан жырлары» деген тақырыппен аудандық, облыстық газеттерде жарық көрген.

1965 жылы «Лениншіл жас» газетінде шопан өмірі жөнінде «Қамқорлық ауадай қажет» деген мақаласы оқырманның жылы ықыласына ие болған. С.Балғабайдың публицистикаға қомақты үлес қосқан жылдары 70-жылдар айтуға болады.

Кеңестік кезеңдегі публицистика еңбек адамының бейнесін жасауға, еңбекке жұмылдыруға, коммунистік идеологияны насихаттауға барынша құлшына кірісті. Бұл туралы ұлттық көсемсөз өнерінің теориясы мен тәжірибесін зерттеген профессор Б.Жақып: «Кеңестік кезең әдебиеті мен мәдениетінің кең қанат жайып өркендеу жылдары тың игеру жылдарынан кейінгі жайбарақат 70-80 жылдарды жатқызуға болады. Оның жемісті көрінісін «Лениншіл жас» газетінен айқын көруге болады.

Жаппай адамтануға көшкен қаламгерлер ең жағымды жанр - очерктерді оқша

боратып жазды. Сол кезде жарық көрген «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» басылымдарында тұрақты түрде портреттік, пролемалық, жослапар очерктері жарық көріп тұрды. Ең басты мақсат – еңбек адамының жарқын бейнесін жасау. Осы жылдарда жарық көрген көркем-публицистикалық, талдамалы жанрлардың жаңаша мазмұнда, өзгеше пішінде берілуінен қазақ көсемсөз өнерінің дамуын айқын аңғаруға болады» [2,256б.] – деп жазады. С.Балғабай да «публицистикадағы шығармашылық ізденістерінің бастауы ауыл шаруашылығында еңбек еткен кезеңім» деп есептейді. Дала төсіндегі адал еңбектің, қайнаған тіршіліктің, қарапайым ауыл адамдарының бейнесі әлі күнге жадында жатталып, публицистикалық мақалалары ғана емес, көркем шығармаларына да арқау болған. Публицист шығармашылығының шынайылыққа негізделуінің сыры осында жатса керек.

С.Балғабай публицистикасын проблемалық тұрғыдан қарастырсақ, ұлттық құндылықтарымыз салт-дәстүр, әдебиет пен өнер, ұлттық мәдениет, мемлекеттік тілдің мәртебесі, оралмандар жайын баса айтуға болады. Публицист көбінесе қоғамдық-саяси мәселелерге қалам тербеген. Мәселен, «Қызыл кітапқа кіретін халық» атты топтамасы, «Қазақша білмейтін қазақ қай ұлтқа жатады?», «Ілгері баспаған интеллигенция», «Қазаққа қандай демократия керек?», «Алматы қай халықтың астанасы?», «Жатқан қазақты құдай жарылқай ма?», «Қазақтан шыққан басшылар қазақ халқын қадірлей ме екен?» атты проблемалық мақалаларында публицист С.Балғабай ұлттық мәселелердің аса маңызды тұстарына тоқталады.

Публицистиканы көркем шығарманың бір түрі ретінде және оның теориялық қағидаларын қарастырған ғалым В. Здорова: «Публицистикалық шығарманың мазмұны – автордың қоғамдық өмірге деген көзқарасы мен оның қоғамдық-саяси идеялары, түйген тұжырымы, берген бағасының нәтижесі. Бұл теориялық және практикалық жағынан қажетті түйін болып табылады»[3, 36 б.], – деп атап көрсеткен.

Публицистикалық шығарманың мазмұны өзінде екі элементті: санадан тыс нақты шынайылық, екінші: автордың жеке ой мен пікірі, әлеуметтік позициясын көрсетеді. Қаламгер шығармашылығы ең алдымен фактілердің нақтылығын, шынайылығын зерттеу, нақты түйін жасау, іштей ойлау, қорыту, түсіну, одан кейін барып жазудың көркем құралдарын оның ішінде образдылықты іздеу сияқты ұзақ процестен тұрады. Публицистикалық шығармашылықтың психологиялық жағы: өмірді түсінудегі жеке көзқарасы, шындықты іздеу, белгілі бір тұжырым жасаудан шығарманың пішіні пайда болады, оның жанрлық, композициялық құрылымы, көркем детальдар және т.б. қиындықтарымен ерекшеленеді.

Қаламгердің кез-келген шығарманы жазуда ең алдымен өзіндік тың идеясы мен ойы, түйіні болуы тиіс. Бұл жағдай жанрларға да қатысты. Мәселен, оқиғалы ақпарат пен публицистика негізінен бір-біріне ұқсас келгенімен, екеуі екі түрлі жазылады. Мазмұны да әртүрлі. Оқиғалы ақпараттың мазмұны оқиғаны баяндау, ақпараттың тақырыбы, шартты түрде айтылғанымен, негізгі объектімен түгелдей сәйкес келіп отырады. Публицистикалық және көркем шығарманың тақырыбы алынған объектіні көрсетумен бірге нақты сауал, мәселе төңірегінде өрбиді. Мәселеге қатысты субъективті немесе объективті пікірлер публицистика мазмұнынан айқын көрінуі тиіс. Бұл жазушы шеберлігіне ең қажетті факторлардың бірі.

Публицистің тақырып қоюдағы шеберлігінің өзі бүгінгі жас қаламгерлерге өнеге. С.Балғабай көтерген мәселелердің маңызын сұраулы сөйлемдермен келетінін жақсы аңғаруға болады. Мәселен, «Әулие қарттар, қайдасың?», «Қазақ әйелі қазақ болғысы келе ме?», «Біздің елшілер не дейді?», «Қазақ халқы қайтсе көбейеді?!», «Ауылды қалай көтереміз?», «Білім гранты білімге беріле ме, бөлімге беріле ме?!, «Мемлекет құраушы ұлт ретінде жауапкершілікті сезініп жүрміз бе?», «Қазақстан азаматтығын алмаған шетелдіктерге тұрмысқа шығуға тиым салу керек пе?» атты мақалалары қоғамның өзекті мәселелерін көтеруімен құнды.

Публицистиканың негізгі қызметі – қоғамдық пікірді қалыптастыру және сол арқылы халық санасына әсер ету, бағыт сілтеу болса, публицистикалық туынды қоғамдық пікір мен халық санасына рациональды, эмоциональды құрылымдық элементтері арқылы ықпал етуі қажет. Баспасөз пен публицистиканың теориялық негізін практикада біртуар публицистеріміз көрсетіп кеткен.

Бүгінгі күндері публицистика адамдарға логикалық та, эмоциональды түрде де әсер етеді. Адамдар ішкі және материалдық дүниені сезіне білуге үйренді. Сонымен бірге шындықты көрсететін белгі, сөзге де көңіл бөліп, оған қатысты өзінің ойын да білдіреді. Сөздің құдіреті туралы ғұлама-ойшылдарымыз талай айтып кеткен. Сөздің көмегімен адамның қимылын бейнелеу арқылы үйлесімді суреттер жасауға болады. Сонымен бірге ойдан шығарылған, қиялдан туған сезімдері мен эмоциясын да шығармада шынайы түрде бейнелеуге мүмкіндік бар. Мұндай мүмкіндік адамның табиғи дарыны мен жинақталған тәжірибесіне, сезімталдығына және басқа факторларға байланысты жүзеге асады.

Журналистік ақпарат және публицистика шынайы дерек пен құбылысты бейнелеуде сөздің көмегімен өзіндік әдіс-тәсілдерімен қарапайым эмоцияға әсер етеді. Бұдан басқа эстетикалық тұрғыдан ықпал ету тағы бар. Публицистиканың қоршаған орта мен адамдарға эмоциональды әсер етуінің екі қыры анықталған. Біріншіден, публицистика шығармашылықтың эмоциональды әсер етудегі әмбебап түрі болып саналады. Қарапайым баяндаудан бастап оқиғалы ақпаратты жеткізу, шынайы өмірдегі жаңалықтарға үн қосу, публицистің нақты дерек негізінде қорытынды ой білдіруі мен ықпал етуі, адамды әрекет етуге мәжбүр ететін түрлі жағдайлар публицистикада ғана көрініс табады.

Екіншіден, публицистиканың өзіндік талдаушылық пафосы пен авторлық пікірі, көркем бейнелеудің элементтері, көркемдік сияқты ерекшеліктері журналист шығармашылығындағы – қарапайым ақпаратты хабарлау, озық әдістерімен көрінген белгілі мақалалары, ресми баяндамалар мен құжаттардан жоғары тұрады.

Публицистикадағы эмоциональды түсініктің ауқымы оның көркемдігінен басым, әрі кең. Публицист образға жақындамай-ақ сезімге әсер ете алады. Публицистиканың бұл әдісі көркемдікке қарағанда адамзат сезіміне әсер ету мен ықпал жасаудың тұрақты белгісіндей.

Қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға өзіндік пікірін білдіріп, ойын айту публицистің алдына қойған міндеті. Адам сезіміне әсер етуде өнердің ешқандай түріне шек келтірмейтін публицистиканың қасиеті – шынайы өмір мен шындық факті мен оқиға. Өз кезегінде С.Балғабай да жұртшылық көкейінде жүрген келелі мәселелерді қозғай білді.

С.Балғабай публицистикасын жанрлық тұрғыдан сұхбат, проблемалық мақалалары, портреттік очерктері деп бөліп қарастыруға болады. Оның сұхбаттарының басым көпшілігі қоғамдық саяси мәселелерге, оралман, көші-қон, драматургия саласына қатысты болса, проблемалық мақалаларында қазақтың бүгінгі тойы мен ұлт ретінде сақталып қалу мәселесіне дейін сөз етілген. Оның ішінде ұрпақ тәрбиесіне байланысты «Жастарға бәрі аманат», «Пәленің басы - азғындау», «Қазақ порносына жол жоқ» және т.б. мақалаларын атап айтар едік.

Публицистің портреттік очерктері қаламдас-достары, әріптестері, қоғам қайраткерлеріне арналады. 30-ға жуық очерктері мен рецензиялары әдебиет пен мәдениетке өлшеусіз үлес қосып келе жатқан тұлғаларға арналған.

Демографиялық жағдай мен көші-қон мәселесі қандай мемлекет үшін де маңызды. Өйткені мемлекеттің ең басты ресурсы – адам болса, мемлекеттің дамуы да сол адамдардың санымен тікелей байланысты. Қазақстан кеңестік кезеңдегі елдердің көпшілігіне қарағанда қарқынды дамушы мемлекет ретінде танылып отыр. Әлеуметтік-экономикалық даму жағынан Қазақстанда барлық халықаралық қаржылық және рейтингтік агенттіктер мойындаған.

Қазақстандық ғалым А.Н.Алексеевның бағалауынша, 30 жылдық экономикалық өсімнен кейін Тайланд туу көрсеткіші жағынан 2,4 коэффициентке дейін төмендеген, Сингапур – 2,6, Гонконг – 2,8, Малайзияда - 2,9-ға жеткен[4,128]. Экономикалық жағдай халықтың өсіміне ықпал етеді. Оның көрінісін алдыңғы қатардағы мемлекеттер Германия, Жапонияда туу көрсеткіші кәдімгідей төмендеген. Осылайша экономикалық өсім мен халық санағы бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да Қазақстандағы демографиялық ахуалды зерттеу өз маңызын ешқашан жоймақ емес. Қазіргі таңда демографиялық мәселені көптеген мемлекет көші-қон қозғалысы есебінен жақсартып отыр. Көші-қон Қазақстан мемлекеті үшін де маңызды проблеманың бірі.

Публицист С.Балғабай публицистикасындағы негізгі мәселелердің бірі – көші-қон. Аталмыш мәселеге байланысты публицист «Түркістан» газетінің тілшісіне берген сұхбатында нақты ұсыныстарын білдіреді. «Біріншіден, оралман мәртебесін алғысы келетін азаматтың қолында өзінің қазақ екенін дәлелдейтін құжаттар болуы керек. Екіншіден, Қазақстанға келмес бұрын өзі тұратын елден бұрын сотталмағанын айғақтайтын анықтама алу мен тұрақты тіркеуден шығу мәселесін реттеу керек. Үшіншіден, Қазақстанға келген азаматтардың шетелде жақын туыстары, отбасы мүшелері қалған болса, оларға арнайы шақыру жіберіп, отбасын біріктіру санатындағы визамен көшіріп әкелуге болады. Төртіншіден, оралман ретінде үкімет айқындаған өңірлерге барған азаматтар бірқатар әлеуметтік жеңілдіктерге қол жеткізеді. Бесіншіден, Қазақстандағы жоғары оқу орнына оқитын азаматтар елімізде тұрақты тұрып, азаматтық алуға толық құқылы»[5] екендігін айтады.

С.Балғабай 1999 жылы «Қазақ елі» газетінің бірнеше санында шетел қазақтарының Қазақстанға келіп орналасуының заңдық-құқықтық жолдарын түсіндіретін «Қазақстанға қалай келеміз?!» атты анықтама дайындап, жариялады.

С.Балғабай публицистикасында ерекше атап айтуға тұралық мәселе – оралмандар мәселесі. Публицист шығармашылығының жемісі оның көтерген мәселесіне билік тарапынан жауап беріліп, назар алынғаны дер едік. Бұл орайда публицистің бірнеше мақаласына байланысты лауазымды тұлғалардың жауап хаттары жарық көрген.

Сұлтанәлі Балғабай шетелдегі қазақтармен байланыс жасап, олардың атажұртқа оралуына жағдай жасалу қажеттігін «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Еншіміз бөлінбеген ел едік...»[6] атты мақаласында көтерген болатын. Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың мәдени-рухани, оқу-білім саласындағы мұқтаждықтарын жан-жақты ашып көрсеткен бұл мақалаға Өзбекстан тарапынан айрықша назар аударылды.

С.Балғабай 1992 жылдың 2 қараша күні ҚР Әділет министрлігінен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын ресми тіркеуден өткізіп, тиісті куәлігін алған. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы құрылғаннан кейін шетелдегі ағайындар мәселесіне тұрақты назар аудара бастайды. Осыған орай, Қауымдастықтың күнделікті жұмысын көрсетуге де ерекше көңіл бөлді. Бүгінгі күнге дейін аталмыш тақырыпқа 100-ге жуық мақалалар жазылыпты.

Публицист көрші елдердергі қандастарымызды көшіру мәселесінің қиындап кетуіне байланысты «Айқын» газетіне «Көші-қондағы жемқорлық тиылмай, көш түзелмейді» деген тақырыпта сұхбат береді[7]. Бұл сұхбатында С.Балғабай көші-қонға бөлінген қаржының неше түрлі жалған құжат жасау арқылы талан-таражға түсіп жатқанын нақты мысалдармен дәлелдеп береді.

С. Балғабай «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Оралман көші: күдік пен үміт»[8] атты мақаласында да көші-қонда жемқорлықтың барынша асқындап отырғанын нақты мысалдармен дәлелдей келіп, енді осыны болдырмаудың жолдарын ұсынады.

Публицист С.Балғабай «Түркістан» газетінде «Жолайырықта тұрған көш»[9] атты этникалық көші-қон туралы мақала жариялады. Бұл мақалада оралмандар көшінің барынша азайғаны, оның себептері, және бұл мәселені шешудің жолдары атап көрсетілген еді. Бұл мақалаға Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлінің орынбасары Д.Арғындықов жауап беріп, ол жауап «Түркістан» газетінің 2015 жылғы 19 ақпандағы нөмірінде жарияланды.

С.Балғабай «Егемен Қазақстан» газетінде «Этностық көші-қон: бүгін және ертең»[10] атты проблемалық мақала жариялады. Бұл мақаланы ҚР Премьер-Министрі К.Мәсімовтың тапсырмасымен мүдделі мемлекеттік органдар бірлесе қарап, шетелден келген ағайындардың тұрақты тұру, азаматтық алу, оқуға түсу мәселелерін қазіргіден де жеңілдету мәселелері қолға алды. Бұл жөнінде мақала авторына ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Нұрымбетов арнайы жауап жазды.

Белгілі демограф ғалым, тарих ғылымдарының докторы Әзімбай Ғалидің мәлімдеуінше, тәуелсіздік жылдарында шетелдерден атамекеніне тіпті 1 миллионнан астам қазақ көшіп үлгерген.

Олардың ішінде зиялылар – жоғары білімді әдебиет, өнер қайраткерлерімен қатар, бүгінгі Қазақстан зәру болып отырған түрлі мамандықтың иелері – заңгерлер, экономистер, кәсіпкерлер, шетел тілдерінің мамандары, сондай-ақ - көрнекті мемлекет қайраткерлері мен саясаткерлер де жоқ емес.

Алайда олардың арасынан атамекенінде өздерінің білімі мен бай тәжірибесіне, интеллектуалдық қабілеттері мен білгірлігіне және сан-алуан кәсібіне лайық орнын, қызметін немесе кәсібін тапқаны некен-саяқ көрінеді, тіпті жоқтың қасы десе де болғандай.

Белгілі мемлекет қайраткері Құтмағамбет Қонысбай шетел қазақтарының атажұртқа қоныс аударуына үлкен үлес қосқан азаматтардың бірі – Сұлтанәлі Балғабай деп атап көрсетеді. «Ол 1993 жылы Түркияға барып, ол жақта босқын болып жүрген екі мыңдай ауғанстандық қазақтарды тізімге алып, тиісті орындарға мәселе қойып, олардың атажұртқа келуіне тікелей ықпал етті. Бұл қазақтар қазір Қаскелең, Түркістан және Шымкент қалаларында тұрып жатыр. Сондай-ақ ол Иран, Ауғанстан, Сауд Арабиясындағы қазақтардың Қазақстанға оралуына да атсалысты. 1990 жылдардың басында Қытай қазақтарын Қазақстанға арнайы шақыртумен қоныс аудару мәселесін шешуге тікелей ықпал етті», - деп жазады.

Публицистің оралман мәселесіне арналған мақаларының барлығы дерлік көші-қонның көлеңкесі мен күнгейін ашып көрсетеді. Аталған мәселені талдау барысында публицист мынадай негізгі мәселелерге шетелдік қандастарды елге әкелуге, елге келген қандастардың жұмыспен қамтылуына, көші-қон қозғалысының бүгінгі жағдайына аса мән береді. Сондай-ақ, публицист мәселені суреттеу, талдау, зерттеу, болжам айту, болашақтағы іс-жоспар бағдарламасын жасауды басты назарда ұстаған. Бұл талдамалы журналистиканың негізгі міндеттерін айқындай түседі. Қазіргі қазақ көсемсөзіне осындай салмақты сараптаманың қажет екендігін ескерсек, С.Балғабай мақалаларының маңызы одан сайын арта түспек. Сондықтан да дара қолтаңба иесі Сұлтанәлі Балғабай публицистикасын алдағы уақытта тыңғылықты зерттеу міндеті тұр.

Әдебиеттер:

1. Алексеенко А.Н. Казахстанский путь модернизации: этнодемографический аспект. // Вестник Евразии. -2004. -№ 1. -С.128.
2. Әуезов М. Сәт сапарға дос ниет. // Қазақ әдебиеті. – 1955. – 14 қаңтар.-3 б.
3. Балғабай С. Еншіміз бөлінбеген ел едік... // Қазақ әдебиеті. -1989. -7 тамыз.-4 б.

4. Балғабай С. Этностық көші-қон: бүгін және ертең. // Егемен Қазақстан.- 2016. - 15 шілде.-2 б.
5. Балғабай С. Жолайрықта тұрған көш. // Түркістан.- 2015. -8 қаңтар.
6. Балғабай С. Көші-қондағы жемқорлық тиылмай, көш түзелмейді. // Айқын.- 2008. -22 қараша.-12 б.
7. Балғабай С.Оралман көші: күдік пен үміт.// Егемен Қазақстан. -2010. -14 желтоқсан.-2 б.
8. Здоровета В. Слово тоже есть дело некоторые вопросы теории публицистики. – М.: Мысль, 1979. –174 с.; 25 см.. – Библиогр.: с. 172-173. – Предм. указ.: с. 151-152. – 5000 экз. – ISBN 2-89264-351-5 (в пер.).
9. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері: Оқулық.- Алматы: Қазақ университеті, 2007. -486 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 484-485 – 10000 дана. – ISBN 1-485-65897-4.
10. 6.Лепесова А. Заң оралман жағында.// Түркістан. - 2015. -19 ақпан.-5 б.

ӘОЖ: 82.09:894.342

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНҰЛЫ - ӘДЕБИЕТ ЗЕРТТЕУШІСІ

ХУЛИЯ КАСА ПОГЛУ ЧЕНГЕЛ, ГАЗИ университеті, Түрік Республикасы,
Ұ.Н. ЖАНБЕРШИЕВА, филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада Қайым Мұхамедханұлының қазақ әдебиетін зерттеудегі еңбектері сөз болады. Ғалымның қазақ әдебиеті тарихы, сыны, теориясының мәселелері туралы жазған еңбектерінің мазмұндылығы мен материалдарының молдығы айтылады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында абайтануға қосқан үлесі сарапталады. «Абайдың ақындық мектебі», «Абай шығармалырының текстологиясы», «Абай айналасындағы ақындар», «Ақын Мағауия Құнанбаев», «Абайдың ақын шәкірттері» сияқты құнды еңбектері ғылыми жүйеде талданады.

Ғалымның қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне де қосқан үлесі, ғылыми болжам, пайымдаулары қарастырылады. Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірберген, Бұхар жырау шығармаларына жасаған терең ойлары беріледі.

Қайым Мұхамедханұлының шәкәрімтануға арнаған ғылыми зерттеулері бойынша тың деректер дәйектеледі.

Әдебиет зерттеушісі, ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың, халықаралық сыйлықтың лауреаты Қ.Мұхамедханұлы зерттеулерінің мәні мен мазмұны әдеби-теориялық тұрғыдан толық ашылды.

Кілт сөздер: ақындық мектеп, текстология, абайтану, ұлтшыл, бағзы заман, интелект, ғылыми айналым, шәкәрімтану.

Аннотация

В статье рассказывается об исследованиях казахской литературы, приводимых в трудах Кайыма Мухамедханулы. В работах ученого приводится большое количество сведений об истории, критике, вопросах теории казахской литературы.

Рецензируется вклад науки Казахского литературоведения в абаеведение, проанализированы на глубокой научной основе такие ценные труды как «Абайдың

ақындық мектебі», «Абай шығармаларының текстологиясы», «Абай айналасындағы ақындар», «Ақын Мағауия Құнанбаев», «Абайдың ақын шәкірттері».

Рассматривается лепта, внесенная ученым, в изучение вопросов истории казахской литературы, приводятся его научные прогнозы, суждения, посвященные произведениям Асета Найманбаева, Әрипа Танирбергенова, Бухара Жырау.

Приводятся ранее не публиковавшиеся, научные работы Кайыма Мухамедханұлы, посвященные Шакаримоведению.

В трудах литературного исследователя, ученого, лауреата государственных и международных премий К. Мухамедханұлы полностью раскрывается значение и содержание его литературно-теоретического подхода.

Ключевые слова: поэтическая школа, текстология, абаеведение, национализм, интеллект, научный оборот, шакаримоведение.

Annotation:

The article is told about the researches of Kazakh literature, driven to labours of Kaim Myhamedhanyli. In the work of scientist there is a lot of information about history, criticism, questions of theory of Kazakh literature.

The contribution of science of Kazakh literary criticism is criticized to aAbay's introduction, such valuable labours are analysed on deep scientific basis as "Poetry school of Abayi", "Textology of Abay's work", "Poets of surrounding Abay", "Poet Magauya Kunanbayev", "Abay's followers".

The small contribution brought in by a scientist is examined, in the study of questions of history of Kazakh literature, his scientific prognoses over, judgements, sanctified to works of Aseta Naimanbaeva, Aripa Nanirbergenova, of Byhar Zhiray are brought.

The before not published, scientific works over of Kaim Myhamedhanyli are brought, devoted Zhakarimobedeniw.

In labours of literary researcher, scientist, laureate of государственных and international bonuses of Kaim Myhamedhanyli a value and maintenance of his literary-theoretical approach open up fully.

Key words: poetic school, textual criticism, абаеведение, nationalism, intellect, scientific turn, zhakarimobedeniw.

Қайым Мұхамедханұлының өмірінің жартысынан көбі әдебиеттану ғылымын зерттеуге жұмсалған. Абай мұражайының директоры және жоғары мектептің оқытушысы болып қызмет істей жүріп, 1951 жылы «Абайдың ақындық мектебі», 1959 жылы «Абай шығармаларының текстологиясы», 1959 жылы «Абай айналасындағы ақындар», «Ақын Мағауия Құнанбаев», 1997 жылы 4-томдық «Абайдың ақын шәкірттері», 1995 жылы «Абай мұрагерлері», «Мұхтар кешкен қилы заман», «Шәкәрім» т.б. толып жатқан ғылыми мақалалар жазған.

Әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны саласында 58 жыл үзбестен қызмет еткен ғалымның еңбектерінде материалдың молдығын, мазмұндылығын айтуға болады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Абайтану мәселесін зерттеуші ғалымдар көп. Ақын мұрасын тану, зерделеуде: М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайлов, М.Сильченко, Ә.Тәжібаев, Қ.Жұмалиев, Т.Әлімқұлов, Ә.Жиреншин, А.Нұрқатов, З.Ахметов, Х.Сүйіншәлиев, М.Мырзахметовтер зор үлес қосқан.

Осы орайда, Қайым (Ғабдулқайым) Мұхамедханұлы Абайтануда өнімді пікір айтып, өндіре зерттеген ғалым негізін салушылардың бірі деуге болады.

Кеңес дәуірінің 40-жылдарында Абай және оның ақындық мектебі деген күрделі тақырыпты зерттеу өзекті мәселе болды. М.Әуезов: «Абай өмір сүрген дәуірдің рухани тынысын танытатын, өнер адамдарымен байланысын, оларға берген бағасын зерделеу керек», - деген [1,126б.]. Сол кезде М.Әуезов кеңесімен бірнеше

зерттеушілер бұл тақырыпты қарастыра бастайды. «Абайдың ақын шәкірттері» атты үлкен саланы М.Әуезов Қ.Мұхамедханұлына міндеттейді.

Бұл тақырыпты ғылыми айналымға түсіруде Қайым тың дүниелердің бетін ашты. Сол кездерде бұл тақырып зертеуші ғалымдар: Е.Ысмайылов пен М.Сильченконның еңбектерін де көрген. М.Сильченко «Абай» атты монографиясында бір тарауды Абай шәкірттеріне арнайды. Абай айналасындағы ақындарға қысым жасала бастаған кезде өз пікірін тоқтатады.

Абайдың туғанына 100 жыл толуына байланысты Алматы педагогикалық институтында өтетін жиында оқылатын баяндамалар Ғылыми Кеңесте талқыланады. М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Тәжібаев, М.Сильченколарға «Абайдың ақындық мектебі» тақырыбында баяндама жасау жоспарланады. Өкінішке орай, баяндамашылар тақырыптан ауытқып негізгі мәселені қарастырмайды. Абай заманындағы айтыс ақындары: Біржан, Әсет, Шортанбай, Шөже, Балта, Кемпірбай айтыстары сөз болады. Ал баяндамашылар ақын шәкірттері емес олардың: «Медғат-Қасым», «Дағыстан», «Зұлыс», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» сияқты шығармалары ғана сөз болады.

М.Әуезовтің өзі Абай мектебін тек шолып өтеді. Абайдың өзін зорлықпен мойындатып отырған тоталитарлық жүйені бұзып өту мүмкін емес еді.

Осындай қысымға қарамай Қайым Мұхамедханұлы бұл тақырыпты ғылыми айналымға түсіріп, Абайдың балалары: Ақылбай мен Мағауия немересі Әубәкір және ақын достары Әріп Тәңірбергенов, Әсет, Хайолла, Кәкітай, Бейсенбай, Көкбай сияқты ақындар сөз болады.

Шәкәрім мен Тұрағұл сол кезде «ұлтшыл» атанғандықтан қарастырылмаған. 1945 жылы «Екпінді» газетінде «Абайдың әдеби мектебі» мақаласын жариялап Абай шәкірттерін жүйелі түрде нақты деректермен көрсетіп береді. Ғалымның мақаласының құндылығы сонда Абай айналасындағы өнер адамдарын толық қамтиды. Оларды Европалық әдіспен дастан жазғандар, сезім, махаббат, өршілдік, арманшылдық үлгіде Ақылбай, Мағауия сияқты ақындар болған деп ой түйеді. Кәкітай, Тұрағұлдар лирикалық көңіл-күйі өлеңдері мен қара сөз, аудармаға ден қойған ақындар еді, - дейді. Ал Көкбай, Әріп, Иманбағарларды тарихи өлең жазатын ақындарға жатқызады. Әубәкір, Қиясбай мысқыл, жаңа өлең шығарушылар деп тұжырымдаған.

Біздіңше, Қайым Мұхамедханұлының бұл бөлуін шартты түрде деп түсінуіміз керек. Олай дейтін себебіміз Көкбай, Әріптер қисса-дастан да, лирикалық өлең де, мысқыл да жазған. Ең бастысы бұл мақала арқылы Абай заманында қазақ даласында үлкен мәдениеттің болғанын, өнер тұтастығы бір ақын, әнші, сазгерлермен дәлелдеп, ғылыми байлам жасайды.

1951 жылы М.Әуезов жетекшілігімен «Абайдың ақындық мектебін» жинақтап кандидаттық диссертация қорғайды. Онда Шәкәрім мен Тұрағұл «халық жауы» деген саяси көзқарастан аяғын тартса да дауға ілінеді. Қызыл империяның тұрпайы көзқарасы еңбекті бағалауда да үлкен дау туғызады.

1951 жылы Тіл және әдебиет институтында әдеби жиын өтіп, осы диссертация талқыға түседі. Белгілі ғалым С.Мұқанов «Абай мұраларындағы кейбір талас мәселелер» деген тақырыпта баяндама жасайды. «Қазақ әдебиеті тарихының» екі томында рушыл-феодалдық ескі өмір дәріптелсе, «Абай шәкірттері» деген мәселенің төңірегінде ескілік дәріптелсе, ескілікті дәріптейтін ғылыми диссертациялар мақталса, осылардың басында Әуезов отырса, бұлай дәріптеулер бір емес бірнеше жылға созылса, мұның аты ұлтшылдық, бұрмалаушылық, мына диссертация жастардың сана-сезімін улайды», - деген [2, 546.]. С.Мұқанов баяндамасында: «Қ.Мұхамедханов диссертациясы, Әуезов айтып жүрген Абай шәкірттерін мақтауға құрды, ол тізімде «халық жауы» Тұрағұл да жүреді», - деп қаралайды [2,576.].

Қ.Мұхамедханұлы қорғаған диссертацияға тағылған айып кеңестік идеологияға сай келмейтін, Абай шәкірттерін «ескішіл, шығысшыл, байшыл, ұлтшыл, діншіл деп

әшкереледі. Сонымен қатар ақындық мектеп Абайға ғана байланысты деу ойға сыймайды», - деген. С.Мұқанов өз ойын Абай шәкірттері «ұлтшыл», «халық жауы», «Абай мектебі» деген сөз кеңестік әдебиеттің қалыбына сыймайды, - деп ойын тұжырымдады.

Осы жиыннан кейін М.Әуезов Ғылыми академиясының мүшелігінен босатылып, жұмыстан қуылады. Қайым Мұхамедханұлын «халық жауы» деп тұтқындап, жиырма бес жылға соттайды. Кандидаттық диссертациясын жойып жібереді. Семей, Алматы түрмелерінде қамауда болады. Қ.Мұхамедханұлы түрмеде өткен күндері жайлы бір естелігінде: «Біз атақты Ермұхан Бекмұханов, Есмағанбет Ысмайылов, Бекжан Сүлейменов төртеуіміз айдалдық, артымыздан Қажым Жұмалиевті соттайды. Сегіз ай түрмеде жатқанда, сегіз тергеуші ауыстырдым. Алған бетімнен қайтпай қойдым. «Мұхтарды сат, диссер-тацияны зорлап жазғызды, ғылыми еңбектерінен бас тарт, жазаң жеңілдетіледі», - дейді олар. Одан да өлгенім артық емес пе? – жалған айтып қайтып жер басып жүрейін [3, 30б.], - деп аяқтайды сөзін ғалым. Түрмеден босатылған соң 1959 жылы Қайым алғашқы тақырыбын өзгертіп «Абай төңірегіндегі ақындар» деп кандидаттық диссертациясын қайта қорғайды. Сөйтіп абайтануға өзіндік үлесін қосады.

Қ.Мұхамедханұлының абайтанудан кейінгі өндіре зерттеп, өнімді пікір айтқан саласы – қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Жыраулар поэзиясын зерттеудегі еңбектерін ерекше атауға болады. Ол – Бұқар жырау шығармашылығына терең талдау жасаған ғалым. Бұл туралы Бапан бидің баласы Саққұлақ шешеннен туатын Ералының Тұрсынбай деген баласынан Бапан би шежірелерін алып тың деректер пайдаланған. Абылай заманы, Бұхардың ел бірлігін жырлауы тарихи оқиғалармен бірлікте, тұтас байланыста қарастырады. Бұхардан бастап Абайға дейінгі әдебиетімізде үзілмей келе жатқан үлкен өзек, ұзақ желі, байланыс бар екенін дәлелдейді.

Оның екінші бір құнды пікірі Әсет Найманбаев туралы әр түрлі деректер келтіргені. Ә.Найманбаевтың Абаймен байланысы, 3 жыл өнер мектебінен өтуі, Абайдың Әсетке бата бергендігін жинақтай келіп, Әсеттің жан-жақты зерттелген шығармашылық өмірбаянын жасайды. Оқырманға ой салатын өнегелік сөздері бізге аса қажет екенін терең зерттеп айтты.

Туған әдебиетімізге өзіндік жолы, өзіндік үнімен келген Әріп Тәңірбергенов шығармаларында Абай поэзиясымен сабақтастық бар деп шебер талдаған.

«Халық жауы» деп жарты ғасырдан астам уақыт ескерусіз қалған Шәкәрімнің қазақ халқының тарихында алатын орны ерекше. Қазақ халқының көркемдік ойының үздік үлгісін туғызған Шәкірімді зерттеудегі ғалымның еңбектерінің маңызы зор.

2006 жылы Семейден шыққан «Шәкәрімтану мәселелері» атты сериялық ғылымдық жинақтың үлкен бір бөлімі Қ.Мұхамедханұлының Шәкәрімді зерттеуіне арналған. Қ.Мұхамедханұлы: «Әдебиетіміздің тарихында ұзақ жыл орны ойсырап келген, елге белгілі болған ақындарды еске алғанда, ең алдымен Шәкәрімді атауымыз орынды деп білемін. Өйткені, ол – Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі, бірі болғанда бірегейі», - дейді [4, 27б.].

Қайым Мұхамедханұлы Шәкәрімнің өмірі, Құнанбайдың немересі 7 жасынан жетім қалып, 15 жасында ақындыққа бой ұрғаны, Шәкәрімнің мектебі – Абай», - дей келе, Меккеге қажылық үшін емес, Стамбул, Парижде болып тілді меңгеру үшін барды, - деп көрсетеді. Шәкәрімнің шежіре жазу үшін, ғұлама ғалымдардың еңбектерімен таныс болғанына нақты дәлел береді. Араб ғалымы Табаридың: «Тарихи ғұмұлген», Ж.Баласағұнның «Құтты білік», Әбілғазының шежіресін жақсы білгенін айтып өтеді. 1911 жылы Орынборда басылып шыққан Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ, һәм хандар» шежіресіне талдау жасайды.

Зерттеудің құндылығы Қайымның шежірені жік-жікке бөліп тіл мен әдебиет, аңыздар, хандар туралы қазақ тарихында айтылмаған тың мағлұматтар беріп қарастыруында еді. Шәкәрім шежіресіндегі тарихи оқиғалар 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» сөзіне түсінік береді. Ел жаяу жүріп табаны ақ жем

болып, көлге келіп сұлап жатуы. Сонда бір қария осы оқиға тарихта қалады, - деп елді жұбатқан екен. Ол – Шақшақұлы Жәнібек батыр, келіп сұлаған көлі Саумалкөл екен деп дәйектеледі. Зерттеуші ғалым Шәкәрім шежіресіндегі кейбір сөздердің мағынасына үңілген.

Мына заман қай заман, бағы заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.

Берілген үзіндідегі бағы араб сөзі - [5, 320б.] ертеде дегенді білдірсе, береке-бірлігі кеткен қазақ елінің ауыр тұрмысын осылай берген деп қорытады. Шәкәрім жазған: «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу» тарихи дастандар, себебі шежіре, тарих, мағлұмат поэмалардың өн бойында қатар келіп сабақтасып отыратынын айтып өтеді.

Осындай оқиға «Еңлік-Кебекте» айтылады. «Еңлік-Кебек» 1934 жылы Мұхтар Әуезовтың мұрағатынан табылғанын мысалға келтіреді. Ал «Қалқаман-Мамыр» поэмасында Шәкәрім мына шежіреге сүйенгенін саралайды. Әйтеке бидің тоқалынан Қалқаман батыр туады, Мәмбетей бай қызына ғашық болуы.

Қ.Мұхамедханұлы Шәкәрім шығармаларының баспадан басылып шығуы туралы да дерек берген. 1912 ж. «Қазақ айнасы» Семейде, 1912 ж. «Еңлік-Кебек» Семейде, 1911 ж. «Мұсылмандық шарты» Орынборда, 1921 ж. «Ләйлі-Мәжнүн» Ташкентте «Шолпан» журналының бірнеше санында және 1925ж. «Әділ-Мария» романы жарияланған.

Сонымен қатар Шәкәрімнің Семейде шығатын «Қазақ тілі» (1924ж.), «Таң» (1925 ж.), «Шолпан» (1921 ж.) журналында мақалалары, өлеңдері жарияланып тұрғанына дәлел келтірген. Сазгерлік өнерден де хабары бар Шәкәрім жазған 20-дан астам әндерді тізбектеген.

Зерттеу жұмысының соңында Шәкәрім тартқан қайғы-қасірет айтылған. Үлкен баласы Ғафур мен Баязит деген ұлдары түрмеге жабылады. Осыған шыдамай Ғафур өзін-өзі бауыздап өлтіреді. Одан кейін Ахат Семей түрмесіне жабылады. Шәкәрім Ғафурдың өліміне арнап қайғылы өлең жазған. Ол еш жерде жарияланбаған. Қайым осы өлеңді Шәкәрім жинағына енгізді.

Жазушы Г.Бельгер: «Қайым - биік адамгершіліктің, интеллектуальды ұлт беделінің жарқын көрінісін танытты. Алаштың ұлы Абайды танытушының өмірі кітапқа да, киноға да лайықты», - деп жазды. Бұл Қ.Мұхамедханұлының ғалымдығы туралы ойланып айтылған орынды пікір екені даусыз.

1996 жылы Қайым Мұхамедханұлына абайтануға сіңірген еңбегі үшін мемлекеттік сыйлық берілсе, 2016 жылы ғалымға 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Халықаралық сыйлықтың лауреаты атағы берілді.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әуезов және абайтану мәселесі. –Алматы: Жазушы, 1980.-328 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 326-327. – 20000 дана. – ISBN 2-756-27653-2.
2. Ердембеков Б. Абайтану.- Семей: Интеллект. 2009. -180 б.;21 см. – Библиогр.: б. 178-179. – 1000 дана. – ISBN 978-601-292356-8.
3. Мұхамедханұлы Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. –Алматы:Алаш, 2005. - 320 б.; 25 см. – Библиогр.: б. 318-319. – 12000 дана. – ISBN 3-92365-436-7.
4. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы.//Әдебиет және искусство. -1957. -№7. -64-65 бб.
5. Мұхамедханұлы Қ. Тағдыр және қарлағ. – Алматы, 2008. -279 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 277-278. – 30000 дана. – ISBN 5-321-56470-5.
6. Рүстемов П. Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша сөздігі. – Алматы, 1989. -320 б.; 23 см. – Библиогр.: б. 318-319. – 5000 дана. – ISBN 2-67595-323-5.
7. Шәкәрімтану мәселелері.–Семей:Талер-Пресс.2006.-270б.;26 см. – Библиогр.: б. 268-269. – 10000 дана. – ISBN 3-621-98723-2.

ТУМА ТАЛАНТ ИЕСІ

К.Т.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА, гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Бұл мақалада И.Мұхамеджановтың өмірі мен шығармашылық жолы туралы, сонымен бірге ақынның шығармашылық мұраларына әдебиет сыншыларының берген бағыс туралы айтылады.

И.Мұхамеджанов қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы С.М.Киров атындағы ҚазМУ) журналистика факультетінде оқып жүріп, республикалық «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеттерінде Надежда Лушникова, Қибат Иманғалиев, Танаш Дәуренбеков, Сырбай Мәуленов, Сағи Жиенбаев, Әди Шәріпов шығармаларына әдеби-сын, рецензиялар жазған. Алматының «Жетісу» облыстық газетінде бірнеше очерктері, қазақ ақындар айтысының 1964 жылы шыққан алғашқы томына сын-пікір жазып жариялаған. Сөйтіп, университет қабырғасында жүріп-ақ, ақындық, зерттеушілік талантымен таныла бастады. Осыны білген Жамбыл, Шымкент, Қызылорда ақын-жазушыларының Оңтүстік өлкелік консультанты ақын Асқар Тоқмағанбетов Ибраһим Мұхамеджановты өзіне серік етті. Университетті бітіргеннен кейін 1965 жылдан бастап «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде әдеби қызметкер болып жұмысқа орналасады. Сол жылдары оның қолынан ақын А.Тоқмағанбетовтің қолдауымен қармақшылық Ә.Әлиасқаровтың, жаңақорғандық Базарбай Исаевтың, жалағаштық Тыныштықбай Мұрынбаевтың өлеңдер жинағы Қазақстан Жазушылар Одағының баспасына ұсынылған. Сөйтіп, жергілікті таланттардың облыс шеңберінде қалмай, республикаға танымал болуына өзіндік үлесін қосады. 1969 жылдардан бастап табиғи талантымен таныла бастаған И.Мұхамеджанов сол кездегі Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетіне оқытушылыққа шақырылады.

Кілт сөздер: сын-пікір, жұмбақ айтыс, ақын, талант, би, шешендік сөздер, шариғат, дәстүр.

Аннотация

В статье рассматриваются о жизни и творчестве известного исследователя И.Мухамеджанова, его творческое наследие с точки зрения литературной критики.

Еще будучи студентом факультета журналистики нынешнего Казахского национального университета имени аль-Фараби (бывший КазГУ имени С. М. Кирова), И. Мухамеджанов публиковал рецензии и отзывы на страницах журнала «Звезда», газет «Казахская литература», «Юный ленинец» на произведения Надежды Лушниковой, Кибата Имангалиева, Танаша Дауренбекова, Сырбая Мауленова, Саги Жиенбаева, Ади Шарипова. В алматинской областной газете «Семиречье» опубликовано несколько очерков, а так же отзыв на первый том 1964 года, посвященный состязаниям казахских акынов.

Так, еще находясь в стенах университета, он становится известным своими поэтическими и исследовательскими талантами. Зная об этом, консультант джамбульских, чимкентских, кызылординских поэтов и писателей по южному региону, поэт Аскар Токмаганбетов всегда брал Ибрагима Мухамеджанова с собой. После окончания Университета, в 1965 году, И. Мухамеджанов начал трудовую деятельность литературным сотрудником в газете «Ленин жолы». В те годы, согласовав с поэтом А. Токмаганбетовым, Мухамеджанов рекомендовал к публикации в Союзе писателей Казахстана сборники стихов кармакчинца

А.Алиаскарова, джанакорганца Базарбая Исаева, джалагашца Тыныштыкбая Мурынбаева. Он внес свою лепту в то, чтобы местные поэты получили широкую известность на республиканском уровне. В 1969 году И. Мухамеджанов был приглашен на должность преподавателя филологического факультета педагогического института имени Н.В.Гоголя.

Ключевые слова: рецензия, поэт, талант, би, шешендік сөздер, традиция.

Annotation

The article deals with the life and work of the famous explorer I.Muhamedzhanova its artistic heritage from the point of view of literary criticism.

As a student of the Faculty of Journalism of the current Al-Farabi Kazakh National University (KNY former Kirov), I.Muhamedzhanov published reviews and comments on the pages of the magazine «Star», «Kazakh literature» of newspapers, «Young Leninist» on the works of Hope Lushnikova, Kibati Imangalieva, Tanashev Daurenbekova, Sirbai Maulenov, Sagi Zhienbaeva, Adi Sharipov. In Almaty the regional newspaper «Seven Rivers» published several essays, as well as a review of the first volume in 1964, dedicated to competitions Kazakh akyns.

So, even while in the university, he became known for his poetic talent and research. Knowing this, the consultant Jambul, Shymkent, Kyzylorda poets and writers of the southern region, the poet Askar Tokmaganbetov always took Ibrahim Muhamedzhanov with him. In those years, agreeing with the poet Askar Tokmaganbetov, Ibrahim Muhamedzhanov recommended for publication in the Writers Union of Kazakhstan collection of poems karmakchintsa A.Aliaskarova, dzhanakorgantsa Bazarbai Izayev dzhalagashtsa Tynyshtykbaya Murynbaeva. He contributed to the fact that local poets are widely known at the national level. 1969, Ibrahim Muhamedzhanov was invited to the position of philological faculty of Pedagogical Institute named after V.P.Gogol.

Key words: resenzia, review, poet, bi, talent, sheshendik sozder, zharihat, tradition.

Кезінде әр түрлі себептермен таланты тасада қалып қойған тұлғалардың бірі – ақын, халық ауыз әдебиетін зерттеуші, ұстаз, журналист Ибраһим (Қырғызбек) Мұхамеджанов. Ол қазақ әдебиеті тарихында қыз бен жігіттің жұмбақ айтысының негізін қалаған, кезінде Ұлбике Жанкелдіқызымен (1825-1849 жж.) айтысқан Күдеріқожа Көшекұлының (1820-1858 жж.) төртінші ұрпағы. Ал Күдеріқожа Көшекұлы туралы халық ақыны Қ.Баймағанбетов «Сымбатты сұлу Сырдың сүлейлері» атты этнографиялық поэмасында (Пернедегі термелер, 1965):

Күлдірлеп Күдері өтті Таспаменен,
Айтысқан талай жайсаң қасқаменен.
Айтысып Ұлбикемен үздік шыққан,
Тең таппай теңесуге басқаменен.

Күдеріден Нарбота, одан Нұреке, одан Мұхамеджан (Қарамолда) одан Әбиболла, Халиолла (Қалтай), Ибраһим (Қырғызбек) тарайды.

«Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады», - деген қазақтың ешбір дау айтуға тұрмайтын тарихи тағылымының мысалын Мұхамеджан әулетінен көруге болады. Жоғарыда аттары аталған Қарамолданың үш ұлына да Алла талантты аямай берген. Ал көлеңкеде қалып, еңбектері еленбей келгені - Ибраһим (Қырғызбек) Мұхамеджанов. Талант иесінің қолдағы бар, мағынасы мен мәніне, тағылымына еш шүбә келтіруге болмайтын ескерусіз қалған еңбектерін елге жеткізуді мақсат тұттым.

1999 жылдың желтоқсанындағы «Жұлдыз» журналының редакторы М.Мағауинге жазған өтініш хатында:

- Патша алдында сөйлесем,

Патша кеспес тілімді,
Әкім алдында сөйлесем,
Әкім таппас мінімді.
Ағайынның ішінде

Итке берсін күнімді, –деп торыға жазыпты. Осы өлеңнің екі жолынан қолда бар алтынды қадірлей алмайтындығымызды елестетеміз.

Ибраһим Мұхамеджановқа кейбір пендесымақтардың қойып жүрген жасанды тосқауылдарын сезінген ақын Тыныштықбай Мұрынбаев:

«Өзің барда өзімдей нақ қасыңда
Бұл мақтаудың білемін жақпасын да...
Таудың тасын талқандап аққан өзен,
Мүмкін бе екен тебіреніп ақпасына?!

... Шымыр-шымыр қайнаған терең дарын,
Асау арна осының көрем бәрін.
Сенің мына қасиетінді көре алмаған,
Көрдім небір көр кеуде, керең барын,» – деп тебірене жазыпты.

И.Мұхамеджанов қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы С.М.Киров атындағы ҚМУ) журналистика факультетінде оқып жүріп, республикалық «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеттерінде Надежда Лушникова, Қибат Иманғалиев, Танаш Дәуренбеков, Сырбай Мәуленов, Сағи Жиенбаев, Әди Шәріпов шығармаларына әдеби-сын, рецензиялар жазған. Алматының «Жетісу» облыстық газетінде бірнеше очерктері, қазақ ақындар айтысының 1964 жылы шыққан алғашқы томына сын-пікір жазып жариялаған. Сөйтіп, университет қабырғасында жүріп-ақ, ақындық, зерттеушілік талантымен таныла бастады. Осыны білген Жамбыл, Шымкент, Қызылорда ақын-жазушыларының Оңтүстік өлкелік консультанты, ақын Асқар Тоқмағанбетов Ибраһим Мұхамеджановты өзіне серік етті. Университетті бітіргеннен кейін 1965 жылдан бастап «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде әдеби қызметкер болып жұмысқа орналасады. Сол жылдары оның қолынан ақын А.Тоқмағанбетовтің қолдауымен қармақшылық Ә.Әлиасқаровтың, жаңақорғандық Базарбай Исаевтың, жалағаштық Тыныштықбай Мұрынбаевтың өлеңдер жинағы Қазақстан Жазушылар Одағының баспасына ұсынылған. Сөйтіп, жергілікті таланттардың облыс шеңберінде қалмай, республикаға танымал болуына өзіндік үлесін қосады. 1969 жылдардан бастап табиғи талантымен таныла бастаған И.Мұхамеджанов сол кездегі Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетіне оқытушылыққа шақырылады.

Педагогикалық институтта талантты жастарға ұшқыр қиялдарын, сезімтал жырларын өлеңмен өрнектеуде де көп көмегін тигізді. Осы уақытта бабасы Күдері ақынның шығармашылығына арнаған зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Республикалық «Жұлдыз» журналында (№2, 2000ж) «Құнанбайды таныған би немесе Күдеріқожаның шешендік сөздері», аталмыш журналдың 2000 жылғы №12 санында «Ұлбике мен Күдері айтысының» Сыр бойындағы Мұқамедияр аузынан 1945-1947 жылдары жазылып алынған, бұрын еш жерде жарық көрмеген нұсқасын, «Ақмешіт ақшамы» газетінде (№5, 19 қараша, 1999 ж) Ұлбике мен Күдерінің айтысына арналған зерттеуін жариялады.

«Құнанбай таныған би немесе Күдеріқожаның шешендік сөздері» деген мақаласында зерттеуші И. Мұхамеджанов бұрын оқушы қауымға белгісіз болып келген кейбір тың деректерді келтіреді.

Күдеріқожа Көшекұлы бірде он бес жасқа толмаған кезінің өзінде шабындық жерге таласып жатқан тобырдың үстінен түсіп, оларға билік айтады. Арты төбелеске айналуға жақындаған жасы ұлғайған адамдардың іс-әрекетін соншалықты ерсі көрген Күдері:

Өзімнің атым – Күдері,
Ер Көшектің баласы.
Талассаң бағың кетеді,
Таласпасаңдар не етеді?
Бірлік қылсаң не етеді,
Анау тұрған шабындық,
Баршаңызға жетеді.
Дүние шіркін жалған ғой,
Бастарыңнан әлі–ақ өтеді,- депті.

Өзінен біраз жас алшақтығы бар дауласып жатқандар осы сөзден кейін бір пәтуаға келіпті. Бұл оқиғаны естіген әкесі Көшек баласына: - Әлі де оқуыңды жалғастыр, билікті шариғат жолымен де, қазақтың байырғы қалыптасқан дәстүрімен де шешіп, бітім айтуды меңгер, - деп оқуға жіберіп, оны бітіртіп ел билігіне араластырған екен.

Зерттеуші ғалым И.Мұхамеджановтың дәлелдегеніндей, Күдеріқожа 24 жасқа келгенше қазақтың құрметті, сыйлы биіне айналып, Арқа, Қыр, Сыр, Батыс, Шығыс өлкелерінің талай дауларына араласып, әділ билігі мен қазылығы арқасында елді тамсандырыпты. Мысалы, 1852 жылы Қарқаралыда Құнанбай Өскенбайұлы аға сұлтандыққа сайланарда Орта жүз билері қым-қиғаш сөз таластырып, Құнанбайды сайлау-сайламасы екіталай болып, дау туады. Сонда Күдеріқожа Орта жүздің барлық билеріне арнап:

Атаңнан артық туса ту ұстарсың,
Ез болсаң тезегіңді уыстарсың.
Біріңді бірің түртіп не қыласың,
Түбі бір исі қазақ туысқансың.
Құнанбай Орта жүздің тұзы емес пе?
Көнеден арнасы бар із емес пе?
Қарадан хан да болса реті бар,
Салмаңдар қыл кеңірдек, қу өңешке.
Сәукеш су ағар әрі жүйесімен,
Жарасар көштің сәні түйесімен.
Кімің бар Құнанбайдан озып туған,
Айырма елді нағыз иесінен.
Арғымақ қанша шапса арымаған,
Қиыннан жол табады дарын адам.
Сыртынан алтын - сары, мыс та сары,
Жақсыны жарымжандық танымаған,

- деп өлеңдетіп келіп, әрі қарай тақпақтай жөнеліпті:

Тұз болмаса ет бұзылады,
Дін болмаса ниет бұзылады.
Ел – ерімен көркем,
Жер көгімен көркем.
Ақылы асқанды хан тұтын,

Білімі асқанды пір тұтын.
Жақсыңды қадірле,
Жаманды тәрбиеле, қазағым.
Арбаға тоқпақ көргенді жекпе,
Соқпақ көргенді жек.

Күдеріқожаның өлеңмен айтқан басалқы сөзі мен суырыпсалмалық шешендігіне риза болған халық Құнанбайды аға сұлтандыққа сайлайды. Осы уақытта 32 жастағы Күдеріқожа Құнанбайдан 16 жас кіші екен.

Қазақтың шежіресін терең білетін, жатқа айтатын зерттеуші ғалым И.Мұхамеджанов ғылыми конференцияларда, семинарларда, отырыс-жиындарда уытты әзіл-сықақ өлеңдерімен елді таңғалдыратын. Сөзіміздің дәлелі үшін 1995 жылы «Түркістан» газетінде жарияланған «Бас пен өңеш» атты өлеңін келтірсек те жеткілікті. Бұл өлең Өңештің айдаһар боп ауыздан шығып кетіп, Баспен айтысуына құрылған. Айтыс барысында сол қоғамдағы көптеген келеңсіз жалған білімділік пен үлкен лауазымға ие болғандар, парақорлық, екіжүзділік, ынсапсыздық сияқты мәселелер көтеріліп, өткір сынға алынады. Өңешпен айтысқан Бастың атынан автор:

Артық жоқ, адал еңбек, адал малдан,
Дүнием сол бөбектерім асыр салған.
Жадырап бір күлгені бөбегімнің,
Мың есе артық қымбат жиһаздардан.
Жанымды жәннат етіп жарқыратқан,

Қай мүлкің артық маған сүйген жардан, - деген шындыққа негізделген тұжырымын айтады. Аталмыш сатиралық өлеңде күнделікті күйбең тірліктен де асатын қазақтың тек әлеуметтік жағдайын ғана қамтитын мәселелер ғана емес, қазір риясыз шындыққа айналған, тәуелсіздік мәселелері де көтерілген. Кеңес идеологиясының ислам дініне қарсы саясатын Баспен айтысқан Өңештің атынан:

Молда да мешіттегі сенен артық,
Кітапсыз құран оқып, ақша тапқан.
Адамды айбынтарлық күшің болса,
Болмаса дәулет болса, шалқып жатқан.
Досыңа, туысыңа, бастығыңа,
Дүниеде әңгүдік жоқ сенен асқан, - деп сынады.

Зерттеуші И. Мұхамеджанов бұрын оқушы қауымға белгісіз болып келген кейбір тың деректерді алға тартып, Өңештің атынан Бастың жалғыздығын бетке ұстап:

Кім қорлық көрді әйел, бала жоқтан,
Бойдақ та сенен артық жалғыз жортқан.
Мелшиіп, мекеменің кеңсесінде,
Мешкейсің қалам ұстап, қалам жұтқан, -

дей келе, айтыста Бастың атынан Ар, Ұят, Намыс, Ақыл, Білім, Еңбек, Қанағат сияқты адам бойындағы бүкіл асыл қасиеттерді білдіретін ұғымдарға өлеңмен жауап береді. Көлемі жағынан бұл шығарма шағын болғанымен, айтар ойы мен алған міндеттері жағынан қомақты дүниелерден артық әсерге қалдырады. Осы шығарманы зерделеп оқып көрсеңіздер бұл ойыма кәміл иланатындарыңызға сенімім мол.

Зерттеуші ғалым, ұстаз, ақын И.Мұхамеджанов өскен ортасын, дос-жарандарын, ағайын-туыстарын ардақтап өткен жан. Қадірін білмегендерді де қастерлеп өтті, жазғырған жоқ. «Бауырларыма» деген өлеңінде:

Мен Қалекен емеспін,
Әлемді шарлап өнері.
Мен Әбіраш емеспін,
Сүйкімді, сұлу өлеңі.
Мендегі арман зерттеп,

Елестету көнені, -

деген ұстанымымен өмір кешті. Одан тайған жоқ, ренжіген де жоқ, мақсатына жету үшін тынымсыз еңбек етті.

Өмірінің соңғы жылдары Облыстық білім беру басқармасының Білім жетілдіру институтында әдіскерлік қызметте болып, талай облыс мұғалімдеріне тартымды, тағылымы мол, терең дәрістер оқыды. Бұған облыс аудандарының мектептеріндегі ғалым И.Мұхамеджановтан дәріс алған мұғалімдердің ой-пікірлері жеткілікті. Соның кейбіреулерінен мысал келтірейік, Арал ауданынан 38 жыл ұстаздық еткен мұғалім Үкән Сағындықов:

Тағылымың - тәртіп-өнеге,
Бірдейсің жаңа, көнеге.
Тереңде жатыр тынысың,
Көзін ашардай соқырдың.
Белін жазардай бүкірдің
Жоқ қылғандай құнысын,
Сөзіңнен әсер аламыз,
Қабылдаңыз бұны шын.
Көрмесем де бұрында,
Көпшілік түйген ұғымда,
Бір тектінің ұлысың, -

деп өзінің риясыз ризашылығын білдіріпті. Бұндай шын жүректен шыққан лебіздерге толы өлеңмен жазылған тілектер баршылық. Облыстың барлық аудандарынан келген ізгі тілектер - кезінде зерттеуші ғұлама ғалым, суырып салма ақын, шежіреші И.Мұхамеджановтың Сыр еліне мәшһүр болғандығының дәлелі.

Өмірінің соңғы жылдары И.Мұхамеджанов өзінің жақын ағаларына, інілеріне, туыс-бауырларына көптеген өлеңмен жазылған тілектерін арнады. Солардың бірі Сыр бойына белгілі журналист Орман аға Нұрқабаевқа арнаған бірнеше өлеңдері. Ұлы М.Әуезовтің қожаның Бақсайыс руынан екенін бетке ұстаған И.Мұхамеджанов О.Нұрқабаевқа:

Ұлы Мұхтар Әуезов,
Қыз алыспас бауырың.
Сен -Ақмешіт, ол - Семей,
Бөлек өскен ауылың...
Жер жүзіне паш етті.
Исі қазақ қауымын
Құра білді сауығын,
Ғылым, өнермен байытты
Қазақтың жаңа дәуірін.
Мұхтармен тектес асылдың
Өзіңсің бірі тәуірім.
Менімен тектес нәсілің,
Түбің бірге бауырым,

- дей келе оның нәзік жаны мен жүрек қылын шертіп, өзінің інілік ойын білдіреді.

Ғалым-ұстаз И.Мұхамеджанов «Ақмешіт ақшамы» (29.09. 2000 ж) газетінде «Өлмесе екен дұшпаным, өмірлі болшы жауларым» деген атпен бірнеше ғазал өлеңдерін жариялады. Дұшпаны мен жауларына да жамандық тілемеген кең пейілді адал жүректі ақын:

Алла тілек зарларым,
Дұшпаным мен жауларым,
Аман жүрсе екен алдымда,
Жоғалтпай ұят-арларын.
Сақтап иман намысын,

Өсіре берсін балдарын, - деп жырлайды.

Алланың құзырымен тірі пенденің барлығының да қайтпас сапарға кететінін кейбіреулердің дүние қуып, сенімсіздікке баратындарына тосқауыл қою үшін ақын:

Баз біреулер оздырып жүр айласын,
Айласымен тауып жатыр пайдасын.
Айла, қулық, сұмдыққа да ажал бар,
Шіркін шындық түйреп өтсе найзасын,

- дей келе шындықтың кімді болса да шыңыраудан жетелейтіндігіне сендіреді.

Ия, И.Мұхамеджанов есімі қорғамаған ғалым, жарияланбаған жазушы ретінде бүгінге дейін «көмескілеу» болып келді. Өз сөзімен ақ адал көңілін адал жүрегін:

Бәрінен де керегі,
Дұшпанымның зерегі.
Білімді болса тереңі,
Өнерлі болса өрені.
Жан ауыртып сын айтса,
Шын досым сол келелі,

- деп жайып салған ақын мұраларын зерттеудің алғашқы қадамы басталған сыңайлы. Кейбір деректерге қарағанда, И.Мұхамеджанов бір роман, бес поэма, бес айтыс, екі ғылыми зерттеу, бір топтама өлеңдер және бата кеңес жинағын жазып бітірген. Бұлардың ішінде шағын таралыммен жарық көргені «Еңбекпен есейген ұстаз» деп аталатын поэмасы.

Әдебиеттер:

1. Айтыс. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық.1-ші том. –Алматы: Жазушы, 1988.-- 312 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 101. – 2000 дана. – ISBN 9965-642-04-4.
2. Өуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1991.- 240 б. 22 см. – Библиогр.: б. 48. – 10000 дана. – ISBN 5-630-00002-0.
3. Жазып алған Мұхамеджанұлы И. Ұлбике мен Күдерінің айтысы.//Жұлдыз. - 2000. -№12. -152 б.
4. Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. –Алматы: Ата мұра, 1978. -118 б.; 27 см. – Библиогр.: б. 116-117. – 40000 дана. – ISBN 5-610-01171.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. XIX ғасырдың бірінші жартысы (1800-1850). Он томдық. 4-ші том. -Алматы: ҚАЗАқпарат, 2003. -362 б.; 22 см. – Библиогр.: б. 360-361. – 2000 дана. – ISBN 9965-643-89-X.
6. Қазақстанның халық творчествосы. -Алматы: Ғылым, 1989. -207-210 бб.
7. Мұқанов С. Халық мұрасы. –Алматы: Қазақстан, 1980.- 304б.; 23 см. – Библиогр.: б. 300-299. – 1000 дана. – ISBN 9965-666-22-9.
8. Садырбайұлы С. Бір өлеңнің тарихы немесе Күдеріқожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны.// Қазақ әдебиеті. -1997. -5 тамыз.-3 б.
9. Төлепберген М. //Егемен Қазақстан. -2002. -22 наурыз.-2 б.

ӘОЖ 628.36:631.67(574.54)

ЕГІС АЛҚАПТАРЫНДА ДАҚЫЛДАР СУАРУ МӨЛШЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

М.И.БАЛЬЗАННИКОВ, техника ғылымдарының докторы, профессор, Самара мемлекеттік техникалық университеті, Ресей Федерациясы,
С.И.ҚОШҚАРОВ, техника ғылымдарының докторы, профессор,
П.О.БҰЛАНБАЕВА, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі,
Б.ПОЛАТБЕК, студент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қызылорда облысы елімізде күріш өндірудің орталығы екені белгілі. Күріш ауыспалы егісінде ылғалға сұранымы төмен дақылдар да өсіріледі. Олардың негізгісін жоңышқа, жүгері, дәнді өсімдіктер, көкөніс құрайды. Талдаулар негізінде осы дақылдардың өндірістік және жобалық, есептік суару мөлшерлерінің күрделі алшақтығы анықталды. Дақылдардың өндірістік жағдайдағы суару мөлшерлері оның есептік көрсеткіштерінен 2-3 есе жоғары екені белгілі болды. Осы дақылдардың өндірістік суару мөлшерлерінің жоғары болуы егістіктің және жалпы суармалы алқаптың мелиоративтік жүктемесін едәуір өсіріп, ауырлатып, сол аймақтың гидрогелологиялық жағдайын күрделендіруде. Бұл өңір суармалы алқаптарында ылғал қорын тиімді пайдалануға кедергі болуда.

Сонымен қатар, егіс аумағының мелиоративтік ахуалы нашарлап, топырақ сортаңдығы жоғарылап, дақылдар шығымдылығы төмендеуде. Осының басты бір себебі күріштен өзге дақылдардың суару тәсілдері мен әдістері өңірде кең көлемде зерттелмегендігінде. Қолданылып жатқан суару әдістерінің ылғалды тиімді пайдалану бағытындағы мүмкіншіліктері жеткіліксіз дәрежеде іске асырылуда. Сондықтан, дақылдардың суару әдістерін жетілдіріп, жобалық және өндірістік суару мөлшерлерін үйлестіру қажет.

Кілт сөздер: Суару тәртібін есептеу әдісі, суару мөлшері, топырақты ылғалдандыру, өсімдік тамырлары орналасқан топырақ қабаты, коллектор-кәріз желісі, ылғал режимін шектеу, суару алдындағы ылғалдылық.

Аннотация

Қызылординская область является центром рисосеяния Казахстана. В рисовом севообороте возделываются также культуры маловодотребовательные в сравнении с рисом. Это люцерна, кукуруза, зерновые, а также овощные. Анализ показал большую разницу между фактическими и расчетными величинами поливных норм указанных культур. Фактические размеры поливных норм в 2-3 раза выше расчетных, что является причиной завышения мелиоративной нагрузки, объясняющей ухудшение гидрогеологической обстановки на орошаемых землях. Это приводит к неэффективному использованию водных ресурсов, ухудшению мелиоративного состояния земель, вторичному засолению почв, снижению продуктивности культур.

Значительное превышение фактических поливных норм сельскохозяйственных культур над расчетными объясняется недостаточной изученностью способов полива суходольных культур рисового севооборота. Поэтому необходимо совершенствование способов полива этих культур, разработка оптимальных показателей применяемых методов, обеспечивающих эффективное использование

водных ресурсов в целях максимального сближения фактических и расчетных значений поливных норм.

Ключевые слова: Метод расчета поливного режима, поливная норма, промачивание грунтов, корнеобитаемый слой почвы, коллекторно-дренажная сеть, ущемление водного режима, предполивная влажность.

Annotation

Kyzylorda region is the center of rice cultivation in Kazakhstan. The rice crop rotation also cultivated allowed attributes culture in comparison with rice. These are alfalfa, corn, grains and vegetables. The analysis showed a great difference between the actual and calculated values of irrigation norms of said cultures. The actual dimensions of irrigation rates are 2-3 times higher than the calculated, which is the reason overstatement reclamation load explaining the deterioration of hydrogeological conditions on irrigated lands. This leads to inefficient use of water resources, deterioration of land reclamation, secondary salinization of soils, decreasing crop productivity.

A significant excess of actual irrigated norms of settlement is due to insufficient knowledge of the ways of watering crops upland rice crop rotation. Therefore, it is necessary to improve methods of irrigation of these crops, the development of the optimal parameters of the methods used to ensure the efficient use of water resources in order to maximize the convergence of actual and estimated values of irrigation norms.

Key words: method of calculating, the irrigation regime, irrigation rate, soaking the soil, the root layer of soil, drainage network, denial of water regime, pre-irrigation moisture.

Инженерлік жүйедегі суармалы жер Қызылорда облысын біраз аймаққа ұқсамайтын, ерекше маңызды өңір ретінде айғақтайтын, келер ұрпақтар үшін өңір салмағын еселей түсетін өте маңызды қазына. Суармалы алқаптардағы жүзеге асатын мелиоративтік шаралар егіс топырағының ылғал-тұз, қоректік, жылу режимдері көрсеткіштерінің тиімді мөлшерде болуын қамтамасыз етуі тиіс [1-3]. Сондықтан, суармалы егістері агрономелиоративтік шаралардың барлығы егіншілік тиімділігін өсіріп, егіс алқабының құнарлылығын арттыруға бағытталуы тиіс. 1-кестеде келтірілген мәліметтерді талдай келе, қазіргі күні Сыр өңірінің шаруашылықтарында дақылдарға негізінен ылғал қажеттілігінен анағұрлым артық мөлшерде берілуін байқауға болады. Осыны дақылдардың суару мөлшерінен айқын көруге болады. Осының екіталай зияны бар. Біріншіден, су қоры тиімсіз жұмсалуда. Екіншіден, егіс топырағына мелиоративтік жүктеме көбеюде, бұл өз кезегінде суармалы алқаптың ылғал, гидрогеологиялық режимдерін нашарлатуда.

Дәнді дақылдардың суару мөлшері 1,38-2,16 мың текшеметр шамасында болып отыр. Жоңышқаның суару мөлшері бұдан да жоғары. Ол 2,05-3,51 мың текшеметр. Көкөністер алқабында суару мөлшері төмен, оның мөлшері 0,92-1,78 мың текшеметр көлемінде (1-кесте). Сонымен, ең жоғары суару мөлшері жоңышқалықта, ең төмені көкөніс өскен аумақта. Осыны бір жағынан сол дақылдардың суару әдісімен де байланыстыруға болады. Өйткені, жоңышқа көлемі мол (1,2-2,5 гектар) атыздарда өседі, сондықтан олар іс жүзінде көлдетіліп суарылады. Бұл, сөз жоқ, суару мөлшерді жоғарылатады. Көкөністер шағын учаскелерде өндіріледі. Олар көпшілігінде майда жүйекпен ылғалдандырады. Сондықтан, бұл жағдай суды үнемді пайдалануға жол ашады.

Дақылдардың суару мөлшерін анықтау әдетте төменгі формуламен анықталады:

$$m = 100 \gamma H (\beta_{\max} - \beta_{\min}),$$

мұнда: $\beta_{\max}$, $\beta_{\min}$ - егіс топырағының ең жоғары және дақылды суару алдындағы ылғалдылығы. Бұл көрсеткіштер негізінен топырақтың механикалық құрамына сәйкес

анықталады. Біз зерттеп жатқан өңірдің үш ауданы егіс топырағының аталған көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгешелік бар. Сол өзгешеліктер дақылдардың суару мөлшерін есептегенде ескерілген;

γ – топырақ қабатының көлемдік массасы немесе салмағы. Бұл құрғақ топырақтың бір текшеметр немесе бір текшесантиметр көлемінің салмағы, ол оның механикалық құрамына байланысты. Бұл салмақ мөлшері көп жағдайда 1,3-1,6 т/м³ шамасында;

H – егіс топырағының белсенді қабаты. Осы маңызды көрсеткіш мөлшерін дұрыс белгілеудің орны бөлек. Өйткені, ол біркелкі, тұрақты болмайды, дақылдың өсіп-өну дәуіріне байланысты өзгеріп отырады. Соған байланысты дақылдың суару мөлшері де өзгеріп отырады. Осыны ескере отыра біз төрт дақыл үшін өңірдің әр тұсында орын тепкен үш аудан жағдайында дақылдардың суару мөлшерлерін анықтадық.

Кесте 1 - Қызылорда облысында дақылдардың маусымдық суару мөлшері [4]

Дақылдар	Аудандар	Жаңақорған	Шиелі	Қызылорда қ.	Сырдария	Жалағаш	Қармақшы	Қазалы	Арал	Облыс бойынша
Дәнді дақылдар	Ауданы, мың га	3,01	1,65	0,15	0,49	0,2	0,04	1,57	0,02	7,13
	Маусымдық суару мөлшері, мың м ³ /га	3,06	3,74	5,13	4	5,2	2,75	3,56	6,5	3,51
	Суару саны	2	2	3	2	3	2	2	3	
	Суару мөлшері, мың м ³ /га	1,53	1,87	1,71	2,00	1,72	1,38	1,78	2,16	
Бірінші жылдық жоңышқа	Ауданы, мың га	0,01	1,21	0,08	0,04	0,06	0,12	1,08	0,03	2,63
	Маусымдық суару мөлшері, мың м ³ /га	16,11	12,34	13,37	10,25	16,75	10,31	9,26	17,58	11,11
	Суару саны	5	5	5	5	5	4	4	5	
	Суару мөлшері, мың м ³ /га	3,22	2,47	2,64	2,05	3,35	2,56	2,31	3,51	
Көкөністер	Ауданы, мың га	1,53	2,35	0,45	0,46	2,04	1,78	2,22	0,02	10,85
	Маусымдық суару мөлшері, мың м ³ /га	1,84	2,26	4,02	5,09	5,26	2,05	2,82	5,32	3,03
	Суару саны	2	2	3	4	4	2	3	3	
	Суару мөлшері, мың м ³ /га	0,92	1,13	1,34	1,27	1,32	1,00	0,94	1,78	

Топырақтың механикалық ерекшеліктеріне сәйкес аудандар бойынша суару мөлшерінің біршама алшақтығы байқалады. Дәнді дақылдар және жүгері үшін топырақтың жоғары белсенді қабатының мөлшері 0-60 см ге тең екені белгілі.

Осындай жағдайда осы дақылдардың суару мөлшерлері 445-615 текшеметр болып отыр. Жоңышқаның суару мөлшері 880-1060 текшеметр (2-кесте).

Кесте 2 - Дақылдардың суару мөлшері

Дақылдар									
Жүгері		Бидай		Арпа		Жоңышқа		Көкөністер	
Н, м	т, м³/га	Н, м	т, м³/га	Н, м	т, м³/га	Н, м	т, м³/га	Н, м	т, м³/га
Жаңақорған ауданы									
0,2	175	0,2	170	0,2	190	0,5	490	0,2	210
0,4	345	0,4	350	0,4	320	0,7	690	0,4	365
0,6	520	0,6	470	0,6	445	0,9	880	0,6	565
Сырдария ауданы									
0,2	180	0,2	175	0,2	195	0,5	510	0,2	235
0,4	345	0,4	365	0,4	345	0,7	720	0,4	380
0,6	530	0,6	490	0,6	470	0,9	930	0,6	615
Қазалы ауданы									
0,2	185	0,2	160	0,2	145	0,5	525	0,2	250
0,4	365	0,4	395	0,4	375	0,7	750	0,4	425
0,6	615	0,6	585	0,6	530	0,9	1060	0,6	680

Сонымен суармалы егіншіліктің тиімділігін арттырудың бір жолы ол суару мөлшерін дақылдың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес және топырақ құрамына, оның ылғалдық көрсеткіштеріне байланысты ұстау екені анық болғандай. Сонымен қатар дақылдың суару мөлшері оның суару әдістерімен де жоғары үйлесімділікте болуы керек. Осыған байланысты біз дақылдың суару мөлшерін есептеу формуласына жоғарыда айтылған ерекшеліктерді ескеретін коэффициентті қолдануды ұсынудамыз. Сонда суару мөлшерін төменгі формуламен анықтауға болады [2]:

$$m = 100 \gamma H (\beta_{\max} - \beta_{\min}) K,$$

мұнда: K – суару мөлшерінің өндірістік жағдайдағы өсу көрсеткіші.

3-кестеде көрсетілгендей өндірістік жағдайда суару мөлшерінің өсу көрсеткіші өте жоғары.

Кесте 3 - Өндірістік жағдайда дақылдар суару мөлшерінің өсу коэффициентін есептеу

Аудандар	Дәнді дақылдар			Жоңышқа			Көкөністер		
	Өндірістік суару мөлшері, мм	Есептік суару мөлшері, мм	Суару мөлшерінің өсу коэффициенті, К	Өндірістік суару мөлшері, мм	Есептік суару мөлшері, мм	Суару мөлшерінің өсу коэффициенті, К	Өндірістік суару мөлшері, мм	Есептік суару мөлшері, мм	Суару мөлшерінің өсу коэффициенті, К
Жаңақорған	153,0	47,0	3,3	322,0	88,0	3,7	92,0	56,5	1,6
Сырдария	200,0	49,0	4,1	205,0	93,0	2,2	127,0	61,5	2,1
Қазалы	178,0	58,5	3,1	231,0	106,0	2,2	94,0	68,0	1,4

Әсіресе осы көрсеткіш дәнді дақылдар мен жоңышқаны суарғанда күрделі жоғарылаған. Біздің ойымызша, осының басты себебі сол дақылдарды суарғанда қоланылатын әдістердің кемшілігіне байланысты болуы мүмкін. Мұнда негізінен көлдетіп және беткейлеп тақталап суару тәсілдері қолданылады. Осыған байланысты

егіс бетінен тыс жаққа ағып үлгеретін ылғал көлемі көбейеді. Сонымен қатар, егіс топырағы бетінде су қабатының пайда болып, біраз уақыт (2-3 тәулік) тұратындығына байланысты топырақтан төмен қарай сіңіп кететін ылғал көлемі жоғары. Көкөністер көпшілігінде жүйекпен ылғалданады. Мұнда ылғал өсімдік тамырына негізінен топырақты бүйірлеп, тұсынан сіңірілуіне сәйкес, оның шығыны анағұрлым кемиді. Сондықтан, көкөністің өндірістік жағдайда берілген суару мөлшері төмен, осыған байланысты суару мөлшерінің өсу көрсеткіші де мұнда біршама азайған. Дегенмен, бүгінгі күні Сыр өңірі суармалы алқаптарында дақылдардың суару мөлшері жобалық деңгейінен анағұрлым жоғары. Бұл, өз кезегінде соңғы кезде қымбат табиғи реурсқа айналып бара жатқан аймақтың ылғал қорының тиімсіз пайдалануына кезіктіруде. Сондықтан, осы аймақта өсіріліп, өндірілетін дақылдардың суару әдістерін зерттеп жетілдіру қажет.

Әдебиеттер:

1. Кошкарров С.И. Мелиорация ландшафтов в низовьях реки Сырдарьи. - Алматы: Ғылым, 1997. – 268 с.; 25 см. – Библиогр.: с. 266-267. – Предм. указ.: с. 255. – 5000 экз. – ISBN 5-62802-178-4.
2. Мелиорация земель./ Под ред. А.И.Голованова. – Москва: КолосС, 2011. – 824 с.; 25 см. – Библиогр.: с. 822-823. – Предм. указ.: с. 725. – 20000 экз. – ISBN 7-35468-852-3 (в пер.).
3. Ресурсосберегающие технологии возделывания сельскохозяйственных культур на Юго-востоке Казахстана. - Алматы: Асыл кітап, 2010. – 200 с.; 25 см. – Библиогр.: с. 118-119. – Предм. указ.: с. 115-116. – 10000 экз. – ISBN 5-68125-351-8.
1. 4.Отчет по водопользованию Кызылординского областного комитета по водным ресурсам. – Кызылорда, 2012г.-25 с.

ӘОЖ 633.18:631.85

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРАЛ ӨңІРІ ЖАҒДАЙЫНДА КүРІШТІҢ ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ
ОТАНДЫҚ СОРТТАРЫН Өсірудің ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Г.Л.ЗЕЛЕНСКИЙ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Кубан мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Федерациясы,
И.А.ТАУТЕНОВ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
Қ.А.ҚАЙМОЛДАЕВА, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі,
Н.ЕСЕНАЛИЕВА, Қ.БІЛӘЛҰЛЫ, магистранттар,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада күріш дақылының адамзат өміріндегі маңызы, оның жер жүзінде таралуы, егілетін аймақтары және егіс көлемі, өндірілетін өнім мөлшері жайлы мәліметтер берілген. Қазақстандағы негізгі күріш өндіруші аймақ–Сыр өңіріндегі күріш шаруашылығының өзекті мәселелері туралы ақпараттар көрсетілген. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасына сәйкес дақылдың өнімділік әлеуеті, арттыру жолдары қарастырылған. Бүгінгі таңда Қазақстандық Арал өңірінде күріш өндірісі саласындағы шешімін таппай отырған мәселелер жайлы да ақпараттар бар. Күріш шаруашылығындағы басым бағыттарға жататын өндіріске жаңа сорттар енгізу және сорттық технологияларды әзірлеу, оның ішінде әртүрлі тыңайту

деңгейінде аудандастырылған ресейлік Янтарь сорты мен перспективалы отандық КазЕр-6 сорттарының тұқым себу нормасын зерттеу нәтижелері туралы баяндалған.

Егістегі өсімдіктердің тығыздығына, соған байланысты әрбір өсімдіктің қоректену алаңына сәйкес өсімдіктердің бір-біріне өзара әсері өзгереді, бұл өзгерістер сорттардың архитектуралық пішініне, фотосинтездің қарқындылығы мен өнімділігіне, сондай-ақ басқа да физиологиялық, генетикалық ерекшеліктеріне байланысты екендігі көрсетілген. Агроценоздың әртүрлі тығыздығына байланысты өсімдіктің фотосинтетикалық қызметі мен өсу үрдістері өзгеріп, дән өнімділігі мен өнім сапасына әсер ететіні жайлы толық мәліметтер келтірілген.

Кілт сөздер: күріш, сорт, тыңайтқыш, тұқым, фотосинтез.

Аннотация

В статье приведены данные о значении культуры риса в жизни человечества, зонах ее возделывания в мире и распространения по странам на земном шаре. Также имеются информации по перспективе развития отрасли, объемах производства, уровнях урожайности этого ценного продукта для людей. Представлена информация об актуальных проблемах рисоводства на земле Сыра – основного рисосеющего региона Казахстана. В соответствии с программой продовольственной безопасности страны рассмотрены пути повышения потенциальной продуктивности культуры риса. Приведены конкретные экспериментальные данные по внедрению новых сортов риса в производство и разработки сортовой технологии возделывания, как приоритетных направлений рисоводства в Казахском Приаралье. Приведены результаты изучения норм высева семян сортов риса российской селекции Янтарь и отечественной селекции КазЕр-6 на разных уровнях минерального питания.

Показана изменчивость взаимовлияния в зависимости от площади питания и густоты стояния растений в агроценозе, и эти изменения зависят от архитектуры растений изучаемых сортов риса, интенсивности и продуктивности фотосинтеза, а также связаны с другими физиологическими, генетическими особенностями. Приведены обширные данные по влиянию фотосинтетической деятельности и процессов роста измененных в зависимости от густоты стояния растений на продуктивность зерна и качество продукции.

Ключевые слова: рис, сорт, зерна, удобрения, фотосинтез.

Annotation

The article presents data on the importance of rice in the life of mankind, the areas of its cultivation worldwide and distribution across countries on the globe. There is also information on the long term development of the industry, production volumes, urovnyah yield this valuable product for people. Provides information about the actual problems of rice growing in the land of Cheese – the main rice-growing region of Kazakhstan. In accordance with the program of food security of the country considered ways to improve the potential productivity of rice. Given specific experimental data on the introduction of new rice varieties in production and varietal development of cultivation technology, as priority areas of rice growing in Kazakhstan the Aral sea. The results of the study of seeding rates of seeds of rice of the Russian selection amber and domestic breeding Cazerres-6 at different levels of mineral nutrition.

Shows the variability of the interaction depending on the nutrition area and the density of standing of plants in agroecosis, and these changes depend on the architectonics of the plant of the studied rice varieties, intensity and productivity of photosynthesis, and are also associated with other physiological and genetic characteristics. Given the extensive data on the influence of photosynthetic activity and the growth processes change depending on the density of standing of plants on the productivity of grain and product quality.

Key words: figure, grade, grain, fertilizer, photosynthesis.

Елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылық өндірісін қарқынды дамыту бағдарламалары қолға алынуда. Қазақстандық Арал өңірінде күріш шаруашылығын дамытудың басым бағыттарына аймақтың қатал табиғи-климат жағдайларына бейімделген дақылдың жаңа сорттарын өндіріске енгізіп, олардың жоғары өнімділік әлеуетін көрсетуге және сапалы өнімін өндіруге мүмкіндік жасайтын технологияларды әзірлеу жатады.

Күріш адамзат тарихында елеулі орны бар, бес мың жылдан астам уақыт өсіріліп келе жатқан, үш миллиардтай халықтың негізгі азығы болып табылатын, жер шарында ең көп тараған, маңызды жармалық дақыл.

Күріш негізінен тропикалық және субтропикалық аймақтарда өсіріледі, ол жерлердің климаттық жағдайы дақылдан жылына екі-үш өнім жинауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда дүние жүзінде күріш дақылы 112 елде 150 млн га шамасында егіліп, одан өндірілетін өнім 620 млн тоннаға жуықтайды. Күріш өнімділігі жөнінен астық дақылдары арасында бірінші орын, ал егіс көлемі және жалпы жиналған өнімі бойынша бидайдан соң екінші орын алады. Күріш өндіру жағынан Қытай мен Үндістан алдыңғы қатарда, олар тиісінше дүниежүзілік күріш өндірісі көлемінің 35 және 21 пайызын өндіреді. Одан кейінгі орындарды Индонезия, Вьетнам, Бангладеш, Тайланд, Бирма, Филиппин, Бразилия, АҚШ иемденеді. Күріш негізінен өндірілген жерінде қолданылатын өнім, оның 14-15 пайызы ғана шет жерлерге сатылады. Күрішті ірі көлемде экспортқа шығарушы елдерге Тайланд, Вьетнам, Индия, АҚШ, Қытай, Пакистан жатса, көп көлемде импорттаушы елдерге Индонезия, Филиппин, Бангладеш, Бразилия, Иран, Жапония жатады [1].

Жоғарыда айтылған Қытай, Жапония, Кореяда, Үндістан мен Индонезияда, Оңтүстік-шығыс Азия елдерінде күріш тек қана азық емес, ол өркениет пен мәдениеттің бір бөлігі. Сондай-ақ, күріш құдайдың сыйы, құнарлылық пен өмірдің символы болып есептеледі.

Күріш шаруашылығында әлемдік экономиканың аграрлық секторындағы еңбек ресурстарының 50 пайыздан астамы айналысатыны, бұл дақылдың көп еңбекті қажет ететінін дәлелдейді. Әлемде күрішке деген тұтынушылық сұраныс жыл сайын артып келе жатқаны белгілі болып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Азық-түлік және Ауылшаруашылық ұйымының болжамы бойынша 2020 жылға күрішке деген сұраныс 781 млн тоннаны құрап, бидайға деген сұраныстан 2-3 пайызға артады.

Күріш егіншілігі Қазақстанда негізінен Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы алаптарда, Қызылорда облысы аумағында дамыған. Бұл өңірдің теңіз деңгейінен төмен жатуы, топырақ-мелиоративтік және агроклиматтық жағдайы арнайы күріш ирригациялық инженерлік жүйенің салынуына себеп болды.

Соңғы жылдары облысымызда күріш егіс көлемі 80-84 мың гектарға жетіп, елімізде өндірілетін күріш өнімінің 90 пайызын өндіруге қол жеткізді. Нәтижесінде еліміз бойынша алынған өнім мөлшері күріш жармасына деген ішкі сұранысты толық қамтамасыз етіп отырғанымен, ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі саласы және ауыл халқының басты табыс көзі болып отырған күріш шаруашылығын онан әрі дамыту, оның экспорттық әлеуетін арттыру, бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр [2].

Сыр өңірінде күріш дақылының өнімділік әлеуетін арттырудың негізгі бір жолы өңірдің қатал табиғи-климат жағдайына бейімделген күріш сорттарын шығару және басқа өңірлерден, елдерден жаңа сорттарды әкеліп аудандастыру болып табылады.

Қазақстандық Арал өңіріндегі күріш өсіруші аймақтар үшін күріштің 10-нан астам сорты пайдалануға рұқсат етілген тізілімге енгізілген. Олар негізінен отандық және ресейлік сорттар болып келеді. Қызылорда облысында соңғы елу жылда көп көлемде егілген күріш сорттарына тоқталатын болсақ, Кубань 3 сорты 1963 жылы аудандастырылып, 90-шы жылдарға дейін жалпы егіс көлемінің 90 пайызына егіліп

келді. Сол 90-шы жылдардан бастап 1987 жылы аудандастырылған Маржан сорты кеңінен тарап, 2005 жылға дейін егістің 80 пайызға дейін көлемін алып отырды. Аталған сорттар көп жылдар бойы аймақтың қатал топырақ-климат жағдайында жоғары өнімділік көрсетіп, облыстың ауыл шаруашылығы экономикасының дамуында үлкен роль атқарды. Уақыт өте келе, бұл сорттардың бірқатар шаруашылық-құнды және технологиялық сапа көрсеткіштері бойынша заманауи талаптарға сай келмейтіні айқындалды. Соңғы он жыл көлемінде облыс егіс алқаптарында орналасқан Маржан сортының саңырауқұлақ ауруына шалдығуы жиі байқалып, тіпті кей жылдары залалданған егіс көлемі ондаған мың гектарға жеткен. Бұл құбылыстың негізгі себептеріне сорттың өсімдік ауруларына, оның ішінде пирикулярриоз ауруына төзімділігінің төмендігі және егіншілік мәдениетінің құлдырауы, ауыспалы егістердің сақталмауы, тұқым шаруашылығы, топырақ өңдеу, тыңайтқыш қолдану, өсімдік қорғау жұмыстары барысында агротехникалық және химиялық шаралардың дұрыс жүргізілмеуі болып саналады. Пирикулярриоздың кең таралған 2005-2007 жылдары облыс бойынша 7,0-11,0 мың га күріш алқаптары өнім бермей қалды. Осы орайда облыстың күріш өндірушілері дақылдың аурулармен залалдануы мен өнім сапасының төмендеуінің негізгі себепін жергілікті сорттардың кемшілігінен көріп, басқа да жоғарыда айтылған себептерге мән берген жоқ. Осыған байланысты күріш өндіруші ірі компаниялар өз беттерінше, жапатармағай шет елдерден, негізінен Ресейден, әртүрлі күріш сорттарын әкеліп еге бастады. Алдын-ала зерттеусіз жүргізілген бұл жұмыстардың пайдасынан зияны көп болды, кейбір сорттар піспей, жергілікті жағдайға бейімделмей шаруашылықтар шығынға ұшырады. Әрине, олардың арасынан жақсы көрсеткіш көрсеткен сорттар да болды, нәтижесінде сол әкелінген сорттардың ішінен ерте мерзімде пісетін Новатор, орта мерзімде пісетін Янтарь және Лидер сорттары Қызылорда облысында пайдалануға рұқсат етілген күріш сорттары тізіліміне енгізілді [3].

Бұл сорттардың алғашқы тұқым шаруашылығын 2010 жылдан бастап Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жүргізіп, 2012 жылы 1200 тонна бірінші көбейтілген тұқымын өндіруге қол жеткізді. Соңғы 2-3 жылда Янтарь мен Лидер сорттары өңірде егілетін жалпы күріш егісі көлемінің жартысынан астамын алып отыр. Күрішті өңдейтін жарма өндірушілердің мәліметтеріне қарағанда, Лидер сортына тұтынушылар тарапынан сұраныс жоғары, бірақ сортта қызыл дән үлесі тез көбейіп кетіп, жарма шығымдылығына кері әсерін тигізеді. Сол себепті аймақта негізгі күріш сортының бірі Янтарь болып табылады.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары 2005 жылы «Ақарық» шаруашылығында жергілікті Маржан сортымен салыстырылып Ресейдің 6 сорты, ал 2010 жылы «Мағжан және К» ЖШС-де – 13 сорты экологиялық сортсынаудан өткен. Сортсынау ауылшаруашылық дақылдарын Мемлекеттік сортсынау комиссиясының қолданыстағы әдістемесі бойынша жүргізілген.

Тәжірибелерде мөлдек ауданын 50 ш.м.етіп, төрт қайталаумен, тұқым себу мөлшерін 7,5 млн.дана өнгіш дән есебінде сеуіп жүргізілді. Танаптағы агротехникалық шаралардың барлығы аймақ күріш егіншілігінде қолданылып жүрген шараларға сәйкес жүргізілді. Өніп-өсу дәуірінің басында және аяғында өсімдік жиілігі анықталды, фенологиялық бақылаулар және далалық бағалаулар жүргізілді. Күріштің пісу мерзімінде биометриялық талдаулар жүргізу үшін әр нұсқадан 10 өсімдіктен модельдік бау үлгілері алынды. Сорттардың өнімділігі әр мөлдек бойынша астықты орып, шағын комбайнмен бөлектеп бастыру арқылы анықталды.

Сынақтан өткен сорттар тұқымдарының зертханалық өнгіштігі жоғары (98-100 %) болғанымен, олардың далалық өнгіштігі жергілікті Маржан сортынан (68,5%) едәуір төмен болып, 40,5-56,0% аралығында ауытқыды, оның ішінде ең тәуір көрсеткіш (56,0%) Янтарь сортында болды. Биометриялық талдау нәтижесі өсімдік биіктігі

бойынша Маржан және Янтарь сорттарының шамалас екендігін көрсетті. Өсімдіктің өнімді түптену көрсеткіші бойынша ресейлік сорт жергілікті сорттан (3,0 дана) 0,4 данаға артық болды. Янтарь сортының шашақбасының ұзындығы жергілікті сорт көрсеткішінен 1,8 см-ге қысқа болғанымен, ондағы толық дәндер саны бойынша бір деңгейде болды. Зерттеулер нәтижесі бойынша ресейлік Янтарь және жергілікті Маржан сорттарының өсу дәуірінің ұзақтығы тиісінше 112 және 108 тәулікті құрап, шамалас екендігін, сондай-ақ өнімділігі жөнінен де деңгейлес болғанын көрсетті.

Соңғы жылдары облыс дихандарының күріштің әр гектарынан 50 центнерден аса өнім алып жүргені - Янтарь сортының кең көлемде егілуіне байланысты, сонда да сорттың әлеуетін толық пайдалану үшін оның өсіру технологиясындағы кейбір элементтерді аймақтың табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, тереңірек зерттеу қажет. Жоғары өнімді агроценоз қалыптастыру үшін маңызды элементтің бірі өсімдік жиілігі болса, ол тұқым себу мөлшеріне байланысты. Сыр бойы күріш шаруашылығында Янтарь сортының тұқым себу мөлшері осы күнге дейін жете зерттеле қойған жоқ, сондықтан аталған мәселелерді шешу, аймақта күріш дақылының өнімділігін онан әрі арттыруға жол ашатыны сөзсіз [4].

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Қарауылтөбе тірек пунктінде күріштің шетелдік Янтарь сорты мен отандық КазЕр-6 сортының тұқым себу нормасын анықтауға бағытталған зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Күріш егісі- өздігінен реттелетін динамикалық агроценоз. Егістегі өсімдіктердің тығыздығына, соған байланысты әрбір өсімдіктің қоректену алаңына сәйкес өсімдіктердің бір-біріне өзара әсері өзгереді. Бұл өзгерістер сорттардың архитектуралық пішініне, фотосинтездің қарқындылығы мен өнімділігіне, сондай-ақ басқа да физиологиялық, генетикалық ерекшеліктеріне байланысты. Агроценоздың әртүрлі тығыздығына байланысты өсімдіктің фотосинтетикалық қызметі мен өсу үрдістері өзгеріп, дән өнімділігі мен өнім сапасына әсер етеді [5].

Янтарь және КазЕр-6 сорттарының тұқым себу нормасы гектарына 150 кг (4,5 млн. өнгіш дән), 200 кг/га (6,0 млн), 250 кг/га (7,5 млн) және 300 кг/га (9,0 млн өнгіш дән) себілді. Минералды тыңайтқыштар аммоний сульфаты және түйіршіктелген жәй суперфосфат түрінде-тыңайтқышсыз бақылау NoPo , $\text{N}_{60}\text{P}_{60}$, $\text{N}_{120}\text{P}_{90}$, $\text{N}_{180}\text{P}_{120}$, $\text{N}_{240}\text{P}_{180}$ кг/га нұсқаларында әсер етуші зат есебінен берілді.

Күріш сорттарының фотосинтетикалық қызметін зерттеу тұқым себу нормасы бірдей болып, азот тыңайтқышы мөлшерін көбейткен сайын егістің жапырақ алаңы (ЖА), фотосинтетикалық потенциал (ФП), құрғақ биомасса (Ө биол.) күрт артатынын көрсетті. Керісінше, фотосинтездің таза өнімділігі төмендеді. Өсімдік жапырақтары бірін-бірі көлеңкелеп, олардың физиологиялық жағдайы нашарлады. Сорттардың тұқым себу нормасы көбейген сайын, әсіресе азот-фосфор тыңайтқыштарының жоғары мөлшерлерінде, өсімдік фотосинтезінің таза өнімділігі (Фт.ө.) және фотосинтездің шаруашылық тиімділігі (Кшар.) көп төмендейді. Нәтижесінде дән өнімділігі азаяды.

Кесте 1 - Тыңайту деңгейіне байланысты күріш сорттарының тұқым себу нормасының өнімділікке әсері.

сорт	Тұқым себу мөлшері, кг/га	NoPo	$\text{N}_{60}\text{P}_{60}$	$\text{N}_{120}\text{P}_{90}$	$\text{N}_{180}\text{P}_{120}$	$\text{N}_{240}\text{P}_{180}$
Янтарь	150	27,1	35,6	52,4	49,8	45,7
	200	29,7	37,2	62,3	54,1	53,4
	250	32,5	41,8	77,9	65,4	61,5
	300	33,4	42,6	73,3	63,0	59,7
КазЕр-6	150	29,7	37,9	58,2	52,3	50,1
	200	33,3	42,5	79,5	59,6	53,7
	250	35,5	43,0	72,4	68,7	52,8
	300	36,8	45,3	65,8	61,2	50,3

Кестеде көрсетілгендей, ресейлік Янтарь сортының ең жоғары өнімі (77,9 ц/га) тұқым себу нормасы 250 кг/га болғанда, тыңайтқыш $N_{120}P_{90}$ кг/га мөлшерінде енгізілгенде тіркелсе, отандық КазЕр-6 сортының жоғары өнімділігі тұқым себу нормасы 200 кг/га болғанда, тыңайтқыш $N_{120}P_{90}$ кг/га енгізілгенде алынды. Отандық күріш сортының 200 кг/га (6 млн. өңгіш дән) тұқым себу нормасында жоғары өнімділік көрсетуі (79,5 ц/га), оның жергілікті табиғи-климаттық жағдайға бейімділігімен, тұзды топырақта тұқым шығымдылығының жоғары көрсеткішімен түсіндіріледі.

Зерттеулер нәтижесінде жергілікті селекция сортын күріш шаруашылығында пайдалану, бір гектарға себілетін тұқым нормасын 20 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік беретіні айқындалды.

Әдебиеттер:

1. Алешин Е.П., Алешин Н.Е. Рис.-Краснодар, 1997.-504 с.; 25 см.— Библиогр.: с. 502-503. — Предм. указ.: с. 405-408. — 30000 экз. — ISBN 5-93208-043-4 (в пер.).

2. Бәкірұлы Қ., Аймұхамбетов Ө., Оңдашев Р. Арал өңірі, жағдайында Ресей селекциясы сорттарының экологиялық сортсынау нәтижелері. Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Научно-инновационные основы развития рисоводства в Казахстане и странах зарубежья» посвященная 80-летию со дня организации КазНИИ рисоводства им. И. Жахаева. Кызылорда: Изд «Ақмешіт баспа үйі», -2012.-С.66-69.

3. Жайлыбай К.Н., Таутенов И.А., Сатыбалдиева Г.И. Агроэкологиялық факторлардың фотосинтетикалық қызметі мен дән өнімінің қалыптасуына әсері.// Жаршы. -2002. -№1. -30-35 бб.

4. Таутенов И.А. Коэффициент использования азота удобрений растениями риса.// Вестник КГУ. -Кызылорда, 2001. -№1(9). -С.26-28.

5. Умирзаков С.И. Инновационный путь развития рисоводства Казахстана: проблемы и перспективы. /Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Научно-инновационные основы развития рисоводства в Казахстане и странах зарубежья» посвященная 80-летию со дня организации КазНИИ рисоводства им. И. Жахаева. -Кызылорда: Изд «Ақмешіт баспа үйі», 2012.-С.17-20.

ӨОЖ 665.775

БИТУМИНОЗДЫҚ ЖЫНЫСТАРДЫҢ НЕГІЗІНДЕГІ ГИДРОИЗОЛЯЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

М.И.БАЛЬЗАННИКОВ, техника ғылымдарының докторы, профессор,
Самара мемлекеттік техникалық университеті, Ресей Федерациясы,
А.Ә.ШОМАНТАЕВ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,
У.Б.АБДИКЕРОВА, PhD докторант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Каналдардан судың сүзгіленуімен күрес канал қимасының периметрімен су өткізбейтін қабат тұзу жолымен жүргізіледі. Бұл қабат каналдың түбі мен еңіс жақтарын басқа материалмен жабынды жасау арқылы түзіледі. Жабынды конструкциясына байланысты сүзгіленуімен күресу үшін ғана емес, сондай ақ ағыс жолының су ағынымен, тасқындық және мұз әсерлерінен шайылып кетіп, кедір-бұдырлықтың азаюынан қорғау үшін де қызмет етеді.

Каналдардан сүзгіленумен күресудің көптеген техникалық әдістері бар. Дегенмен, олардың ішінен тек осы сәтте оларға қойылатын негізгі талаптарды қанағаттандыра алатындары ғана практикада қолданылуы мүмкін. Бұл талаптар келесілер: қолданылатын әдістер каналдардағы шығындарды 2-3 еседен кем емес азайтуға мүмкіндік беруі қажет; құрылғының қаптама экранның материалдары мейлінше жергілікті болуы керек. Сонымен қатар, олар кең көлемде пайдалану үшін қолжетімді, су ағынының, температуралық фактордың және тұздардың әсеріне төзімділігімен беріктігінің қажетті дәрежесіне ие болуы қажет.

Қолданылатын әдістер техникалық тұрғыда күрделі емес және кең көлемде қарапайым механикаландырылған болуы қажет.

Сүзгіленуге қарсы жабындар сазды және топырақ экрандармен, полимер материалды экранмен, бетондық, темірбетондық, асфальтбетондық және битум жабындармен жасалады.

Кілт сөздер: гидротехникалық құрылыс, мұнайбитум, гидроизоляция, бетон жабындылар, аязғатөзімділік.

Аннотация

Борьба с фильтрацией воды из каналов ведется путем образования водонепроницаемого слоя по периметру сечения канала. Этот слой устраивается покрытием дна и откосов канала облицовкой из инородного материала. Облицовки в зависимости от конструкции служат не только для борьбы с фильтрацией, но и для защиты русла от размыва потоком воды, волновыми и ледовыми воздействиями, уменьшения шероховатости.

Существует много технических возможных способов борьбы с фильтрацией из каналов. Однако практическое применение могут получить только те из них, которые будут удовлетворять основным требованиям, предъявляемым к ним в данный момент. Эти требования следующие:

применяемые способы должны дать возможность уменьшить потери в каналах не менее чем в 2-3 раза, материалы для устройства одежд и экранов должны быть преимущественно местными, доступные для использования в широких масштабах, обладающие необходимой степенью прочности и устойчивостью при воздействии потока воды, температурного фактора и солей, применяемые способы должны быть технически не сложными и допускающую простейшую механизацию в широких масштабах.

Противофильтрационные покрытия устраиваются из глинистых и грунтовых экранов, экранов из полимерных материалов, бетонных и железобетонных, асфальтобетонных и битумных облицовок.

Ключевые слова: гидротехническое строительство, нефтебитум, гидроизоляция, бетонные облицовки, морозостойкость.

Annotation

Fight with the filtration of water from the channels is carried by forming a waterproof layer on the channel section perimeter. This layer is arranged by the bottom of channel and slopes covered lining of the foreign material. Lining according to the construction are not only to deal with filtration, but also to protect the bed of the stream of water erosion, wave and ice impacts, reduce roughness.

There are a lot of technical potential ways of dealing with filtering from the channels. However, practical applications can only get those that will meet the basic requirements to them at the moment. They requirements are following: applied methods should enable to reduce losses in the channels in at least 2-3 times, materials for clothes and Screen devices must be predominantly local, available for use on a large scale, have the necessary degree of strength and stability when exposed to water flow and the temperature factor

salts, methods used must be technically easy and allows for simple mechanization on a large scale.

Membrane is arranged by clay and ground barriers, polymeric materials screen, Plain and reinforced concrete, asphalt and bitumen linings.

Key words: hydraulic engineering, petroleum bitumen, waterproofing, concrete lining, cold-resistance.

Суландыру жүйелерін жобалаудың, құрылысын салу мен реконструкциялаудың негізі міндеттерінің бірі олардың жерді пайдалану және пайдалы және пайдалы әсер коэффициенттерін жоғарылату, тұщы су жетімсіздігі жоғарылатып жатқан жағдайда негізгі тұтынушысы болып табылатын суландыру жерлерінде су ресурстарын тиімді тарату мен үнемдеп жұмсау болып табылады. Суды неғұрлым үнемді жұмсау мен шығынды азайту мақсатында суды жабындыланған каналдармен және жабық жүйелерге беруге батыл көшу қажет.

Каналдардан сүзгіленумен күресудің көптеген техникалық әдістері бар. Дегенмен, олардың ішінен тек осы сәтте оларға қойылатын негізгі талаптарды қанағаттандыра алғандары, яғни каналдардағы судың шығынын 2-3 еседен кем емес азайту, жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен қолдану және бүкіл құрылыстық процесті толықтай механикаландыратындары ғана практикада қолданысқа ие болады.

Ирригациялық құрылыс тәжірибесінен белгілі, судың сүзгіленуінен, буланумен бос ағындардан болатын шығындар салдарынан су каналының басынан алынатын судың 50% артық емес мөлшері ғана тұтынушыға жетеді. Бұл каналдың құнын недәуір жоғарылатады, оның өткізу қабілетін ұлғайтуды, қосымша жер қазу жұмыстарының көлемін орындауға әкеп соғатын бастау бөлігінен қимасын жобалауға, қажетті жер ауданын ұлғайтуға әкеп соғады. Сонымен қатар, каналға жақын аумақтағы топырақтың қанығуы дамбалардың сыртқы жиектерінің төзімділігінің жойылуына әкеп соғуы мүмкін, ал посад топырақта гидрогимараттардың отыруына және олардың күйреуіне әкеп соғуы мүмкін.

Каналдарға жақын аумақтарды су басуы халық шаруашылығына недәуір шығын әкеледі. Сүзгілеуге қарсы жабындар болмаған жағдайда недәуір су кетуден жер асты суының деңгейі тез көтерілуіне әкеп соғады. Деңгей көтерілген кезде судың булануы мен топырақ қабатының тұздануы болады. Жерді шаю судың үлкен шығынын қажет етеді. Бұл құбылыспен күресудің негізгі шарасы-сүзгіленуге қарсы жабындар қою.

Климаттық жағдайлар мен каналдағы су қабатының ауданына байланысты болатын булануға кететін шығын мардымсыз (0,3-0,8 м жылына). Сонымен қатар, олар каналға жақын аумаққа сүзгілену шығыны сияқты әсер етпейді. Сүзгіленуге қарсы жабындардың қатты типтері каналдың көлденең қимасын тарылтуға мүмкіндік береді.

Қатты жабындарды қолдану кіші және орташа каналдардың көбею мәселесін жойып жібермейді, бірақ олар үлкен жылдамдықты ағысты тасымалдауға мүмкіндік береді, ал бұл өсімдіктердің өсуін қиындатады.

Осылайша сүзгіленуге кететін шығынды азайту және каналдың пайдалы әсер коэффициентін (ПӘК) жоғарлату үшін, каналға жақын аймақтардың суға кетуі мен тұздануын болдырмау үшін каналдарды жобалау кезінде сүзгіленуге қарсы шаралар қарастырылады [4].

Қазіргі кезде судың сүзгіленуін азайту үшін кеңінен қолжетімді болатын және салыстырмалы арзан материалдар жоқтың қасы. Жоғары сүзгіленуге қарсы көрсеткіштерге ие болатын бетон және темірбетонды жабындар әліде болса қымбат. Гидротехникалық құрылыс саласындағы перспективалы гидроизоляциялық материалдардың бірі болып гидротехникалық асфальтбетон (ГТА) табылады. Ол бетон жайындармен салыстырғанда бір қатар жетістіктерге ие және құрылыстың өзіндік құнын недәуір төмендетеді.

Қолданыстағы асфальтбетондық жабындар, әдетте мұнай битумдар негізінде дайындалады. Ал оған деген тапшылық жылдан жылға өсуде.

Бұл өз кезегінде, су шаруашылық құрылыстарының практикасына гидроизоляциялық материалдарды кеңінен енгізуге келтіруші салмақты себептердің бірі болып табылады.

Сондықтан актуалды міндеттердің бірі әртүрлі гидроизоляциялық материалдар алу үшін қолданыла алатын жаңа органикалық байланыстырғыштарды іздестіру болып табылады. Көзқарас тұрғысынан, органикалық бөлігі өз қасиеттері бойынша мұнай битумға жақын болатын мұнайбитуминоздық жыныстар (МБЖ) органикалық байланыстырғыштардың перспективалық көздерінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан аумағында геологиялық түсірулер өндірісінде 100 ден аса мұнайбитуминоздық жыныстардың білінуі анықталған. Жыныстағы табиғи битумның мөлшері 5 тен 25%-ға дейін өзгереді.

Мұнай битуминозды жыныстар арзан табиғи шикізат болып саналады және оларды гидротехникалық асфальтбетон алу үшін органикалық байланыстырғыш ретінде пайдалану, сушаруашылық объектілерінде оларды судың сүзгіленуін азайту үшін қолдану едәуір перспективалық және өзекті бағыт болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: жабынның гидротехникалық қасиеттерін зерттеу, шайылуға және жарыққа, төзімділікке инженерлік есептеу жүргізу үшін реологиялық сипаттамаларын анықтау. Суландыру каналдарында судың сүзгіленуін азайту үшін битум жынысты және атактикалық пропиленді жетілдіру жолымен МБЖ негізінде алынған ГТА қолданудың экономикалық үнемділігін негіздеу [1].

Асфальтбетонның маңызды қасиеттерінің бірі суөткізеушілік болып табылады. Асфальт жабынның суды сүзгілеу қабілетінен көбінесе жабынның өзімен төменгі қабаттың жұмыс жағдайы байланысты болады. Осы зерттеудің мақсаты-асфальтбетонның суөткізбеушілігінің сапалы ғана емес, сондай-ақ мөлшерлі бағасын беру, суөткізбеушілікке кейбір құрылымдық жүзуші компоненттердің су өткізбеушілікке әсерін анықтау және және осы материалдың сүзгілеу қабілетін реттеу жолдарын табу. Қойылған міндеттерді шешу:

1. Кеуектілігі асфальтбетонның кеуектілігінен төмен тығыз негіздегі асфальтбетондық жабынның суөткізбеушілігін қамтамасыз етуге;

2. Асфальтбетондық жабын арқылы кеуекті негізге келетін судың мөлшерін анықтауға;

3. Сүзгілеуге қарсы қаптама құрастыру кезінде асфальтбетонның сүзгілеу қабілетін ескеруге мүмкіндік береді.

Кеуекті денелерде ылғалды сүзгілеуге қарсылығын қарастырған кезде Дарси заңы тек ламинарлық режимге ғана тән. Сондықтан асфальтбетон арқылы өтетін судың қандай режиммен қозғалатынын және сызықтың сақталатындығын анықтау қажет болады.


Осы мақсатта жұмыста су шығыны мен асфальтбетон арқылы сүзгіленетін ағын градиенті арасындағы тәуелділік анықталады (1-сурет)

$$R_e = \frac{10 \cdot \rho \cdot V_{\phi} \sqrt{K}}{m^{2,3} \cdot \mu} \quad (1)$$

мұндағы ρ – сұйықтық тығыздығы; V_{ϕ} – сүзгілеу жылдамдығы; K – өтімділік коэффициенті; m – кеуектілік коэффициенті; μ – сұйықтық тұтқырлығы.

Кризистік диапазонда бұл формула үшін 1-12 тең болатын Рейнольдс саны құрамның қалдық кеуектілігі мен асфальтбетон түріне байланысты 0,0005-0,08 аралығында өзгереді.

1-суретте көрсетілгендей ағын шығыны мен градиенті арасындағы тәуелділік суықтық сипатқа ие. Осы заңға сәйкес кеуек денелердің суөткізгіштігі сүзгілену коэффициентімен сипатталады.



Сурет 1- Сүзгілену шығынының ағын градиентіне тәуелділігі

Сүзгілену коэффициенті асфальтбетон сапасын бағалаудың неғұрлым маңызды, яғни оның сүзгіленуге қарсы қабілетін дәл сипаттаушы критеріі болып табылады [1].

Топырақ арқылы сүзгіленудің ламинарлық жылдамдығы үшін Дарси формуласы келесідей түрге ие болады:

$$V_{\phi} = K_{\phi} \cdot I \quad (2)$$

мұндағы: V_{ϕ} – сүзгілеу жылдамдығы; K_{ϕ} - сүзгілену коэффициенті; $I = \frac{H}{l}$ – гидравликалық еңіс; $H = \frac{P}{\gamma}$ – қабат қалыңдығынан ағынның шығындалуы; P - қысымның өзгерісі; γ - сұйықтың меншікті салмағы.

Осы шамаларды Дарси формуласына қойып, анықтай отыра, алатынымыз:

$$K_{\phi} = \frac{V_{\phi} \cdot \gamma \cdot l}{P} \quad (3)$$

